

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Ш.ЕСЕНОВ АТЫНДАҒЫ КАСПИЙ МЕМЛЕКЕТТІК ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ
ИНЖИНИРИНГ УНИВЕРСИТЕТІ
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ИНСТИТУТЫ**

ЕДІЛХАНОВА С.А.

**XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДА ҚАЗАҚСТАН ҒЫЛЫМЫ МЕН
МӘДЕНИЕТІНІҢ ДАМУЫ
(ОҚУ ҚҰРАЛЫ)**

Ақтау-2011 жыл

ӘОЖ 001+008(075.8)

КБЖ 70/79я 73

Ж66

Пікір жазғандар: Озғанбаев О.Ө п.ғ.д., профессор
Демеуова А.А.тар.ғ.д., профессор
Бекешов С.С., тар.ғ.к., доцент

Еділханова С.А.

Ж66 XX ғасырдың басында Қазақстанның ғылымы мен мәдениетінің дамуы: оқу құралы /Құрастырған- тарих ғылымдарының кандидаты, доцент С.А.Еділханова,-Ақтау, 2011 - 63 бет.

ISBN 978-601-7276-67-6

Оқу құралында XX ғасырдың басында Қазақстандағы ғылым мен мәдениетінің даму тарихы қарастырылады. Ұлттық интеллигенцияның ғылым мен мәдениетке қосқан үлесі жөнінде айтылады. Оқу құралы тарих мамандығы бойынша жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған.

ӘОЖ 001+008(075.8)
КБЖ 70/79я 73

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университетінің Оқу-әдістемелік кеңесінің шешімі бойынша баспаға ұсынылған.

ISBN 978-601-7276-67-6

© Ш. Есенов атындағы КМТЖИУ,2011

КІРІСПЕ.

Қазіргі таңда мемлекетіміз тәуелсіздік алып, әлемдік үрдістегі беделі мен саяси ролін арттырып отырған шақта, тәуелсіздік жолында бар өмірін сарп еткен ХХ ғасырдың басындағы шоқ жұлдыздай ұлт зиялыларының тарих сахнасынан алтын орны ерекше. Солардың ішінде халқымыздың көзін ашып, оларды еш нәрседен кенде қылмай, сол үшін аянбай қажыр-қайратын, саналы өмірін жұмсап, қайтсем халқыма пайдам тиеді деген шоқтығы биік азаматтар, «қалың елім қазағым, қайран жұртым» деп ұлы Абай айтқандай өз заманының қайраткерлері – осы қазақ зиялылары.

ХХ ғасырдың басындағы алдыңғы қатарлы қазақ зиялылары өздерінің саяси қызметінде ұлттық, сондай-ақ жалпы азаматтық құндылықтарды қорғауды басты мақсат деп білді. Олар өз халқына тәуелсіздік және отаршылдық құлдықтан азаттық алу жолындағы күресінде көмектесуге ұмтылды, әрбір адамның және әрбір халықтың жеке өз бостандығына құқығы мен бүкіл адамзат мәдениетінің жетістіктері мен табыстарына еркін қол жеткізуі сияқты жалпыадамзаттық қазыналар үшін күресті. Қазақ зиялылары 1905 жылдан бастап осы мақсатта дала өңірінде қызу қызмет жүргізді.

ХХ ғасырдың басындағы қазақ зиялылары дәрігерлер, саясатшылар, судьялар, ақын-жазушылар болатын, бұл кезең қазақтың жан-жақты білімді азаматтары - Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов және басқалардың қалыптасуымен ерекшеленді. М.Тынышбаев, Ә.Ермеков, Х.Досмұхамедов және басқа Алаш азаматтары ғылыми зерттеулермен айналысты.

Қазақстан ғылымының қаулап дамуы кеңес өкіметі жылдарында болғанын теріске шығаруға болмайды, бірақ оның іргетасы нақ ХХ ғасырдың басында қазақ зиялыларының талантты жас өкілдері қалаған еді.

Тарихи тәжірибеге қарасақ, күрт әлеуметтік өзгерістер кезеңдерінде зиялылар әрқашанда едәуір белсенділігімен, дербес бастамашылығымен, ерекшеленіп отырды. Әлеуметтік, интеллектуалдық және адамгершілік сезімдегі зиялылар қоғамдағы жеке адамның жағдайы туралы, оның санаға қатысы туралы мәселені көтерді.

ХХ ғасырдың 20-30 жылдарындағы Қазақстан тарихының «ақтаңдақ» беттерінің бірі – идеялық күреске байланысты мәселелер. ХХ ғасырдың басындағы шоқ жұлдыздай ұлт зиялыларының пікірін, олардың ел бостандығы мен еркіндігі жолындағы күресі барысында жазылған еңбектерінің маңызын талдау өте өзекті мәселе. Өйткені мемлекетіміздің егемендігі ұлт зиялыларының еңбектерінде боямасыз айтылған тәуелсіздік идеяларымен астасып жатыр. Қарастырып отырған мәселе аясында қалам тартқан зерттеушілер қатары жоқтың қасы. Жекелеген ғалымдардың зерттеулерінде ұлт зиялыларының ел үшін атқарған еңбектері, жазып қалдырған естеліктері хақында жүйелі айтып өтіледі.

Қазақтың ұлттық зиялыларының өкілдері Ә.Бөкейханов, М.Дулатов, А.Байтұрсынов және басқалары өз еңбектерінде Кіші және Орта жүздің сұлтандарының Ресейге бодан болуды қалауға мәжбүр болғанын айтады. Ә. Бөкейханов өзінің «Исторические судьбы Киргизского края и культурные его

успехи» еңбегінде «қырғыздар өздерінің орыс өкіметіне тәуелсіздігін мойындай сала бұл жағдайға толық көндігіп кете алмады, өз тәуелсіздігін қайта қалпына келтіруге ұмтылды, бірақ бұл әрекеттер сәтсіздікпен аяқталды» деп көрсетеді.

М.Дулатовтың, Ә.Бөкейхановтың еңбектерінде патша үкіметінің отарлау саясатының жүргізілуі мен зардаптары туралы мәселелер төтесінен қойылады. Авторлар жер мәселесінің әділетсіз шешілуіне қарсы шығады. Бұл мәселе бастапқы кезде «сақтықпен» көшпенді халықты қыспаққа алмай шешілсе, бара-бара қазақтың мүддесіне дөрекілікпен қысым көрсетіледі. Орыс шенеуніктерінің «өркениетті миссиясы» сынға алынып, «Өлкені басып алғаннан кейін орыстар мәдени жұмыстар атқаруға бара алмады, өйткені бастапқы кезде жаулап алу тек қана баю мақсатында жүргізілді, алғашы жаулаушылар мәдени роль атқаруға мүлдем дайын емес болатын» делінді.

Авторлардың шығармашылық мұралары олардың ой-өрісінің кең екенін және Қазақстанның Ресейге қосылуын басқаша тұрғыдан бағалайтынын көрсетті. Бұл еңбектер қазақтарды отарлаудың зақымдары мен зардаптары көзге ұрып тұрған кезде жазылған.

Қазақ зиялыларының қызметіне біржақты баға беуге қарсылық ретінде Н.Нұрмақовтың мақаласы шықты. Н.Нұрмақов коммунистер туралы: «Орынсыз төңкерісшіл бола қалу, «ағаш атқа» мініп алып, «реті келсе қазақ халқын төңкеріс үшін құрбан шалуға да болады» деген төңкеріс жолына қарсы келетін айқайға да салынды» - деген пікірін білдірді. Ол «ұлтшылдықтың» шығуы жөнінде: «мансап құғандармен алысып, отаршылдармен күесіп жүрген қазақ зиялыларының көбі партияның негізгі пікірін ұмытып, бәлкі «ұлтшылдық» ауруына ұшырады» - деп жазды. Оған қоса автор қазақ зиялыларының білімге, мәдениетке қосқан үлесін қарастырады.

1926 жылғы қараша пленумы қарарларын орындауға белсенді кіріскен Ғ.Тоғжанов өз мақаласында қазақтың ұлттық зиялылары С.Сәдуақасов, Ж.Мыңбаевтардың аттарына қара күйе жағуда алдыңғы қатардағылардың бірі болды. Ол: «III пленумды өзінше бұрмалап жүргендер көбінесе Смағұл, Жалаулар» – деді. Осы бағытта Б.Бермағанбетұлының, Қ.Жүсіпбекұлының, О.Исаұлының, М.Қайыпназарұлының мақалалары жарық көрді.

Ғ.Тоғжанұлының сынына жауап ретінде С.Сәдуақасұлының мақаласы баспасөзде жарияланды.

1937-1938 жылдардағы зиялыларға қарсы жүргізілген жаппай жазалау саясатына және әкімшіл-әміршіл жүйенің орнығуына байланысты олардың көбісінің есімін ауызға алудың өзі мүмкін болмады.

1938 жылы 28 маусымда қазақ және орыс тілдеріндегі 97 кітап пен кітапшаны таралымнан қайтарып алу, оларға тиым салу жөніндегі қаулы қабылданды. Олардың ішінде С.Аспендияров, І.Жансүгіров, Т.Түргенов, Б.Майлин, С.Сейфуллин және т.б. еңбектері болды.

80-жылдардың соңына дейін 20-30 жылдардағы ұлттық зиялылардың қоғамдық-саяси қызметіне арналған арнайы зерттеу объектісі есебінде жазылған еңбек жоқтың қасы.

Белгілі жазушы С.Мұқановтың естеліктерінде зиялыларымызға қатысты құнды деректер бар, алайда, ол да коммунистік идеяларға қарсы келмей, оларды

«оңшыл», «ұлтшыл» деп айыптайды. 80-жылдардың ортасында Қазақстанда жарық көрген ғылыми еңбектерде зиялыларымызға объективті баға берілмейді.

Тіпті 80-жылдардың соңында жазылған В.К.Григорьев, Н.Р.Жағырапов зерттеулерінде ұлт зиялыларының 20-30 жылдардағы қызметіне баға беруде сталиндік тұжырым тұтқынынан арылмаған. Философ М.С.Бурабаевтің монографиялық еңбегінде қазақ зиялыларының қоғамдық-саяси көзқарасын зерттеуде тың пікірлер айтылады. Өкінішке орай бұл еңбекте де тоталитаризм жүйесінің лебі байқалады.

Қазақтың ұлттық зиялыларының 20-30 жылдардағы қоғамдық-саяси қызметін, ұлт азаттық күресті зерттеудегі жаңа кезең бүкіл Кеңестер одағын қамтыған қайта құру процесіне орай, 80-жылдардың соңына қарай басталады. Түрлі басылымдарда ұлт зиялыларының қызметі мен саяси көзқарасын талдауға арналған еңбектер жарық көреді. Бұлар әкімшіл-әміршіл жүйе тұсындағы жазылған «монографиялық» еңбектерде де жоғары тұратынын атап өткен жөн.

1920-1930 жылдардағы Қазақстанның әлеуметтік экономикалық жағдай мен жүріп өткен жолымызды ешқандай бұрмалаусыз, тура қорытуға мүмкіндік беретін М.Шоқайұлының артынан қалдырған рухани мұрасының маңызы зор. 1991 жылы қаңтар айында шыққан «Қазақстан коммунисті» журналында тарих ғылымдарының докторы Г.Козловтың «Қазақстан компартиясының тарихын жаңаша пайымдасақ» деген мақаласы шықты.

2001 жылғы «Қазақстан коммунисті» журналының №3 санында белгілі ғалым, профессор М.Қойгелдиев «Ұлтшылдық бағытын ұсынған кімдер?» деген мақаласында «...сол кезде советтік мекемелерде қызметте боған Т.Рұсқылов, С.Сәдуақасовтар сияқты ұлттық интеллигенцияның келесі буынының да жеңіл түрде тағы да сол «буржуазиялық ұлтшылдардың» ізбасарлары есебінде жариялаған.

Қазақ зиялылары жөнінде зерттеуді жоғары деңгейде белгілі бір дәрежеге көтерген М.Қ.Қойгелдиев пен Т.О.Омарбековтың еңбектерінің орны ерекше.

Зиялыларымыздың құнды еңбектері 60-70 жылдай оқырман қауымнан жасырынып келді. 1980 жылдардың екінші жартысынан бастап қана олардың 20-30жылдардағы қоғамдық-саяси, әлеуметтік жағдайы, осы жылдардың тарихына қатысты шексіз құндылыққа ие жәдігерлері жайлы зерттеу мақалалар мен жекелеген еңбектер Қазақстан баспалары мен баспасөздерінде жариялана бастады.

XX ғасырдың бас кезінде қазақ қоғамында қанат жайған демократиялық қозғалыстың, елдің елдігі, еркіндігі, мәдени өркендеуі үшін күрескен А.Байтұрсынұлы, Ә.Бөкейханов, М.Дулатов, Х.Досмұхамедұлы, М.Шоқайдың еңбектері кітап болып басылып шығып, халқымен қайта қауышты.

1 ТАРАУ. XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ.

1.1 XX ғасырдың басындағы қазақ халқының рухани өміріндегі өзгерістер.

XX ғасырдың басында Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуында болған өзгірістер қазақ халқының рухани өміріне терең әсер етті. Саяси, экономикалық эспансиямен қоса, құлдыққа салушылардың мәдениеті күштеп таныла бастады. Патша өкіметінің кертартпа саясаты халыққа білім беру саласынан мейлінше айқын аңғарылды. Отаршыл билік қазақ халқының мүдделері мен құқықтарын елемей. Оның рухани өмірін тежеді.

Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық және саяси өмірінде қарастырылып отырған кезеңде орын алған осы құбылыстар қазақ қоғамының қоғамдық санасындағы елеулі өзгерістерге әкеп соқтырды. Мұндай елеулі өзгерістер ұлттық сана-сезімді оятуға жағдай жасады, қазақ қоғамында жаңа идеялардың, ой-пікірлер мен көзқарастардың қалыптасуын анықтап берді. Мәдениет тұрысынан алғанда, дәуірдің жаңалықтары ең алдымен еуропалық өркениетті. Жаңа құндылықтарды бастапқыда әлеуметтік үстем тап өкілдерінің, адамдардың шағын тобының меңгеуі орын алғанынан көрінді.

Ұлттық зиялылардың қалыптасу жолы бірдей болған жоқ, күрделі және ұзаққа созылған үрдіс болды. Бұл жағдайдың халық шаруашылығында да. Мәдениетте де мамандар санының өсуінен көрінгені күмәнсіз. Оның барысын отаршылдық режим жағдайлары, патша өкіметінің бағындырылған халық жөніндегі кемсітушілік саясаты тежеп отырды. Дегенмен XIX ғасырдың аяғы XX басы халықтың интеллектуалдық күштері дамуындағы жаңа кезең болып табылады.

Революциға дейін Қазақстанда мұсылман мектептері мен медреселерде, не «орыс-қазақ», «бұратаналық», ауылдық мектептерде оқып, бастауыш білім алуға болатын еді. Мұсылман мектептері мен медреселері байырғы ұлттардың балаларына білім және тәрбие берудің негізгі, ал Ресейдің отарлауы басталғанға дейін бірде-бір буындары болды. Бұл мектептер мен медреселердің басты мақсаты діни білім беру болғанымен, олардың оқу бағдарламаларында зайырлы пәндердің де елеулі орын алғанын атап өткен жөн. Оқыту және тәрбиелеу әдістерінің қаншалықты жетілдірілмегеніне қарамастан, бұл мектептер мен медреселер мешіттің ғана емес, сонымен қатар қоғам мен мемлекеттің де мүдделеріне қызмет етті.

Медреселердің оқу бағдарламаларына пәндердің мынадай топтамалары енгізілді: 1) араб тілін, грамматика, морфология, синтаксис, этимология, араб риторикасы, араб тарихы, Құран оқу туралы ғылым және ғылыми-мәдени пікірсайыстар; 2) дін ілімі мен заңтану-Құранның мазмұны мен маңызы, құқық, діни ережелер, мұраны бөлу тәртібі туралы ілім, заңтану негіздері;

3) философия, логика, математика, география, астрономия, химия және жаратылыстану ғылымдары.

Отарлау кезеңінде, әсіресе XIX ғасырдың аяғы-XX ғасырдың басында өкімет орындары мұсылман мектептерінің өміріне араласпау туралы сөз жүзінде мәлімдей отырып, орыс-бұратана ұлттар мектептері желісін кеңейту

және басқа да шаралар арқылы медреселерде оқитын балалар санын азайтуға қол жеткізді. Патша үкіметі жаңа әдіспен оқытатын мұсылман мектептерінің қызметін бейтараптандыру жөнінде белсенді шаралар қолданды, олар қазақ халқының арасында исламшылдық және түрікшілдік идеяларды тарату жөніндегі қамалдар деп қарастырылды [1].

Діни мектеп ретінде, мұсылман оқу орындары діни мекемелерге ғана бағынышты болуға тиіс еді, сондықтан да мұсылман мектептерінің ықпалын шектеп, оларды азаматтық мектептермен қосуға наразылық білдірілді. Алайда бұған қарамастан 1874 жылы Қазақстанның мұсылман мектептері Халық ағарту министрлігіне тікелей бағындырылды. Империялық үкімет мұнымен тоқталмай, 1876 жылы мұсылман мектептеріне орыс сыныптарын енгізу арқылы орыстандыру жөнінде тағы бір ірі қадам жасады.

Халық ағарту министрлігінің ресми мандатын алған орыс әкімшілігі мұсылман мектептерінің жанынан орыс сыныптарын ашуға белсене кірісті, мұның өзі мұсылман мектептері жанындағы орыс сыныптары орыс мемлекетінің үстемдігін орнықтыруға қажет деп санаған отаршылық әкімшіліктің қалың тобына қатты ұнады. «Көшпелі болса да, мұсылман болса да, қазақ орыс тілін білуге тиіс, өйткені бұл- Мемлекеттік тіл, үкіметтік және сот орындарында іс сол тілде жүргізіледі».

Мұсылман оқу орындарына қатаң талаптар қойылды, олардың бұзылуын отаршылдық әкімшілік үнемі қудалап отырды. Бірақ бұған қарамастан, Қазақстан аумағында мектептер мен медреселер саны үздіксіз өсе берді, өйткені оқуға тілек білдірушілер саны барған сайын арта түсті.

Дәстүрлі мектептердегі оқуды бітіргеннен кейін қазақтар өз балаларын шәкірттерді жаңа әдіспен оқытатын Уфадағы «Ғалия», Орынбордағы «Хусаиния», Троицкідегі «Расулия», «Уазифа» сияқты ірі медреселерге оқуын жалғастыруға жіберетін.

Басқалармен салыстырғанда, «Ғалия» медресесінде мына пәндер: шығыс тілдері, логика, философия, тарих, математика, география, орыс тілі, адам физиологиясы оқытылатын. Бұл медресенің қабырғасында 300–ден астам қазақ баласы білім алды. Олардың арасында қазақтың белгілі зиялылары, жазушылары Б.Майлин, М.Жұмабаев, педагог-ақын Т.Жомартбаев, М.Оразаев, Н.Манаев және басқалары болды.

Медресенің тәрбиеленушілері озық демократиялық идеялардың ықпалына түсті. Олар ескі оқыту әдістеріне, артта қалушылық пен надандыққа қарсы шықты. Шәкірттер арасында ұлтты түлету, өз елінің тарихын, әдебиеті мен тілін оқып үйрену, зерттеу идеялары кең таралды. «Ғалия» медресесінің қазақ шәкірттері жастарды әдебиетке тарту мақсатымен 1916 жылдан қолжазба «Садақ» журналын шығарып тұрды. «Садақ» журналы апта сайын шығарылды, оның редакторы сол жылдары медреседе оқып жүрген Б.Майлин мен Ж.Тілеппергенов болатын. «Садақ» журналы елді жаңғыртуды қазақ әдеби тілін дамыту, ұлттық әліппиді қалыптастыру, ана тілінде оқулықтар шығару проблемасымен ұштастырды.

Елдің көзін ашып, рухани түлеуге үндеген озық ойлы жас зиялы азаматтардың соңына түскен полициялық бақылаудың құпия хабарында былай

деп жазылған: «Олар қазақ тілінде теріс бағытта шығарылған, Уфада басылған кітапшаларды әкеліп, халық арасында таратады. Кітапшалар арасынан: «Оян қазақ!», «Тұр, қазақ!» және «Маса» мысалдар жинағы мәлім, аталған басылымдарда қазақтардың құқықсыз ауыр жағдайы туралы айтылады, аграрлық мәселелер қозғалып, қазақтардың пайдалануындағы жер мөлшерінің тарлығы көрсетіледі».

Практикалық қызмет нәтижесінде «Ғалия» медресесінің шәкірттері қазақ балаларына арнап «Әліппе немесе жеңілдетілген оқыту» құралын шығарды. М.Дулатов Отандастарын, білімді және дәулетті адамдарды өзі өмір сүрген уақыт ішінде көптеген қазақ жастарына білім берген «Ғалия» медресесіне материалдық көмек көрсетуге шақырды.

«Хусания» медресесінің қазақ шәкірттері оқушылардың қатысуымен «Қазақ тілін үйрену жөніндегі қоғам» құрды, оның мақсаты қазақ әдебиеті мұрларын басып шығару, қазақ тілінде мектептерге арналған оқулықтар мен кітаптар құрастыру, болашақта қазақ тілінде газеттер шығаруға жәрдемдесу болатын. Патша үкіметі мұндай оқу орындарын орыс мемлекетінің жауы деп бағалады және олардың түркі тілдес халықтарға ықпалын шектеуге бар күшін салып ұмтылды.

Патша үкіметі қазақ халқы арасында оқу-ағарту ісін бастауыш білім берумен, яғни орыс тілін және арифметиканын жай амалдарын үйретумен шектеу жеткілікті деп санады, ал орта білім беруге, оның үстіне жоғарғы білім беруге ол мүдделі болмады. Отаршыл өкімет орындары бастауыш мектептерді әсте де қазақтардың толық және жан-жақты білім алуы үшін емес, болыс басқарушылары жанында тілмаш, сұлтандардың іс жүргізушілері және т.б болып жұмыс істеуге жарарлықтай аздаған білім беру үшін ғана ашты. Орыс әкімшілігінің қазақ балаларын бастауыш оқу орындарына тарту ниетін осымен түсіндіруге болады. Патша үкіметі қазақ халқы арасынан сенімді тірек жасауға, әкімшілік аппарат үшін, сондай-ақ орыстандыру рухында ағартушылық қызмет атқаратын сенімді кадрлар даярлауға ұмтылды. Оқу бағдарламаларының мазмұны да қазақ халқының экономикалық және мәдени дамуы мүдделерін негізге алмай, отаршыл әкімшіліктің қажеттері мен талап тілектеріне бейімделді.

Орыс өкіметі орындарының мұндай кертартпа саясаты бүкіл отарлау кезеңінде Қазақстанда бірде-бір жоғарғы оқу орындарының ашылмауына әкеп соқты. Отаршыл әкімшіліктің қазақ балаларын орта және оның үстіне жоғарғы білім алуға жібермеу ниеті ұлттық сана сезімнің өсуінен, қазақ халқының отаршылдық режимге қарсы ұлт-азаттық қозғалысының өрлеуінен қорқу, сондай-ақ ұлт зиялыларының пайда болуына жол бермеушілік туғызған еді. [2]

Революцияға дейінгі Қазақстанда ұлттық орта оқу орындарының болмауы қазақтарды өз балаларын орыс оқу орындарына беруге мәжбүр етті, ал олардағы оқу үрдісінде орыс мәдениетінің басымдық берілетін және орыс тілі үстем ететін. Сонымен бірге революцияға дейінгі Қазақстанның көптеген прогресшіл қайраткерлерінің орыс оқу орындарында білім алғанын ұмытуға болмайды. Осы кезеңде жоғарғы медициналық білімі бар алғашқы қазақ дәрігерлері шықты. Олар негізінен Казан, Саратов, Томск, Мәскеу

университеттерінде, сондай-ақ Санкт-Петербургтің әскери-медицина академиясы мен университетінде білім алды. Мәселен, 1868-1913 жылдарда Казан университетінде медицина факультетін қазақтың 30 жас дәрігері бітіріп шықты.

Революцияға дейінгі Қазақстандағы оба ауруының тұңғыш маманы М.Шомбалов – 1899 жылы, Ә.Алдияров – 1904 жылы Казан университетінің медицина факультетін, Н.Имағанбетов Санкт-Петербург медицина академиясын 1911 жылы бітірді. Олар қазақ халқына медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыруда көп іс тындырды, сондай-ақ Қазақстанның қоғамдық өміріне белсенді араласты. Казан университеті ұлттық зиялылардың алғашқы кадрларын қалыптастыруда зор рөл атқарды.

Казан мал дәрігерлік институты қазақтар арасында алғашқы бітірушілер М.Ақтанов, Е.Құлпейісов, Ф.Иманбаевтар болды. Ә.Бөкейханов Санкт-Петербург Императорлық орман институтының 1894 жылы үздік бітіріп шықты. Ж.Ақбаев, Б.Қаратаев, С.Лапин, М.Шоқаевтар Санкт-Петербург университетінің заң факультетін бітірді. 1906 жылы Император І Александр атындағы Санкт-Петербург Жол қатынасы институтын М.Тынышпаев бітіріп шықты. Х.Досмұхамедов Санкт-Петербург Императорлық Әскери академиясын 1909 жылы бітірді. 1902 жылы С.Аманжолов Верный гимназиясын бітіргеннен кейін Казан университетінің заң факультетіне түсті. Верный гимназиясының басқа да түлектері: Т.Есенқұлов, Ж.Жақыпбаев, И.Жақсылықов Ресей империясының жоғарғы оқу орындарында оқуға мүмкіндік алды.

Ә.Ермеков Семей гимназиясын, содан соң Томск технологиялық институтын, Х.Ғаббасов Мәскеу университетінің физика-математика факультетін бітірген.

Сонымен Ресей оқу орындары революцияға дейінгі кездің өзінде – ХХ ғасырдың басында білімді адамдар тобының кеңеюіне, әрбір халықтың ұлттық зиялыларының қалыптасуына жәрдемдесті. Қазақ жастары шетелдерде де оқып білім алды, қазақ қыздары арасында да жоғарғы білімді мамандар қалыптасты. Мәселен, Ғ.Мусин Кайр университетін, Г.Аспендиярова, А.Досжанова, М.Ниязовалар Ресей қалаларында оқып жоғарғы білімді дәрігерлер мамандығын алды.

Ресейдің жоғарғы оқу орындарын бітірген қазақтар өз ауылдары мен қалаларына қайтып оралып, өз білімдерін, ағартушылық рухын жерлестеріне беріп отырды. Отарлаушылардың тілегіне қарама-қарсы, жаңа зиялылардың таңдаулы бөлігі өз халықтарының мүдделерін қорғау жолына түсті, азапқа толы рухани құлдыққа қарсы шықты және азаттық қозғалысын басқарды.

Қазақ зиялыларының ең басты сіңірген еңбегі мынада: олар бүкілресейлік даму кезеңінің басталуын дер кезінде аңғарды, қазақ қоғамын ілгері бастырудың амалдарын іздеумен айналысып, бұл үшін бірінші орыс революциясы берген әлеуметтік және саяси бостандықтарды пайдаланды, халықты патриархаттық-рулық мешеуліктен арылтуға, патшалық езгіден азат етуге, оған білім мен прогрестің, мемлекеттік тәуелсіздік алудың жолдарын көрсетуге ұмтылды. Мұның қиын күрес, күрделі тартыстар мен ізденістер жолы

болғаны күмәнсіз. Сондықтан бұл жолда жетістіктер мен қатар, әрине, қателіктер де, жаңсақтықтар да болып отырды.

Қазақ зиялыларының ең басты ізгі мақсаты – халқына қызмет ету мақсатын «Алаш» жетекшілерінің бәрі М.Дулатов Бутырск түрмесінен жазған хатында былай деп айқын баяндаған: «...Мен өзімнің құлдыққа түсіріліп, езгіге салынған бейшара халқымның осы құлдық жағдайдан шығуына көмектесуді өз борышым деп санадым... Саяси саладағы оқиғаларды дер кезінде болжай алмадым деп санаймын, ал қазір Кеңес өкіметіне қарсы күрес деп отырғанның бәрі менің қазақ ұлтын дербес, тәуелсіз, бақытты жағдайда көргім келген тілегім ғана» [3].

Қазақ тілі мен әдебиетінің дамыту проблемалары жөнінде араб грамматикасы негізіндегі қазақ әліпбиінің тұңғыш талантты реформаторы, «Оқу құралы» (1912), «Тіл құралы» (1914), «Жаңа әліпби» (1928) атты қазақтың тіл ғылымында ғана емес, бүкіл ғылыми түркітану әлемінде де жаңашылдық деп саналған еңбектердің авторы А. Байтұрсынов көптеген мақалалар жазды. «Қазақ» беттеріндегі еңбектерінде А.Байтұрсынов балаларды мектептер мен медреселерде оқытудың маңыздылығын атап көрсетті.

Ол өзінің қазақ және орыс мектептеріндегі оқыту проблемалары туралы ой-пікірлерін баяндай келіп, балаларды міндетті түрде екі жыл қазақ тілінде оқытуды талап етті, «бастауыш мектептер миссионерлік саясаттан тыс болуға тиіс» деп санайды. Сонымен бірге ол орысша сауаттылықты да үйрену қажет екенін атап өтеді.

XX ғасырдың басында қазақ зиялыларының қызметінде құқық проблемалары елеулі орын алды, өйткені қолданыстағы патша заңдары көшпелі халықтың құқығына нұсқан кетірді, мұндай наразылық туғызған табиғи нәрсе. Өз халқының ежелгі өз жеріндегі қасіретті жағдайы туралы толық хабардар болған олар патша үкіметіне қазақ халқының әлеуметтік қажеттері туралы хабар жеткізуге, оның құқықтық мүдделерін қорғауға тырысты. Олардың көпшілігі арнаулы заң даярлығынан өткендер еді, бұл олардың халық бұқарасының құқықтық білімін кеңейтуіне, олардың құқықтық білімін байытуы мен тереңдетуіне мүмкіндік берді. Қазақ зиялыларының қызметінде жер туралы мәселе өзекті орын алды. Олар өздерінің ғылыми көсемсөздік мақалаларында, патшалық өкімет орындарының әр түрлі үндеулерінде патша үкіметінің қазақ халқының өмір жағдайларына сай келмейтін заң нормаларын әділ сынға алды.

Қазақ қоғамының рухани санасында етек алған заңсыздыққа өз наразылықтарын білдіріп отырды. Патша шенеуніктері қазақ халқы зиялы қауым өкілдерінің дүниежүзілік өркениет пен мәдениет жетістіктерін игеруіне мүдделі болмады. Бірақ халықтың ғылым мен мәдениетке тартылуына кедергі жасамауға бағытталған шаралар күткендегідей нәтиже бермеді. Қазақ халқының білім алуға деген өскелең қажеттері патша үкіметінің Орынборда, Омбыда, Оралда, Семейде, Верныйда және басқа қалаларда бірқатар оқу орындарын ашуға мәжбүр етті, оларда қазақтар оқып, бастауыш және орта мектеп көлемінде білім алды.

Патша өкіметі «бұратаналарды» орта және жоғары оқу орындарында оқуға рұқсат етуге мәжбүр болды. Жоғарыда атап өтілгендей, қазақ жастары Қазан,

Томск, Санкт-Петербург, Мәскеу т.б университеттерінде, техникалық және медициналық жоғары оқу орындарында білім алды. Өз халқын оятуда зор рөл атқарған қазақ зиялыларының тамаша шоқ жұлдызы ХХ ғасырдың басына қарай нақ сол буыннан қалыптасты. Олар өз халқының отаршылдық буынынан азат, өркениетті, дербес және тәуелсіз жағдайда көруді армандады.

Қазақ зиялыларының өкілдері патша өкіметін дала өңірінде білім беру ісін неғұрлым жедел жүргізгісі келмегендігі үшін сынады, ал өздері отандық ғылымды қалыптастырудың алғышарттарын жасауға ұмтылды.

Қазақ зиялылары ғылыми мақалалар, сөйлеген сөздері арқылы өркениетті елдердегі ғылым жетістіктерін насихаттауға, оның қажеттігін, қоғамды түбірімен өзгерте алатын құдіретті күшін дәлелдеуге ұмтылды. Олардың іс жігері ізсіз қалмағанын атап өткен жөн. Сонымен, ХХ ғасырдың басындағы қазақ халқының қоғамдық санасы – тарихтың жол айырығына душар келген қоғамның өзі сияқты күрделі құбылыс. Біз қарастырып отырған кезеңде шовинистік отаршылдық идеология мен бостандық, тәуелсіздік идеологиясы арасында ымырасыз күрес жүріп жатты.

Қазақ даласына қалыптасып келе жатқан жас қазақ зиялылары белсене таратқан саяси идеялар қазақ қоғамының оянуына жәрдемдесіп, бұл халықтың құқықтық, эстетикалық санасы мен өнегелі ой-өрісіне зор ықпал жасады [4].

ХХ ғасырдың басында Ресей империясының халыққа білім беру ісі мен мектеп жүйесіндегі өзіндік ерекшеліктері Қазақстандағы халыққа білім беру ісі мен бүкіл ағарту жүйесіне көп дәрежеде өз ықпалын жасады. Оқу ағарту ісі айқын таптық сипатта болды, оның Қазақстандағы айырмашылығы ұлттық ерекшелікке орай жүргізілді. ХХ ғасырдың басына қарай Қазақстандағы халыққа білім беру ісінің мақсаттары мен міндеттері білім беру ісінің жетекші қайраткерлерінің бірі А.Алекторов мақалаларының бірінде айтылған: «Қазақ даласындағы мектеп өзінің білім беру міндеттерімен қоса саяси роль де атқарды: ол қазақ халқын байырғы орыс халқымен байланыстырып, қазақтарға мемлекеттік тілді сіңірді. Ол орыс халқының ғұрыптарымен және көзқарастарымен таныстырды, қазақтарды баяу болса да, жүйелі түрде орыстың аясына енгізді, бұл орайда мұсылмандық ерекшелік негізіне қарама-қарсы тұрып, қазақтарға Бұхарадан және ислам діні гүлденген басқа да жерлерден келгендер сіңірген мұсылмандық фанатизм әлсіреді»

Сонымен, ХХ ғасырдың басында халық арасында орыс тілін енгізу негізінде империяның ұлттық шет аймақтарын орыстандыру жөнінде кең көлемді бағдарлама белгіленді. Үкімет пен жергілікті кадрлардың қызметі осыған бағытталып, олар алынған нәтижелерді баянды ету саясатын үнемі жүргізіп отырды, бұған заңдар мен жекелеген актілер, 1906 жылы 31 наурызда қабылданған «Шығыс және оңтүстік-шығыс Ресейде тұратын бұратаналарға арналған бастауыш училищелер туралы» ереже көмектесті. Бұл актіде халыққа білім беруді одан әрі орыстандыру көзделді. Қазақтарды орыстандыруға бағытталған империялық саясаттың орасан зор қысымына қарамастан, өлкедегі халыққа білім беру ісінің жағымды жақтары да болды – жүргізіліп отырған жағымды саясатқа қарамастан, қазақтар еуропалық негізде білім алды. Сонымен бірге олардың арасында шетелде оқығандар да болды.

Қазақстан мен Ресей империясы арасындағы байланыстардың өсуі себепті өлкедегі халыққа білім беру ісі ХХ ғасырдың басында одан әрі дами түседі, бұл орайда ауыл шаруашылық ектептерді қолөнерге оқытуға дайындайтын мектептер түріндегі бастауыш және кәсіптік-техникалық білім берудің дамығын атап өткен жөн. Егер 1901 жылы Қазақстанда Оқу-ағарту министрлігі бойынша 283 орыс және 207 орыс-қазақ мектептері болса, 1916 жылы олар Семей облысында – 323, Жетісу облысында – 181, Сырдария облысында – 231, Ішкі ордада – 74, Торғай облысында – 517, Орал облысында – 455, барлығы 2448 болды, олардың 562-сі орыс-қазақ мектептері еді.

Үкіметтің мектептерді негізінен артықшылығы басым орыс тұрғындары мен қазақтарға арнап бөлу жөніндегі саясаты қазақ халқының сауатсыз немесе шала сауатты болып қалуына әкеп соқты, сондықтан қазақ халқының орасан көп бөлігі мектептерде немесе медреселерде қандай болса да білім алуға тырысты. ХХ ғасырдың басында Түркістан өлкесінің үш облысында бұратаналар мектептерінің саны 6000-ға жуық болды. Мұндай кемсітушілік шаралар жер жерде болды. Орынбор губерниясы жанындағы халыққа білім беру жөніндегі 1 және 2 кеңестің журналында «халық арасында орысша сауат ашуға ұмтылыстың нашар» екендігі атап өтілді. Сол кезде бір Сырдария облысында ғана 1910 жылы 32 медресе, оның ішінде қалалық 23 және ауылдық 9 медресе болды. Олардың ең ірілері Ташкентте орналасқан. Бұл медреселерде өзінің сындарлы оқыту жүйесі болды, онда дінмен қатар зайырлы пәндер оқытылды.

Мектептер де қазақ халқы арасындағы сауаттылық деңгейін белгілі бір дәрежеде көтерді, онда Құранды оқыту жүргізіліп қана қоймай, зайырлы әдебиет пен жаратылыс ғылымдары үйретілді. Мектептер қазақтар арасында кең таралды. Мәселен, бір Маңғыстау уезінде ғана 67 мұсылман мектебінде 1003 шәкірт оқыды. Мектептерде халық дәстүрлері, халықтық этнопсихология, дәстүрлі әдебиет өз дамуын тауып, дәстүрлі халықтық сана сезімді қалыптастырудың негізіне айналды [5].

Халыққа білім беру саласындағы империялық саясат шеңберінде 1906 жылы тамызда болып өткен III жалпымұсылмандық съезі халыққа білім беру ісі бойынша тұтас бағдарлама жасады. Съезд шешімінде былай деп белгіленді: 1) барлық қоныстарда балалар мен қыздарға міндетті бастауыш білім беретін мектептер ашылсын; 2) оқыту бір бағдарлама бойынша және араб әліпбиі негізінде ана тілінде жүргізілуге тиіс болды; 3) мектептерді ұстау земствоның, қала молдасының қарауында, ал басқару мен бақылау мұсылмандардың өз қолында болуға тиіс; 4) дін ілімі және әдеби ана тілі енгізілуге тиіс болды; 5) мұғалімдер мен оқушылар құқықтары жөнінен орыс мектептерінің мұғалімдерімен және оқушыларымен теңестірілуге тиіс болды.

Съезд шешімдерінде мұсылмандарға білім беру жүйесін ұйымдастыруға қатысты басқа да талаптар қойылды. Сол арқылы империяның бүкіл мұсылман халқының, соның ішінде қазақ халқының да ой-ниеті білдірілді. ХХ ғасырдың басында Халық ағарту министрлігі мектептер мен медреселерге тікелей бақылау жасау міндетін де өз қолына алды, бұл орайда министрлік қызметінің

ұйымдастыру нысанына ғана араласады деп көрсетті, алайда бұл бүркеніш ғана болды.

Дәстүрлі білім беру ісінің нақ толық, бақылаудағы жүйесі ХХ ғасырдың басында орныға бастаған жаңа ықпалға, жаңа принциптер мен нысандарға түрткі салды. ХХ ғасырдың басында Қазақстанда неғұрлым қалың бұқараға білім беру конфессионалдық мектептер арқылы жүргізілді.

Өлкедегі оқу ағарту ісін ұйымдатырушы ресми органдар бірінші кезекте бүкіл мұсылманша білім беру ісін бірыңғай оқу жоспарына келтіру және түгелімен бір ізге түсіру, бұл орайда зайырлылық пәндерге көңіл бөлу қажет деп санады. Сонымен бірге оқу округтері мен Оқу-ағарту министрлігі инспекторлардың назарын оқытудың ерекше әдістерін енгізуге аударды, оның енгізілуі де мұсылман халқын белгілі бір дәрежеде үкіметтің саясатын қолдау жағына татуға тиіс болды. Мұсылман мектебін қажетті саяси арнаға салып, бірте-бірте соған бағындыру өте жиі ұсынылды [6].

Қазақстанның барлық түкпірінен жаңа әдісті мектептерге өкімет орындарының теріс көзқараста екені туралы мәліметтер түсіп жатты. Өкімет орындары біртіндеп олардың қызметіне бақылауды күшейте бастады. Нақ сол Жетісу облысында хабарламаларлардың бірінде жаңа әдісті мектептердің ресми өкімет орындарына өте зиянды екенін былай деп тура көрсетілген: «Дала өңірінде қазақ халқына арналған көшпелі мектеп-үйлер ашу орыс мемлекеттігінің мүдделеріне аулақ жатыр. Келушілер қазақтар арасынан таза қазақ тілінде Уфа мен Қазанда басылып шыққан зиянды бағыттағы кітапшалар таратады.

Кітапшалар арасындағы белгілілері: «Оян, қазақ», «Тұр, қазақ» және «маса» деген мысалдар жинағы. Бұл кітапшалардың авторлары белгідлі зиялылар Міржақып Дулатов, Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсыновтар болатын, олар сол кезде-ақ Қазақстанның шалғайдағы басқа аудандарына жер аудару түрінде сотталып, аса қатаң жазаға тартылған еді. Сонымен өкімет орындары жаңа әдісті мектептердің қызметін өлке дамуының саяси мәселесімен тікелей байланыстырды.

Мұндай сипаттағы хабарламалар бүкіл Қазақстан бойынша сирек болған жоқ. Солардың салдарынан Жетісу облысының губернаторы Фольбаум оқу бастығының рұқсатынсыз конфессионалдық мұсылман мектептерін ашуға тиым салады. Алайда жаңа әдісті мектептер өзіне жол таба берді, өйткені халықтың негізгі көпшілігі, соның ішінде ауқатты емес бұқара да оларды өздерінің ұлттық мүдделерін нығайтудың пәрменді құралы деп білді [7].

Сонымен ХХ ғасырдың басында қазақ қоғамында халықтың қалың бұқарасы үшін және еуропалық деңгейде білім алу үшін жарамды болатын қазақ жазуының реформасы басты проблемалардың бірі болды. Халыққа білім беру ісін дамытуға ықпал жасайтын басқа оқу орындары техникалық және ауыл шаруашылық саласындағы мектетер болды.

Оқу-ағарту министрлігі бастауыш училищелерде қол еңбегі оқытылатын сыныптар ашу туралы қаулы қабылдайды. Мұндай сыныптар Қазақстанда да ашыла бастады, алайда олар аз болды. Торғай облысында 1903 жылы мектептерде небәрі 4 қолөнер бөлімшесі мен қол еңбегінің бір сыныбы болды.

XX ғасырдың басында мектептерді бірсыпыра кәсібилендіру байқалды. Мәселен, Торғай және Қарабұтақ екі сыныпты орыс-қазақ училищелерінде етікшілік және тігіншілік істері үйретіле бастады. Ал Қостанайда «Қазақ ауылдары мен қазақ халқының қажеттеріне сәйкес» тігіншілік оқытылды. Оқытудың бұл түрі бойынша бағдарлама өте қарапайым болды, мәселен, олардың бірінде былай деп жазылған: «Етікшілік құрал-саймандарымен және оларды түрлі жұмыстар кезінде пайдаланумен таныстыру. Етікшілік материалдарының атауы – олар қашан және қайда қолданылды. Етіктің табаны, өкшесі, ұлтанын дайындау және тігумен таныстыру».

1910 жылдан кейін, қолөнер бөлімшелері туралы мәселе облыстардың халыққа білім беру жөніндегі арнаулы кеңестерінде тыңдалып, оның үстіне халық санының тез өсуі мен басқа да факторлар қолөнерді үйрететін сыныптардың мектептерде кеңінен енгізілуіне себепші болды. 1917 жылдың басына қарай өлкеде 31 қолөнер училищесі болды, ал 257 бастауыш мектепте қол еңбегі сыныптары жұмыс істеді.

Ауыл шаруашылық мектептеріне біршама көбірек көңіл бөлінді. Өлкенің көптеген әкімшілері ауыл шаруашылығына бейімдеп оқыту қажет екенін көрсетті, алайда ешкім тиісінше көңіл бөлмеді, өйткені ол арнайы қаражатты қажет ететін еді. Сөйтіп қоныс аудару, олардың 1907 жылдан кейінгі ағылуы туралы мәселе өте өткір қойылған ғана ауыл шаруашылық мектептерін ашуға әрекет жасалды, бірақ олардың дені ашылмаған күйінде қалды. Ауыл шаруашылық мектептеріне көбінесе қазақ балалары алынды, оларда ауыл шаруашылығының негіздерімен бірге жалпы білім беретін пәндер өткізілді.

Пәндерді оқыту кезінде негізінен оларды іс жүзінде қолдануға көңіл бөлініп, шаруашылықты жүргізу мәселелеріне онша мән берілмеді. Ауыл шаруашылық мектептерінің оқушылары шын мәнінде бай қожалықтарға сауатты жмыс күшін беріп отырды. Нақ осы жылдарда жергілікті жерлерде қалың бұқараға білім беру жөніндегі бастамашылық өсе түсіп, өмірдің әр түрлі проблемалары, сондай-ақ халық бұқарасының сауатын ашу мәселелеріне аса зор көңіл бөлінді.

XX ғасырдың басында зиялылар сауаттылық қоғамдары мен халықтық оқулар ұйымдастыру жөніндегі қоғамдардың ашылуы туралы шешімді зор ықыласпен қарсы алды. Мәселен, Семей облысында халықтық оқулар ұйымдасуы жөніндегі комиссияның төрағасы – Ресей географиялық қоғамының белгілі қайраткері Б. Г. Герасимов, халықтың сауаттылығы туралы қамқоршы комитеттің мүшесі Е. П. Михаэлис болды. Лекторлар арасында да ресей географиялық қоғамының қайраткерлері көп еді [8].

1. Қазақстандағы ғылыми мекемелер мен қоғамдар, мерзімді баспасөз.

1861 жылғы реформадан кейін Ресейдің әлеуметік-экономикалық дамуы тез қарқынмен алға басты және сондықтан күн тәртібінде орталық шет аймақтардың байлықтарын игеру, олардың ресурстарын зерделеу және зерттеу мәселелері қойылды.

Елдің Шығыс аудандарын, бірінші кезекте Сібір мен Қазақстанды игеруден кейін Батыс Сібір бөлімі ашылды. Омбыда Батыс Сібір деп аталатын

бөлім ашу туралы өтінішті орталық қоғамға Дала өлкесінің генерал губернаторы Н.Г.Казнаков жазды.

XX ғасырдың аяғында қоғамның көптеген көрнекті өкілдеріне жергілікті жердегі бөлімдердің де кең байтақ Қазақстан кеңістігін зерттеу жөнінде алға қойылған міндеттерді атқара алмай отырғаны бегілі болып, күн тәртібіне бөлімдер құрамында бөлімшелер ашу туралы мәселелер қойылды. Батыс Сібір бөлімі Семей бөлімшесінің ашылуы осылайша дайындалды.

XX ғасырдың алғашқы он жылдығында Жетісу облысы елеулі рөл атқара бастады, бұл бірінші кезекте, облысқа қоныс аударушылардың көптеп ағылып кеуіне, сондай-ақ әлеуметтік мүмкіндіктеріне байланысты болды. Осындай жағдайда кең байтақ облыстың экономикасын, тұрмысын, геологиясын, географиясын және т.б. жүйелі түрде ғылыми-қолданбалы тұрғыдан зерттеу Орыс географиялық қоғамы қызметінің саласында алғашқы орындардың біріне шығып, соған байланысты Жетісу бөлімін ашуға әрекет жасады.

XX ғасырдың басында, 1905-1907 жылдардағы революцияға дейін Жетісу облысында Орыс географиялық қоғамының нақ сондай белсенділік көрсетуі байқалды. Ғылыми іздестіру жұмыстарын жүргізген көптеген ғалымдар Географиялық қоғамның жұмысынан қол үзбеді. Негізінен алғанда бұлар географтар мен басқа да жаратылыстану ғылыми пәндерінің өкілдері еді.

Қоғам қызметінің аса маңызды бөлігі экспедициялық жұмыс болды. Тұтас алғанда, Қазақстанның табиғатын зерттеу жөніндегі экспедициялар орталық қоғам тарапынан да, жергілікті бөлімдер тарапынан да көптеп ұйымдастырылды. 1899-1902 жылдарда Л.С.Берегтің басшылығымен атақты Арал экспедициясы жүргізілді. Арал экспедициясын Орыс географиялық қоғамының Түркістан бөлімі ұйымдастырды.

1901 жылы зерттеудің алғашқы кезеңі аяқталды. Арал экспедициясы аяқталған бойда Балқаш экспедициясы ойластырылады. Арал экспедициясы сияқты Балқаш экспедициясының да зор ғылыми маңызы болды [9]. XX ғасырдың басында көптеген қазақ зиялылар Орыс географиялық қоғамы жергілікті бөлімшелерінің жұмысына белсенді араласты. Семей бөлімшесінде Ж.Ақбаев, Ә.Бөкейханов еңбектері басылып шықты. Ә.Бөкейханов Орыс географиялық қоғамы Батыс Сібір бөлімінің белсенді қайраткерлерінің бірі болды. Ә.Бөкейханов орыс географиялық қоғамында, оның Батыс Сібір бөлімінде өзінің ғылыми ынта-ықыласын мейлінше толық көрсете білді. Мәселен революцияға дейін Ресейдің іргелі еңбектерінің бірі болған – «Ресей. Отанымыздың толық географиялық сипаттамасы. ХҮІІІ ғ. Қазақ өлкесі» еңбегі авторларының бірі болған Ә.Бөкейханов бүкіл Ресейдің қалың оқырманына қазақ халқының тарихи өткен кезеңінің дұрыс көрінісін, оның мәдениетін жеткізе білді.

Ә.Бөкейханов сол кездегі қазақ қоғамы өмірінің терең ғылыми көрінісін жасады, орыстың қалың оқырмандарына Абайдың өмірімен және қызметімен тұңғыш рет таныстырды, сол кездегі орыс өмірінің проблемаларына зор түсінікпен қарады. Бұл еңбекті, сондай-ақ мерзімді баспасөздегі қазақ тіліндегі көсемсөздері Ә.Бөкейхановты қазақ қоғамында бірден жетекші орынға қойды.

XX ғасырдың басында зиялылар халықтық оқулар ұйымдастыру жөнінегі салауаттылық қоғамдарының ашылуы туралы шешімді зор жігермен қарсы алды, сондықтан орыс географиялық қоғамының қайраткерлері оларға белсене араласты. Қазақстанды зерттеу жөніндегі әр түрлі ғылыми мекемелердің сан қырлы қызметі ғылым тарихын зерттеу нысанына айналды. Ғылымтану Қазақстандағы және Қазақстан туралы ғылымның қалыптасу тарихының көптеген мәселелері мен дәйекті де нысаналы түрде айналысып келеді [10].

XX ғасырдың басына қарай Қазақстанда ұлттық қазақ зиялыларының қалыптасу үрдісі жүріп жатты, олардың бір бөлігі еуропалық білім алғандар еді. Қазақ тіліндегі мерзімді баспасөздің алғашқы басылымдары «Түркістан уәлаятының газеті» (1870-1882), «Дала уәлаятының газеті» (1888-1902) отаршылдық өкімет орындары құрды. Біріншісі, Ташкенттен шығып тұрды және Түркістан генерал-губернаторлығы шығарды. Өкімет орындарының өкімі бойынша бұл басылымдар орталық басып алуды нығайту және Шығыстағы бодандарды рухани жағынан бағыныру мақсатымен шығарылды.

Сондай-ақ бұл басылымдар ақпараттық-анықтамалық сипатта болды. Сонымен газет ұйымдарына империяның қамқорлығындағы отарлық өлкенің тұрмысы салтын насихаттау миссиясы жүктелді. Осы мақсатпен ресми емес бөлімде түркі халықтарының тарихы, этнографиясы мен әдебиеті жөніндегі материалдар жарияланды. Бұл газеттердің беттерінде А.С.Пушкиннің, Л.Н.Толстойдың, М.Ю.Лермонтовтың туындылары, ғылым мен техник саласындағы жетістіктер туралы ақпарат аударылып басылды. Қазақ халқының тарихы жөніндегі, мақалдар мен мәтелдер туралы, халықтың ауызша шығармашылығы, айтыстар туралы жарияланды қазақ оқырманының зор ынта-ықыласын туғызды.

Ресми емес қазақ мерзімді баспасөзінің қалыптасуы XX ғасырдың басындағы жалпы азаттық қозғалыспен тығыз байланысты. Бұл басылымдар дүниеге едәуір қиындықпен келді. 1907 жылы 28 маусымда ІІ Мемлекеттік Думаның депутаты Шаймерден Қосшығұловтың бастамасымен «Улфат» газетіне қосымша ретінде «Серке» газетінің бірінші номері шықты. Шаймерен Қосшығұловтың айтуынша, небәрі 3-4 номері шығарылған. Цензура оны қауіпті деп тауып, газет жабылып қалған.

1907 жылғы наурызда Троицкіде «Қазақ» газетінің бірінші номері шықты. Тиым салынған екінші номердегі «біздің мақсатымыз» деген бас мақаланың авторы М.Дулатов еді. Қазақ қоғамы демократияшыл жұршылығының ұлттық баспасөз ұйымын құру жөніндегі ынтасы күшейе түсті. 1911 жылы 16 наурызда Орал қаласында шағын көлемді «Қазақстан» газеті шықты. 1911-1913 жылдарда небәрі 16 номері шығарылды. Газет «кәсіпкерлік пен ғылымға үйрету» ізгі мақсат деп санады. Профессор Ү.Субханбердиннің пайымдауынша, газет прогресшіл-демократияшыл түсінікте болып, отандастарын орыстың озық мәдениетін меңгеруге шақырған. Ол оқырмандарына кітап шығару жаңалықтары туралы хабарлап, шаруашылықты прогресшіл жолмен жүргізу жөнінде кеңестер беріп отырды. Оның беттерінде Гурьев уезінде жаңа мұнай кенішінің ашылғаны хабар бірінші болып жарияланды [11].

«Айқап» журналы. Ұзақ уақыт күш-жігер жұмсап, аянбай еңбек етудің арқасында М. Сералин 1910 жылдың аяғында журнал шығаруға рұқсат алды. Прогресшіл демократияшыл зиялылардың сан жылдар бойы аңсқан арманы орындалды: 1911 жылғы 10 қаңтарда Троицкіде қазақ халқының тарихындағы тұңғыш «Айқап» ұлттық журналының бірінші номері шықты. Нақ соның, ал кейініректе, 1913 жылғы 2 ақпанда Орынбор қаласында шыққан «Қазақ» газетінің тағдырына жалпы ұлттық басылымдар болу жазылған еді.

Ұйымдастырушы және баспагер идеялық басшы және редактор М.Сералин (1872-1929) бұрын педогогтік және журналистік қызметпе айналысқан, сол кезге қарай белгілі ақын, әдебиетші, қоғам қайраткері болған. Кеңестік тарихнаманың дегені жүріп тұрған кезеңде көптеген зерттеушілер идеологияға жағынып, М.Сералинді ХХ ғасырдың басында Оңтүстік Оралдың революцияшыл социал-демократтарының шеңберіне кіргізуге тырысты.

Мұның бәрі «Айқап» журналына кеңес өкіметі контрреволюциялық ұлтшыл деп айыптаған «Қазақ» газетіне қарсы қою мақсатымен жасалған еді. М.Сералиннің айтуына қарағанда журнал «еңбекші таптың органы болған жоқ. Халықтық болған ол белгілі бір таптық, саяси және экономикалық бағдар ұстанбады». М.Сералиннің сіңірген еңбегін атап өте келіп, зерттеушілер ол «Қазақстанда демократиялық бағыттағы ұлттық журнал шығаруды бірінші болып жолға қойды. «Айқап» журналы білім әлеміне ашылған бір терезе болды» деп атап көрсетеді. М.Дулатов «Оян» деп дабыл қаққаннан кейін М.Сералиннің демократияшыл зиялыларды, либерал-революциялық ниеттегі студент жастарды іс жүзінде топтастырып, олардың назары мен жігерін жалпыұлттық проблемаларды шешуге шоғырландыра білгенін айту керек.

«Айқап» патша өкіметінің реакциясынан кейін қазақ қоғамын оятты, «Қазақ» газеті оның жақсы дәстүрлерін жалғастырып, жаңа билікке көтерілді[12].

М.Сералинмен қатар, Б.Қаратаев, Ж.Сейдалин, С.Торайғыров журналдың рухани жетекшілеріне айналды. «Айқап төңірегіне әртекті қазақ демократияшыл зиялыларының, талантты студент жастардың өкілдері топтасты». Журнал беделінің өсуіне бастапқы кезеңде оның жұмысына А.Байтұрсыновтың, М.Дулатовтың қатысуы себепші болды.

Дала өлкесінің демократияшыл қалың жұртшылығы кейіннен қазақ мәдениетінің, әдебиетінің аса көрнекті қайраткерлеріне айналған дарынды тұлғалар: С.Сейфулин, Б.Майлин, М.Жұмабаев, С.Торайғыровтардың шығармашылығымен танысуға мүмкіндік алды. Журнал беттерінде қырғыз И.Арабаевтің, ноғай С.Ғаббасовтың, түрікмен Ш.Назари және басқалар көрінді. Қазақ әйелдері Сақыпжамал Тілеубайқызы, Нәзипа Құлжанова журнал беттерінде әйелдердің тең құқығы, қазақ әйелдерін азат ету, балалар мен аналарды қорғау проблемаларын көтерді.

Журналдың бірінші номерінде М.Сералин оқырманға басылымды құрудың ұзаққа созылған оқиғасын түсіндіріп берді: «Біз бір-бірімізді үнемі... кінәлап жүрдік...Басымыз қосылмады... Біз қазақтың неше жерден «қап» деген қапы қалған істері көп. «Қап» дегізген қапияда өткен істеріміз көп болған соң журналымызды да өкінішімізге лайық «Айқап» болды». «Айқап» журналы 1911

жылғы қаңтардан 1915 жылғы қыркүйекке дейін әуелгіде айына бір рет, ал сонан соң екі рет шығып тұрды. Барлығы 88 номері шықты, таралымы 1000 данаға дейін жетті.

«Оқиғалар» айдарынан жер-жерден Ташкент, Шымкент, Әулиеата, Орал, Торғай, Ақтөбе, Маңғыстау, Бөкей Ордасынан, Семей және басқа жерлерден хабарлар түсіп жатты. «Бізге не істеу керек?» деп аталған бас мақаласында «Айқап» өз бағдарламасын былай деп белгілеген:

1. Отаршылдыққа көшу, қалалар тұрғызу, жерден қол үзбеу.
2. Мектептер мен медреселер ашу, білімді әрі мәдениетті болу.
3. Дін істерін өз қолдарына алу, өз мүфтиін сайлау.
4. Мемлекеттік Думаның мінберінен халық мүдделерін қорғау және оларды үкіметке жеткізе алатын депутаттардың болуы.
5. Петербургте тұрақты өкілдік болуы.

«Айқап» номерден-номерге жер мәселесіне зор көңіл бөліп отырды. Бұл түсінікті де. Патша үкіметі орыс және украин шаруаларын қоныс аудару қозғалысының қарқынын ұлғайту мақсатында қазақтардың құнарлы жерлерін күштеп тартып алу жолымен «қоныс аудару қорын» құрды. «Айқап» жетекшілері мұндай жағдайда көшпелілер мен жартылай көшпелілердің отырықшылануы, «тұрақтылықты ауылды елді мекендер» аслу, егіншілік негізінде қазақ шаруаларының тұрмыс – салтын өзгерту қажет деп санады. Сонымен қатар журнал ағарту ісі мен мәдениеттің жаршысы болды. М.Сералин «Біздің ғасырымыз – ғылымның ғасыры» деп санады.

М.Сералин қазақ ағартушылары жас буының жарқын өкілі болды, халық ағарту мен қазақтардың тұтас ұрпағын тәрбиелеу саласында өте көп іс атқарды. Ол өзін «балаларды жаңа әдіспен оқытуға көшу, Ақтөбеде мұғалімдер мектебінің ашылуы, жергілікті жерде мектептер мен медреселердің пайда болуы, қазақ балаларының қалалық мектептер мен медреселерде оқуы, оларда оқитындардың көбеюі қуантады» деп жазды. «Біздің өткендегі және қазіргі жағдайымыз» деген мақаласында М. Сералин былай деп атап көрсеткен: ғалымдар: «дүниенің дамуын ұрыс шайқастарына...» ұқсатады. «Бұл соғыста адамы көп халық жеңбейді, қайта ғылымы, өнері жоғары халық жеңеді. Сондықтан біз басқа халықтармен жарыста аяқ астында қалғымыз келмесе, біз балаларды біліммен қаруландыруымыз керек»

Сонымен бірге М.Сералин «Айқап» беттерінде мұсылмандардың қасиетті кітабының мазмұнын ыңғайлы, түсінікті нысанда баяндауға тырысқан авторлардың мақалаларын жариялап отырды. «Айқап» журналының қазақ фольклорын зерттеудегі, абайтануды қалыптастырудағы, орыс және дүниежүзі классикалық әдебиетінің рухани мұрасын насихаттауда атқарған ролі зор.

Бірінші дүниежүзілік соғыстың басталуы жағдайында едәуір шиеленіскен зор қаржы қиындықтары, зиялылардың бір бөлігінің сол кезге қарай өзінің көркемдік толысқандығымен, қазақ әдеби тілін түлетуімен, стилінің сындарлығымен және ең басты – толғағы жеткен жалпыұлттық проблемаларды қоюымен әйгілі болған «Қазақ» газеті жағына шығуы 1915 жылдың тамызында «Айқап» журналы шығуының тоқтатылуына себеп болды [13].

Қазақ газеті. «Қазақ» газеті апталық басылым болып шықты. 1913 жылғы ақпаннан 1918 жылғы қаңтарға дейінгі кезең ішінде 3000 дана таралыммен 265 номері жарық көрді. Жекелеген номерлері 8000 данаға дейін жететін таралыммен шықты. «А.Байтұрсыновтың шебер басшылығымен жанқиярлық еңбегінің арқасында, - деп жазды М.Дулатов, - жоқтан барды жасаған деуге болатын және патшалық-полицейлік режимнің ауыр жағдайларында тіршілік еткен газеттің жабылар алдында өз баспаханасы, қағаздың қоры болды, шағын кітапханасы болды, таралымы 8000-нан асты». Редакциялық алқа 1914 жылғы жаңа жылдық 45-номерінде газетті 10 облыстың қазақтары жаздырып алатынын хабарлаған. Бұған қоса оны Орынбор, Уфа, Қазан, Мәскеу, Томск мен Қытайдағы оқырмандар алып тұрды.

XX ғасырдың басындағы демократияшыл қазақ зиялыларының бүкіл азаттық қозғалыс сияқты, бұл газеттің де жетекші бағытын белгілеуде қазақ халқының бостандығы жолындағы аса көрнекті күрескер, саясатшы, эконоамист, тарихшы, әдебиеттанушы, көсемсөзші тұрғыдағы ғұлама Ә.Бөкейханов зор рол атқарды.

Біртұтас болып біріккен ғажайып үштік – А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ә.Бөкейханов қалың қазақ елінің мүддесін білдіріп, оның шамшырағы болған ғасырдың ұлттық газетін құра білді. Олар «Қазақ» газетінің төңірегіне қазақ демократиялық зиялыларының бүткіл бетке ұстарларын, соның ішінде Мағжан Жұмабаев, Бейімбет Майлин, Жақып Ақбаев, Халел Досмұхамедов, Мұстафа Шоқай, Мұхамеджан Тынышбаев және басқа да көптеген адамдар сияқты көрнекті қайраткерлерді топтастыра білді. Дегенмен де, негізгі идеялық-теориялық салмақты А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ә.Бөкейханов көтерді. Зерттеуші К.Атабаевтің деректерінде «Қазақ» газетінің беттерінде жарияланған, бүгінгі күні қолда бар және «Қазақ» басылымы жинағында келтірілген материалдардың жартысынан астамын солар жазған. Тек А.Байтұрсыновтың өзі «Қазақ» үшін 200-дей мақала жазыпты.

Бағдарламалық мақалада газет «ұлттың көзі, құлағы және тілі» деп аталған. Редактордың пікірінше, газет адамдардың мүдделеріне қызмет етуге, білімді таратушы, халықтың қорғаушысы, оның рухани тәлімгері болуға тиіс. Сонымен, А.Байтұрсынов нағыз жалпыхалықтық басылым құруды ойлады және оны жүзеге асырды. Газетті оның негізін қалаушылар «Қазақ» деп атады.

Халықтың өз атын қалпына келтіріп, олар сол арқылы отаршылар тарапынан бұратаналарға менсінбей қарауға қарсы наразылық білдірді, қазақтар арасына ұлтжандылық мақтаныш және бірлік идеясын таратты. Газеттің бірінші номерінде басылған бағдарламалық мақаласында А.Байтұрсынов отаршылдық режим жағдайларындағы ұлттың тағдыры туралы мәселені ашық қойды [14].

«Қазақ» газеті XX ғасырдың басындағы азаттық қозғалысының стратегиясын анықтап берді. Ә.Бөкейханов былай деп атап өтті: «Жуық арада далада, бәлкім, қазақ арасында белең алып жатқан ел саяси бағытқа сәйкес екі саяси партия ұйымдастырылатын сыңайлы. Олардың бірі ұлттық – діни партия деп аталуы мүмкін және де қазақтарды басқа мұсылман халықтарымен біріктіру оның мұраты болып табылады. Басқа бір батыстық бағыт қырғыз даласының

болашағы – осы сөздің кең мағынасында - батыс мәдениетін саналы түрде іс жүзіне асыруда деп білді».

«Қазақ» газеті екінші бағыттың ой – пиғылын көрсетті. Ол тұжырымдамалық проблемаларды көрсеткен кезде соны негізге ала отырып жазды. Ең алдымен Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, қазақ халқының өркениетті, түрік дүниесі тарихында алатын орнын анықтап берді. Халықты топтастыру, оның ежелгі мәдениетін және демократиялық Ресей құрамындағы қазақ ұлтының мемлекеттігін қайта түлету проблемалары газет қызметінің өзегіне айналды. «Шаруашылық өзгерістер» деген сериялы мақалаларда Ахмет Байтұрсынов қазақ халқының эволюциялық және мәдениет тарихын көрсетті.

«Қазақ» газеті өз беттерінде халық ағарту, кітап шығару мәселесіне басымдық берді. «Қазақ» газетінің беттерінде аграрлық проблеманың Ә.Бөкейханов басқарған көрнекті білгірлері отаршылдық мәнін, қазақ шаруаларының құнарлы жерлерін алып қою арқылы қоныс аудару қоры құрылуының, шаруалардың жерсіз қалу үрдісінің мәнін ашып көрсетті. Сонымен қатар, «Қазақ» газеті мұсылман діні мәселесі бойынша ғылыми негізделген тактика ұстанды.

Ол қазақ халқының артта қалған бөлігінің діншіл екенін, Алланы және оның «жердегі өкілдері» молдаларды шын жүректен қадірлейтіндеріне көңіл бөлді. Газеттің редакциясы «мұсылмандар одағының кадеттік бағдар ұстанатынын ескерді Ә.Бөкейханов пен басқа да авторлар 1905-1607 жылдардағы революциядан кейін бүкіл Ресейде орын алған қуатты мұсылман қозғалысымен есептесіп отырды. Қозғалыстың қай тапқа жататынына қарамаста, елдегі 20 миллион халық түрінде тірегі болды. Мұсылмандардың бірінші съездерінің қарарында мұсылмандардың прогресшіл бөлігі «озық қоғамның мұраттарына» қосылатыны және «орыс халқымен бірдей тең құқықтарды» пайдаланғысы келетінін атап өтілді.

Бірқатар мұсылман съездерінің жұмысына қатысқан Ә. Бөкейханов бір-біріне жалғасты бірнеше мақалалар жазып, онда «Қазақ» оқырмандарына адамгершілік проблемаларын және оларды Ресей жағдайында шешу жолдарын ұғынықты етіп түсіндірді. «Қазақ» газеті діни қызбалықты қоздырған жоқ, керісінше, империя құрамындағы түрлі ұлттардың дінге сенушілерін топтасуға шақырды [15].

«Қазақ» газеті бұхаралық, хиуалық, қазандық молдаларды, олардың озбырлығын, патриархаттық-рулық соқырсенімдердің тірегіне айналған әдет пен шариғат догмаларын әшкереледі, татарланудың, арабтандырудың қазақ тілі дамуына, оның рухани келбетіне теріс ықпалын ашып көрсетті.

«Қазақ» газеті дінді мектеп пен мемлекеттен бөлуді жақтап, діни экстремизмге қарсы шықты, сонымен бірге жыныс, дінді ұстану, ұлт айырмашылығына қарамастан, барлық ресейліктердің заң алдында тең екенін жариялап, жеке адамның бас бостандығы мен оның еркіндігіне қол сұқпауды қорғады. «Қазақ» газеті беттеріндегі жарияланымдардың едәуір бөлігі тіл мен әдебиет, этнография, мәдениет пен тәрбие, педогогика мәселелеріне, рыноктық жағдайларға бейімдей отырып, халық санасын жетілдіруге арналды. Газет өзінің нысаналы жарияланымдары арқылы ұлттың тарихи санасын

қалыптастырды, Абай сияқты аса көрнекті тұлғалардың өмірі мен қызметі үлгісімен ұлттық мақтанышқа тәрбиелеу міндеттерін белгіледі, Абай даналығы деңгейіне көтерілуге, өз халқының қамын ойластыруға, оның дәстүрлерінен гуманистік принциптерінен таймауға шақырды.

Газет демократиялық, тәуелсіз мемлекет орнату үшін бірінші кезекте ана тілі мен әдебиетін білу, кәсібилік, ұлттық экономиканың бай болуы қажет екенін дәлелдеді [16].

«Қазақ» шын мәнінде бүкілресейлік газет боды. Ол халықаралық жағдайға жүйелі түрде талдау жасап, ондағы Ресейдің ролін анықтап отырды, елдегі және шетелдегі демографиялық жағдайды ашып көрсетіп, бүкіл түрік дүниесінің, мұсылмандар қозғалысының тағдырын қадағалады. Газет Мемлекеттік Думаның жұмысына, оның мінберінен қазақ халқының мүдделерін қорғау мәселелеріне ерекше мүдделік танытты. «Қазақ» газеті қазақ халқы тарихының бетбұрысты кезеңінде шығарылды. Ол тұжырымдылығымен, жоғары көсемсөздігімен, қазақ әдеби тілінің мағыналылығымен, өз халқының көкейтесті мүдделеріне адал қызмет етуімен ерекшеленді. М.Әуезовтің 1913-1918 жылдар аралығындағы кезеңді «Қазақ газетінің дәуірі» деп атағаны кездейсоқ емес.

Ол 1922 жылы мәдениет қайраткерлеріне ашық хатында қазақ баспасөзі тарихында «Қазақ» газетін қоспағанда, халық тәрбиешісі миссиясын орындаған, өз бағытын қатесіз анықтаған, ұлттық рухты асқақтатқан бірде-бір басылым болған емес деп атап көрсетті. Кәсібі жөнінен адвокат, «Айқап» журналының жұмысына белсене қатысқан қоғам қайраткері Қ.Тоғысов 1916 жылдың қарашасында Ташкентте апталық «Алаш» газетін шығара бастады.

Оны Тоғысов өзі редакциялады, ресми шығарушысы оның әйелі Мәриям Тоғысова болы. Бастапқы кезде газет өкімет орындарына көзқарасы жөнінен алда болды, тек, 1917 жылдың 24 ақпанынан бастап (№12) өзін революциялық-демократиялық басылым ретінде көрсетті. Мәселен, К.Тоғысов «Жоғалсын Романовтар» деген бір мақаласында әрбір халық егеменді, демократиялық елде өмір сүруге құқылы деп пайымдады. Газет Ақпан революциясын қызу құттықтады. «Алаш» газеті әйелдердің тең құқықтылығын қорғады. Оның беттеріне белгілі журналистер, жазушылар: Т.Жомартбаев, А.Баржақсин, Б.Майлин, Ж.Аймауытов, жаңа жаза бастаған М.Әуезов шығып тұрды.

Қазақ мерзімді баспасөзінің тарихында апталық «Сарыарқа» газеті елеулі із қалдырды. Оның редакторы Р.Марсеков, Х.Ғаббасов болды. Газет 1917 жылдың екінші жартысында Семей қаласында шығып тұрды. Оның беттерінде Ә.Бөкейхановтың, А.Байтұрсыновтың, М.Дулатовтың, Р.Мәрсековтың, Х.Ғаббасовтың, Ә.Ермековтың, Ж.Ақбаевтің және «Алаш» қозғалысының басқа да көрнекті қайраткерлердің мақалалары жарық көрді. Онда Алаштың гимні (авторы С.Торайғыров), Ж.Аймауытовтың, М.Әуезовтың, С.Дөнентаевтің, І.Жансүгіровтің көсемсөздік материалдары жарық көрді.

Газет Ә.Ермековтің «Жасасын Алаш, жасасын» деген мақаласын жариялады, онда екінші бүкілқазақ съезінің (12.12.1917) Алашорда автономиясын жариялау туралы шешімі, сондай-ақ жалпықазақ-қырғыз съезінің шешімдері (Х.Ғаббасовтың «Алаш автономиясы» деген мақаласы) салтанатты түрде мәлімдеді. Ә.Бөкейхановтың Семейге келуі туралы материал

даусыз ынта-ықылас туғызды, бұл материалда ол қазақ автономиясы туралы мәселеге өзінің көзқарасын егжей-тегжейлі баяндайды.

Егер газеттің елдегі біртұтас ақпарат өрісі бұзылған, тарихтың бетбұрысты күрделі кезеңінде жұмыс істегенін ескерсек, «Сарыарқа» газетінің маңызы зор[17].

Солтүстік Қазақстан облысы аймағында, Петропавл қаласында революцияға дейін қазақ және татар тілдерінде «Ешім даласы» деген газет аптасына үш рет шығып тұрғандығы туралы мәлімет бар. Бұл басылымның қазақшасы қазақ зерттеушілерінің қолына әлі түскен жоқ. Ал, татаршасы Қазан қаласында сақтаулы. Өйткені татар баспасөзінің тарихында «Бұл газет қазақтарды отырықшыландыру мақсатын көздеді. Жыл ақырында жабылды. Шығарушылар жазаға бұйырылды» деген ақпарат бар.

Алайда таралымы шектеулі бұл газеттер орасан үлкен аймақтың түрлі топтарының талап-тілегін қанағаттандыра алмады. Жалпы ұлттық көлемде мерзімді баспасөз құру бұрынғысынша жалпыұлттық проблема болып қала берді. Солтүстік өңіріндегі қазақ баспасөзінің қалыптасуы дегенде Ақмолада 1917 жылғы сәуір айынан бастап, 1918 жылдың шілдесіне дейін шығып тұрған «Тіршілік» газетінің тарихтағы орны ерекше Либералдық-демократиялық бағыт ұстанған бұл газеттің редакторы және шығарушысы Рақымжан Дүйсенбаев. Ол «Дала уалаяты» газетін шығарып қаламы төселген, жан-жақты білімді, орысша-қазақшаға бірдей қалам қайраткері болды.

«Тіршілік» газеті Ақмоладағы уездік «Қазақ комитетінің» газеті ретінде 1917 жылдың сәуірінен 1918 жылдың шілдесіне дейін шығып тұрды. Жоғарыда айтылғандай газетті ұйымдастырған, оған қажетті құрал-жабдықтарды Уфа қаласынан түйеге артып әкелген Рақымжан Дүйсенбаев болатын. Ол осылайша, өзінің 1905 жылы-ақ тәуелсіз қазақ газетін ашпақ болған мақсаты орындалды. Газеттің жұмысына қаладағы мектептердің мұғалімі Абдолла Асылбеков, Бәкен Серікбаев, Сәкен Сейфуллин сияқты азаматтар қатысты.

Қазақ ұлттық баспасөзінің тарихында елеулі орыны бар «Жас азамат» газеті ұлт тәуелсіздігін жақтап, отаршылдық езгіге қарсы тұрған қазақ жастарының тұңғыш қоғамдық-саяси газеті. 1918 жылдың сәуір-мамыр айында Омбы қаласында өткен қазақ жастарының тұңғыш съезінің шешіміне орай, бүкіл қазақтық жастар ұйымының тілі ретінде бұл газеттің алғашқы саны 1918 жылдың 30 шілдесінде Қызылжар қаласында жарық көрді.

Газеттің редакторы болып белгілі қоғам қайраткері Қошмұхамбет Кеменгерұлы, басқарма құрамында С.Садуақасұлы, М.Сейітұлы, Г.Досымбекқызы, Ә.Байділдаұлдары болды [18]. Тұңғыш жастар газетінің алғашқы саны «Жас тілек» деген бас мақаламен ашылды. Онда өз ұлтының тағдыры үшін шырқыраған көсемсөз шеберлері былай дейді: «Өмір тарбиесінің, білім аздығының кемдігіне қарамай, төрт түлігі сайланбай «Жас азамат» тәуекел кемесіне мініп, тұрмыстың таласатын, күрестің майданына шықты. Келешектің қараңғылығы, саяси саяси һауананың күн сайын құбылуы, қалың өрттей, кеселді дерттей, апаты күшті күндердің тууы, дүниеде болу-болмауы, әлінің майданға қойылуы, ұлттың өмірлі құқықтары аяқ астына тапталып, зорлықтың қан соруы «Жас азаматтың» үстіне ауыр жүк салып отыр.

Қоғамдасып, қолтықтасып, күш беріп ауыр жүкті тиісті орнына жеткізу – жастардың басты міндеті, үлкен борышы. «Жас азаматтың» алтын идеалы, әулие мақсұты, негізгі жолы – ұлт бостандығы, ұлт теңдігі»

1918 жылы шілде-тамыз айларында Қазақстанның қалаларында билікті большевиктер басып алып, қара халықты ханға бөктірген болатын. Сондықтан жастар баспасөзі «Келешек қараңғы, жағдай күн сайын құбылған, апатты күндер туды, қазақ халқының дүниеде болу болмауы тарих безбеніне тартылды, ұлттың өмірлік құқықтары аяққа тапталды, жаңа билік халықтың қанын сорып отыр...» деген сияқты, ел басындағы қайғылы халді түсіндіріп, көзге шұқып көрсетіп, қазақты сақтап қалу үшін жастардың «тәуекел кемесіне мініп, тұрмыстың таласатын, күресетін майданына шыққанын» жан дауыс шыға хабарлады, белді буып, етек-жеңді жиып, күреске кіргенін паш етті.

Газеттің бірінші санында «Бүлінгеннен бүлдіргі алма!» деген саяси шолу басталды. Онда : «Большевиктер орыс зиялылары мен ұмыскер-қарашекпендердің арасына жік түсірді, бұл ауру бізге жұғып жүрмесін», деп ашық айтып, аз қазақты бірлікке шақырды.

Сөйтіп, XX ғасырдың басында империяның Қазақстан сияқты алып шет аймағында қазақтар Ресейдің ана тілінде газеттері, журналдары мен кітаптары бар 24 (орыстардан басқа) халқының біріне айналды. Хат-хабарлардың географиясы өте ауқымды болды – мейлінше әр түрлі жанрдағы жазбаша хабарлар келіп түспеген ауылдар менболыстаріс жүзінде болған жоқ. Демократиялық қазақ баспасөзі революция, Мемлекеттік Дума, оның мұсылман фракциясы, мұсылман съездері туралы, империяның сыртқы жіне ішкі саясаты, соның ішінде оның отаршылдық саясаты туралы жазды.

Ол шет аймақтардың ғасырлар бойындағы ұйқыдан оянып жатқан халықтың мүдделерін көрсетті, өркениетті дүниежүзілік қоғам жүйесіндегі оның болашағы туралы армандарға берілді. Ал алда халықтың тұтасғасыр бойындағы қиын тағдырын белгілеп берген Қазан революциясы, аласапырандар мен өзгерістер тұр еді [19].

2. Қазақ ағартушыларының мәдениетке қосқан үлесі.

XX ғасырдың басында ұлттық бірлікті нығайту идеясын алға тартқан рухани-зерделі игі жақсылар қазақтың ұлттық идеясын жасау міндетін өз мойнына алды. Олар қоғамның түрлі тарабынан шыққандар, әрі ең алдымен дәстүрлі дала ақсүйектерінің өкілдері еді. XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамында зиялы қауым қалыптасуының ұрпақтар эстафетасы сияқты сипатта болғанын атап айтқан абзал.

Ұлт-азаттық қозғалыстың басшылары Әлихан Бөкейханов, (оқымысты ғалым, Ресей Конституциялық демократиялық партиясы Орталық Комитетінің мүшесі, I және II Мемлекеттік Думаның депутаты), Ахмет Байтұрсов (ақын, аудармашы, лингвист, «Қазақ» газетінің редакторы), Міржақып Дулатов, Жақып Ақбаев, Мұстафа Шоқай, Мұхамеджан Тынышбаев, Бақытжан Қаратаев, Халел және Жаһанша Досмұхамедовтер және басқалары – негізінен Петербург, Мәскеу, Варшава, Қазан, Омбы мен Орынбор жоғары оқу орындары, училищелерінің түлектері.

XIX ғасырдың II жартысы мен XX ғасырдың I жартысындағы қазақ баспасөзінің сипатына тарихи тұрғыдан тоқталып өтсек. Бұл кезең қазақ баспасөзінің енді ғана дүниеге келіп, халықтың арасына тарай бастаған кезеңі, әрі халықтың тар жол тайғақты кезеңі. Осындай аласапыран кезеңде халық тағдыры мен қоғам өмірінің шындығын бүкпесіз батыл жариялаған қазақ баспасөзінің қызметі орасан зор болды. Бір жарым ғасырға таяу ғұмыры бар қазақ баспасөзі халқымыздың тағдырымен біте қайнасып, бірге жасасып келеді. Осы мезгіл ішінде түрлі кезеңдерді бастан кешіп, біресе алға басып дамыса, енді бірде жүрісін баяулатып, тіпті тоқыраған тұстары да болмай қалған жоқ. Бір кереметі, қандай жағдайда да қоғамдық ойдың қозғаушы күші қызметін адал атқарып келеді.

Ұлтымыздың кейінгі жүз жылдан аса тарихының сырлы шежіресі – қазақ баспасөзі 19 - ғасырдың екінші жартысында «Түркістан уалаятының газеті», «Дала уалаятының газеті» болып патшалы Ресей үкіметінің үкімімен дүниеге келді. Бұл басылымдар отарлаушы елдің жыртысын жыртып, жырын жырлау мақсатында шығарылғанымен, шын мәнінде, сол шеңбермен тұйықталып қалмай, ұлтымыздың жоғын түгендеу бағытын да едәуір көп еңбек сіңірді. Қазақ баспасөзінің де халықтың саяси ой – пікірін оятып, дүниетанымын байытуға едәуір әсері болды. Газеттің ақпарат жеткізуші, үгіт –насихат саласындағы қызметі жөніндегі А. Байтұрсыновтың: “Газет –халықтың көзі, құлағы һәм тілі. Адамға көз, құлақ, тіл қандай керек болса, қасында құлағы жоқ керең, тілі жоқ мақау, көзі жоқ соқыр сықылды” (Қазақ, 1898, №10) –деуі, газеттің әлеуметтік – қоғамдық өмір саласындағы алатын орнын, қызметін нақты бағалаудан туындаған.

Қазақстанның қалаларында патшаның жергілікті әкімшілік орындарының ресми органдары болып табылатын газеттер шыға бастады. «Облыстық ведомстволармен» қатар қазақ тіліне аударылып, Орынборда «Торғай» газеті, Омбыда «Дала уалаяты» газеті, сондай-ақ Оралда, Астраханьда және басқа кейбір қалаларда шығарылған газеттер де Қазақстан өмірімен байланысты болды. Алдымен аударма ретінде шығып, бірте - бірте дербес газет дәрежесіне дейін жетіп, қазақ тілінде шығарылған «Түркістан уалаяты» газеті (1870-1882) мен «Дала уалаяты» газеті (1888-1902) қазақ баспасөзі тарихының алғашқы бет ашарлары деп есептелінеді. Елдегі революциялық ситуация қазақтың демократиялық баспасөзінің пайда болуына жағдай жасады. Орда мен Орал «Қазақстан» газеті (1911-1913 ж) және Троицкіде «Айқап» журналы (1911-1915) басылды.

Қазақ халқының мәдени өмірінде тұңғыш қоғамдық саяси және әдеби «Айқап» (1911-1915) журналының шығуы елеулі оқиға болды. Редакторы – қазақтың демократиялық интеллигенциясы өкілдерінің бірі - М.Сералин.

М.Сералин журналдың төңірегінде ұлт интеллигенциясының алдыңғы қатарлы өкілдерін топтастырды. «Айқапқа» Сәкен Сейфуллин, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Сәбит Дөнентаев, Бейімбет Майлин, Бақытжан Қаратаев, Сабыржан Ғаббасов және басқа жазушылар мен публицистер қатысты.

«Қазақ» – 1913 – 1918 жылдар, «Алаш» – 1916-1917 жылдар, «Бірлік туы» – 1917 жыл, «Сарыарқа» – 1917-1918 жылдар, «Ұран» – 1917 жыл, «Үш жүз» –

1917 жыл, «Тіршілік» – 1917 жыл және тағы басқа газет – журналдар қазақ халқының дүниетанымына әсер етіп, көзқарастарын кеңейтіп, прогрессивтік ағартушылық бағытта үлкен қызмет атқарды. Осылардың ішінен өз өрнегімен, өзіндік ой ерекшелігімен оқшау тұрған басылым – «Қазақ» газеті. «Қазақ» – қоғамдық – саяси және әдеби газет. Газеттің ашылуын ұйымдастырып, алғашқы санынан бастап ақырына дейін редакторы болған адам – түркология әлемінде ірі тұлғалардың бірігейінен саналатын қазақтың айтулы ғұлама ғалымы – Ахмет Байтұрсынұлы. Ахмет Байтұрсынұвтан өзге Міржақып Дулатов, Әлихан Бөкейханов, Мұхаметжан Тынышбаев сияқты қазақтың біртума таланттар шоғырының осы газет арқылы үзеңгі қағыстыра мәдениет майданына шығуы ұзақ уақыт отар болып келген елдің қордаланып қалған келелі мәселелерін қопара көтереді.

Газет XX - ғасырдың басындағы қазақ елінің саяси – әлеуметтік мәселелеріне, қазақ шаруашылық жағдайына, жер мәселесіне, басқа елдермен қарым-қатынасына, оқу - ағарту, бала тәрбиесіне, әдебиет пен шежіреге арналған мақалалар жарияланды.

1913-1918 жылдары «Қазақ» газеті шығып тұрған уақытын Мұхтар Әуезов «Қазақ» газетінің дәуірі» деп атады. Бір дәуірдің бар салмағын арқалаған «Қазақ» газетінің ұлт үгітшісі, халық жыршысы дәрежесіне көтеріле алды.

Ресейдегі XX ғасырдың басындағы революциялық қозғалыс ұлттық шет аймақтардың соның ішінде Қазақстанның да жағдайына әсер етті. Саны аз ұлттық зиялылар осы жағдайды пайдаланып, тәуелсіздік пен бостандық үшін, халықты ғасырлар бойындағы ұйқыдан ояту үшін, қос езгіден: патша өкіметінің отаршылдық бұғауынан және жергілікті патриархаттық-рулық зорлық-зомбылықтан құтылу үшін күрес бастады. Зиялылар халықты тәуелсіздік жолына шығарды, білімді, ғылымды, өнерді меңгеруге шақырды [20].

Бұл үрдісте қазақ халқының өмірін бейнелеуге және оның мүдделерін қорғауға өз үлесін қосқан қазақ зиялылары көп болды. Ұлттық қозғалыстың басында тұрған Ахмет Байтұрсынұв пен Міржақып Дулатовтың әдеби-шығармашылық, қоғамдық-саяси қызметінің революциялық-демократиялық бағытта болғаны анық. Олар ұлт-азаттық идеясына шығармашылық қызметінде ғана емес, өздерінің қоғамдық-саяси қызметінде де ерекше мән берді. Бұған олардың 1905 жылғы бүкілхалықтық революцияға қатысуы, конституциялық-демократиялық партияның съезінде қазақтардың тәуелсіздігін талап етуі, бұл идеяны «Қазақ» газетінің беттерінде нысаналы бағытта дамуы, сондай-ақ патша өкіметі құлағанан кейін Алаш автономиясын құруға әрекет жасауы айғақ болып табылады.

XX ғасырдың басындағы қазақ жанашырлары бодандық бұғауындағы елінің мұң – шерін терең түсініп, халықты сол зардаптан қайтсем алып шығам деген мүддені көлденең тастады. Бодандық қамын киген қазақтың сол кездегі басты рухани тірегі болған «Қазақ» газетінің кезекті санында: «Бостандық, теңдік, туысқандық XVIII ғасырдан бері жарыққа шыққан таза пікір...Осы үш трдің бәрі біздің шарифаттан, інжілден, будда оқуынан, Л.Н.Толстой

философиясынан табылады...Бұл үш ұраннан бөлек адам баласының бақыт, махаббатына жол жоқ.»

Зиялылар еңбектеріндегі тәуелсіздік мәселелері тайға таңба басқандай анық айтылмаған. Олардың бірі елді бірлікке шақыра отырып ұлт болып жұмылуды көздесе, екіншілері халықтың көзіне ілім – білім шамын жағып, оларды қараңғы қапастан, бұғаулы қамытта оқу – тоқу арқылы алып шығуды назарға алған. Мәселен, осындай идеялық бағытты ұстанған зиялылар қатарына «Оян, қазақ!» деп атойлап, ұлттық сананы оятуда көш ілгері атанған Міржақып Дулатұлын жатқызуға болады. Мәселен ақынның өлеңдеріндегі:

«Өз қамыңды ойлан өзің ел болсаң,
Ел боламын, тең боламын дер болсан.
Көктен теңдік келмей өзің кем болсаң,

Мең – зең болмай, талпын, оян, алашым!» - деген шумақтан ел жанашырларының терең ұйқыда жатқан қалың қазақ жұртын оқу – білімге үндеп, егемендігімізді алудың ең асыл жолын ұсынғандығын байқау қиын емес. Сондай-ақ, қазақ зиялылары «Біздің ілгері келешекке күнімізде, бұл дүниеде күн көріп, жұрт қатарлы тұруымыз да жалғыз-ақ нәрсеге тірелген. Ол – оқу. Мұнан былай заманда оқып, өнер білмесек өнерлі халыққа жалшы болудан басқа бізге ешбір амал қалмайды» - деп «білімсіз – күн кәріп» екендігін тайға таңба басқандай анық айтады [21].

Алаштың біртуар арысы А.Байтұрсынов «Қазақ өкпесі» атты кезекті мақаласында «Көп жұртта да ғылым, өнер кем, бәрі қарайлас тең заманда қазақ та қалт-күлт етіп өз алдына хан болып жүрді. Хандары да, халқы да ғылым өнерді керек қылмаған. Бірімен бірі жауласып, басқа берекелі ұмыс ойланбаған, - деп налыса, - ... Ата жоласы наданық, өнерсіздік қазақтан қалар емес. Олжалы жерде үлесен қағылғанымыз, ордалы жерде орынан қағылғанымыз, жоралы жерде жолдан қағылғанымыз – бәрі надандық кесапаты. Сонда да ғылым өнерден артық көреміз», - деп, «қатерлі жерде қаперсіз отырған» қазақ халқының қолы теңдікке тек сауаты ашылып, санасы оңалғанда ғана жететіндігін жасырмаған.

Ұлт зиялыларының идеяларындағы азаттық алу мәселесінің негізгі ұлттық сананы оятып, өркениетті елдердің мәдениетінен үлгі алу, халыққа жетпей жатқан сауаттылықты кеңейту сынды қағидаларға сүйенгенін осы тұстардан анық байқай аламыз. Алайда олардың идеясынағы оқу жалаң сипатта ілім жинау мазмұнында ғана емес, жан-жақты, ауқымды мазмұнға ие болуы тиіс деді. «Оқу-білім дегенмен мұсылманша оқи берумен іс бітпейді. Біреу мұсылманша оқып, «ахурай» кісі болса, екінші біреу орысша оқып, «дүнияуй» болса, сонда іс бітеді» - деп біржақты оқып алып, оған екі алуан пікір қалыптастырар болсақ, онда ел арасында береке де болмайтынын жазады.

Халқымыздың өз еркіндігі үшін күрес жолында мәңгі өлмейтін із қалдырған қайраткерлердің бірі - Әлихан Нұрмахамедұлы Бөкейханов. Әлихан Бөкейханов Шоқанның досы, қазақ халқының қамын әр кез есінде ұстаған атақты этнограф ғалым Григорий Потанин туралы мақаласында да қазақ өнер біліммен ғана басқа жұртпен тең болатынын айта келіп, Потаниннің мына ойын тегінен-тегін қайталаған жоқ еді: «Қазақты автономия қылсақ, Қараөткел

Алаштың ортасы, сонда университет салып, қазақ ұлын, қызын оқытсақ, «Қозы-Көрпеш - Баянды» шығарған, Шоқан, Абай, Ахмет, Міржақыпты тапқан қазақтың кім екенін Европа нақты білер еді ...Қазақ жұрты келешекте кіммен болса да қатар отыруға ұялмайды».

1918 жылға дейінгі қазақ қоғамының саяси және рухани өмірінде аса үлкен рөл атқарған «Қазақ» газетінің ұйымдастырылуында және оның жалпы ұлттық деңгейге көтерілуінде Ә.Бөкейхановтың атқарған еңбегі аса зор.

Әлихан Бөкейханов Алаш қозғалысының көсемі ғана емес, осы қозғалыстың шығу тарихын да алғаш зерттеген, терең білген ірі ғалым болды[22].

Ахмет Байтұрсынов – мемлекет және қоғам қайраткері, ғалым-лингвист, түрколог, әдебиеттанушы, ақын, аудармашы, «Алаш» партиясы көсемдерінің бірі, «Қазақ» газетінің (1913-1917) ұйымдасушысы әрі редакторы, сталиндік қуғын сүргіннің құрбаны. Туған жері – бұрынғы Торғай уезінің Тосын болысы (қазіргі Қостанай облысының Жангелдин ауданындағы Ақкөл ауылы).

Қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынов – Алаш қоғамы жетекшілерінің бірі болып, Қазақ елінің дербес мемлекеттігі үшін саяси күресте шыныққан тарихи тұлға. Алашорда үкіметі құрамын бекіткен 2-жалпықазақ съезі Оқу-ағарту комиссиясын құрап, оның төрағасы етіп Ахмет Байтұрсыновты сайлады. 1919 жылы наурызға дейін Алашорда үкіметінің Торғай облысының бөлімінің мүшесі болды. А.Байтұрсынов 1919 жылы наурызда Алашорда үкіметі атынан Мәскеуге Кеңес үкіметімен келіссөзге аттанды, осы жылғы шілдеде РКФСР Халық Комиссарлар Кеңесі төрағасының орынбасары болып тағайындалды. Байтұрсыновтың ықпалымен сәуірде Алашорда басшылары мен мүшелеріне Кеңес үкіметінің кешірімі жарияланды.

Ахмет Байтұрсынов бұл тарихи кезеңде «патшалардың төрінде отырғанан, социалистердің босағасында өлгенім артық» деген пікірде болды. Қазревком мүшесі ретінде Қазақстанның Ресеймен шекарасының қалыптасу ісіне белсенді түрде араласты. Ол 1920 жылы тамызда құрылған Қазақ АКСР үкіметінің құрамына еніп, 1920-1921 жылдары Қазақ АКСР халық ағарту комиссары қызметінде болды. 1922 жылы Өлкелік халық комиссариаты жанындағы Академиялық орталықтың, 1922-1925 жылдары Халық ағарту комиссариаты ғылыми-әдеби комиссиясының, Қазақ өлкесін зерттеу қоғамының төрағасы болып қызмет атқарды.

А.Байтұрсынов түрлі мемлекеттік қызметке ат салыса жүріп, сонымен бір мезгілде өзінің жаны сүйген оқытушылық ұстаздық жұмысынан да қол үзбеген. 1921-1925 жылдары Орынбордағы, 1926-1928 жылдары Ташкенттегі Қазақ халық ағарту институтында қазақ тілі мен әдебиеті, мәдениет тарихы пәндерінен сабақ берген. 1928 жылы Алматыда КазМУ-дің ашылуына байланысты ректордың шақыруымен осы оқу орнына профессор қызметіне ауысты. Ф.И.Голощекиннің тікелей нұсқауымен Алаш қозғалысы қайраткерлеріне қарсы жасалған қуғын-сүргін кезінде, 1929 жылы 2 маусымда 43 Алаш қозғалысы қайраткерлерімен бірге ол Алматыда тұтқынға алынып, осы жылдың соңына қарай тергеу үшін Мәскеудегі Бутырка абақтысына жөнелтілді [23]. Тұтас буынның төл басы болған А.Байтұрсыновтың алғашқы кітабы –

«Қырық мысал» 1909 жылы жарық көрді. Ол бұл еңбегінде Ресей отаршылдарының зорлық-зомбылықтарын, елдің тұралаға қалын жұмбақтап, тұспалдап жеткізді. Байтұрсынов мысал жанрының қызықты формасын, ұғымды идеясы, уытты тілі арқылы әлеуметтік сананың оянуына ықпал етті. «Қырық мысал» діттеген жеріне тиіп, надандық, тәкаппарлық, күншілдік, аңқаулық, залымдық т.б. теріс қылықтарды әшкереледі. Оның мысалдары әлеуметтік-қоғамдық жағдайды меңзейтін оқиғалардың, адамдар психологиясынан хабардар ететін ғибратты тұжырымдардың молдығымен ерекшеленді.

Ақынның адамзатық арман-мақсаты, ой-толғамдары кестеленген өлеңдері «Маса» деген атпен жеке кітап болып жарық көрді. (1911) «Масаның» негізгі идеялық қазығы – жұртшылдықты оқуға, өнер-білімге шақыру, мәдениетті уағыздау, еңбек етуге үндеу. Ақын халықтың қараңғылық, енжарлық, кәсіпке марғаулық сияқты кемшіліктерден арылуға шақырды. «Қазағым елім, Қайқайып белің, Сынуға тұр таянып, қамауда жанып, аш көзіңді оянып, қанған жоқ па әлі ұйқың, ұйықтайтын не сиқың!», - дейді ақын. Қазақ халқы үшін ең ауыр қасірет – отаршылық езгі А.Байтұрсынов поэзиясының басты идеясына айналды.

Ахмет Байтұрсынов

Ахмет Байтұрсынов мұрасының негізгі арналарына тоқталсақ, қалай да халықты ояту, оның санасына, жүрегіне, сезіміне әсер ету жолдарын іздеген ақын, айналып келгенде, Ұлы Абай тапқан соқпақ – орыс әдебиеті үлгілерін пайдалану, аударма жасау дәстүріне мойын бұрады. Бұрынғы ескі ертегі, хикая үлгілері емес, енді жаңа өлеңдік форма – мысал арқылы көшпелі елдің жақсы білетін стихиясы – жан-жануар өмірінен алынатын шығармалар арқылы әлеуметтік ойға ықпал ету мақсатымен Иван Андреевич Крылов (1768- 1844) туындыларын аударып, «Қырық мысал» деген атпен 1909 жылы Петербургте бастырып шығарады.

Бір жағынан қызықты форма, екінші жағынан ұғымды идея, үшінші жағынан қазақ тұрмысына ет-жақын суреттер ұласа келіп, бұл өлеңдерді халықтың төл дүниесіндей етіп жіберді.

Жүк алды Шаян, шортан, Аққу бір күн,
Жегіліп тартты үшеуі дүркін – дүркін,
Тартады Аққу көкке, Шаян – кейін,
Жұлқиды суға қарай Шортан шіркін.

Аудармада мін жоқ, мүдірмей, тұттықпай, есіліп – төгіліп тұр. Енді кезең оқырманына қатысты жаңа ой, соны пікір, толғаулы сөзді ақын өз жанынан қосады.

Жігіттер, мұнан ғибрат алмай болмас,
Әуелі бірлік керек болса жолдас.
Бірінің айтқанына бірің көнбей,
Істеген ынтымақсыз ісің оңбас, -

деп елді тұтастық, ынтымақ жалауының астына шақырады.

Әр түрлі аңдар, әр түрлі адамдар кейпінен хабар беріп, ишара тұжырым жасалады. Кісілердің мінезі, өмір ағысы, тағдыр сабағы, заман қабағына қатысты көптеген жайттарды, әсіресе патша отаршыларының зорлық-зомбылығы, жуандар мен байлардың тепкісі, елдің азып-тозуына байланысты сарындарды Ахмет Байтұрсынов жұмбақтап, тұспалдап жеткізеді, кейде ашық, дәл айтылатын ойлар да бар:

Қасқырдың зорлық болды еткен ісі,
Ойлаймын: оны мақтар шықпас кісі.
Нашарды талай адам талап жеп жүр,
Бөріден артық дейміз оның несі.

Алуан-алуан ойға жетелейтін «Қайырымды түлкі», «Ала қойлар», «Үлес», «Ат пен Есек», мысалдарында әлеуметтік-қоғамдық жағдайды меңзейтін оқиғалар, адамдар психологиясымен сарындас әуездер, тағылымды, ғибратты тұжырымдар мол орын алған. Аудармашы негізгі түпнұсқа тексіне орайластырып, көркем ойға ой, суретке сурет қосып, пікірді ұштап, жаңа сарын-әуез қосып жеткізеді.

«Маса» кітабына енген өлеңдерде жеке бастың мұң-шері, тұрмыс-салт суреті емес, негізінен әлеуметтік, қоғамдық ойлар, азаматтық идеялар айтылады. Өзін-өзі күйттеген, байлық үшін, маңсап үшін ар-абыройын сатқан, «жақсылығы өз басынан артылмаған», «бос белбеу», «босаң туған бозбала», «бір тойғанын ар қылмаған шалдар», «қайырсыз кеше сараң байлар» сыналды. «Туысыма», «Досыма хат», «Қазақ қалпы», «Көк есектерге», «Жұртыма», «Қарқаралы қаласына» өлеңдерінде ұлы Абай сатирасын еске түсіретін сарындар, образдар бар. Ал «Анама хат», «Жауға түскен жан сөзі», жырлары қорлыққа, зорлық-зомбылыққа мойымаған, бостандық, еркіндік жолында баріне көнген қайратты ерлер тұлғасын мүсіндейді. «Масада» Пушкиннен аударылған «Қыздыр дейсің мәжілісті, жандыр дейсің», «Ат», «Балықшы мен балық», «Алтын этеш», Крыловтан аударылған «Сорлы болған мұжық», «Қаздар» шығармалары да берілген.

Ел тағдырының келешегіне алаңдаулы ақын көп қырлы істерімен, даналық саясатымен қазақ жастарының рухани көсемі болды. А.Байтұрсыновтың «Қазақтың бас ақыны» деген көлемді мақаласында - әдебиеттану ғылымындағы алғашқы зерттеу еңбектердің бірі. Мақалада ұлы ақын Абайдың тарихи миссиясы, рухани болмысы, өлеңдерінің ұлттық сөз өнеріндегі маңызы, көркемдік-эстетикалық сипаты баяндалды. «Не нәрсе жайынан жазса да Абай түбірін, тамырын, ішкі сырын, қасиетін қармай жазады... Сөзінің бәрі де халыққа тіреліп, оқушылардың біліміне сын болып табылады» деп жазды. Ол Абай өлеңдерінің даралығын, «сөзі аз, мағынасы көп, тереңдігін», сыншылдығын ұғындырды.

Оның «Әдебиет танытқышы» деген зерттеуі (1926) қазақ тіліндегі тұңғыш іргелі ғылыми-теориялық еңбек. А.Байтұрсынов әдебиет тарихына, теориясы мен сынына, методологиясына тұңғыш рет тиянақты анықтама беріп, қазақ әдебиеттану ғылымының жүйесін жасады. Халық тілінің бай қоры көзінен мағынасы терең, ұғымдық аясы кең сөздерді термин етіп алып, соның негізінде

қазақ әдебиетінің барлық жанрлық формаларын топтап, жіктеп берді. Мысалы сөз өнері, шығарма, ауыз әдебиеті, толғау, т.б. ғылыми-теориялық еңбекке қазақ әдебиетінің негізгі бейнесі, мазмұны мен мағынасы терең шығармаларын мысал ретінде пайдаланды.

«Әдебиет танытқыш» сан-саналы әдебиет табиғатын жан-жақты ашып, талдап түсіндірген ғылыми зерттеу. А.Байтұрсынов «Әдебиет танытқышымен» қазақ әдебиеттану ғылымының негізін салды. Сондай-ақ ол - әдебиет тарихының мұрасын, ауыз әдебиеті үлгілерін жинақтаған зерттеуші ғалым. Көркемдігі айрықша «Ер Сайын» жыры (1923) мен қазақ тарихының төрт жүз жылын қамтитын «23 жоқтау» жинаған (1926) кітап етіп шығарды.

Ахмет Байтұрсынов – қазақ кәсіби журналистикасын қалыптастырған ірі қайраткер. Ол қазақ халқына зиялы қауымға газеттің қоғамдық қызметін ұғындырды, баспасөздің өркениетті, тәуелсіз елге аса қажет нәрсе екенін жанкешті іс-әрекетімен көрсетті [24]. Ахмет Байтұрсынов ұйымдастырып, бас редакторы болған «Қазақ» газеті халықтың рухын сергіткен ірі құбылысқа айналды. А.Байтұрсынов - әлеуметтік мәселелерге, қоғамдық ой-пікірге ықпал жасаған публицист.

Ол – қазақ ғылымының тарихында ұлттық әліпби жасап, жаңа үлгі ұсынған реформатор. А.Байтұрсынов әліпбиі қазақ тілінің табиғатына бейімделген араб жазуы негізінде жасалды. Бұл әліпби ұлттық жазудың қалыптасуындағы ірі мәдени жетістік болып табылады. Ахмет Байтұрсынов халыққа ғылым-білімнің қажеттігін түсіндірумен ғана шектелмей, білім беру ісін жолға қоюға күш салды. Орыс, татар мектептерін оқып шыққан ұлт мамандарының өз тілін қолданудағы кемшіліктерін көріп: «Әр жұрттың түрінде, тұтынған жолында, мінезінде қандай басқалық болса, тілінде де сондай басқалық болады.

Біздің жасынан не орысша не ноғайша оқыған бауырларымыз сөздің жүйесін, қисынын нағыз қазақшаға келтіріп жаза алмайды не жазса да қиындықпен жазады, себебі жасынан қазақша жазып дағдыланбаған» деп жазды. А.Байтұрсыновтың «Оқу құралы» (1912) қазақша жазылған тұңғыш әліппелердің бірі. Бұл әліппе оқытудың жаңа әдістері тұрғысынан өңделіп, 1925 жылға дейін бірнеше рет қайта басылды. «Оқу құралы» қазіргі әдістеме тұрғысынан әлі күнге дейін маңызды оқулық ретінде бағаланады [25]. А.Байтұрсынов қазақ мектептерінің мұқтаждығын өтеу мақсатында қазақ тілін пән ретінде үйрететін тұңғыш оқулықтар жазды. Оның үш бөлімнен тұратын «Тіл - құрал» атты оқулығының фонетикаға арналған бөлімі 1915 жылы, морфологияға арналған бөлімі 1914 жылы, синтаксис бөлімі 1916 жылдан бастап жарық көрді. «Тіл – құралы» қазақ тілінің тұңғыш оқулығы.

Оқулық қазіргі қазақ тілі оқулықтарының негізі болып қаланды. Сондай-ақ ол практикалық құрал ретінде «Тіл жұмсар», мұғалімдерге арналған «Баяншы» деген әдістемелік кітаптар жазды. Ол – қазақ тілін оқыту әдістемесінің іргетасын қалаған ғалым-ағартушы. А.Байтұрсынов оқулығындағы категорияларды ұғындыру мақсатында енгізген «сынау», «дағдыландыру» деген арнайы бөлімдер қазіргі заманғы әдістеме ғылымы үшін маңызын жойған жоқ. Ахмет Байтұрсынов қалдырған бай мұраның тағы бір саласы – көркем аударма. Ол орыс классиктерінің шығармаларын қазақ тілінде аударып, көркем

қазынаның бұл саласын байытуға мол үлес қосты. И.А.Крылов мысалдарының бір тобын қазақ тіліне аударып, «Қырық мысал» деген атпен жеке жинақ қылып бастырды. И.И.Хемницердің «Атпен есек», А.С.Пушкиннің «Балықшы мен бала», «Алтын әтеш», «Ат», «Данышпан Аликтің ажалы» шығармаларын, орыстың белгілі лирик ақыны С.Я.Надсонның өлеңін қазақ тіліне аударды.

А.Байтұрсынов тілші-ғалым ретінде қазақ тілінің табиғаты, өзгешеліктері, араб әліпбиінің жайы, терминдер, қазақ тілін оқыту әдістемесі туралы мақалалар жазды. 1926 жылы Бакуде болған түріктанушылардың 1-съезіне қатысып, «Түркі тілдеріндегі терминология жайлы» деген тақырыпта баяндама жасады. Ахмет Байтұрсынұлы қазақ балаларының ана тілінде сауатын ашуына көп күш жұмсады. Ол қазақ тіл білімін ХХ ғасырдың бас кезінде қалыптастырып, оның ірге тасын қалады. Араб графикасына негізделген қазақ жазуының реформаторы болды.

Ахмет Байтұрсынов қай салада жұмыс істесе де, саяси, ғылыми, әдеби, ұстаздық болсын, Қазақ елінің ұлттық мүдделерін қорғауды мақсат етті [26].

Міржақып Дулатов – ағартушы, ұлт мүддесі, тәуелсіздік жолындағы жалынды күрескер, Алаш қозғалысының қайраткері болған азамат. Осы жолда ақындық, жазушылық, аудармашылық, журналшылық қабілеттерін барынша пайдаланған. Қазіргі Қостанай облысының Сарықопа өңірінде туған. Алғашқыда ауыл мектебінде білім алған Міржақып 12 жасында Торғайдағы екі сыныптық орыс-қазақ училищесіне түседі.

1902 жылы педогогикалық курсты бітіріп М.Дулатұлы бала оқытумен айналысады. 1905 жылы революциялық дүмпу күндерінде ол Қарқаралы демонстранттар қатарында болады. Кейіннен Оралдағы қазақтардың конституциялық-демократиялық партиясы съезінің жұмысына қатысты. (1906), осы съезд делегаттары құрамында Петербургке барады. 1907 жылы «Серке» газетінің алғашқы нөміріне жарияланған «Жастар» атты өлеңінде ақының бірінші орыс революциялық бас көтеруінде басынан кешкен сезімдері суреттеледі. М. Дулатұлының ұлттық өлекелердегі патша саясатының сұрқиялығын әшкерелеген «Біздің міндетіміз» атты мақаласы «Серкенің» екінші нөміріне жарияланған. Осыдан соң бұл газетті шығаруға тиым салынды. М.Дулатұлының «Оян, қазақ» атты тұңғыш жыр жинағы 1909 жылы жарық көріп, ізінше тәркіленді. Ақын бір жарым жылын Семей түрмесінде өкізді. Алғашқы қазақ романы «Бақытсыз Жамалдың» авторы. Ол 1910 жылы жарық көрді.

Очерк, көсемсөз, мақала, кескіндеме, шағын әңгімелер арқылы Міржақып Дулатов қазақ журналшылығының, оның жанрларының да жетіліп, қалыптасуына үлес қосты. «Азамат» жинағы ақынның өз өлеңдерімен қатар, Ф.Шиллерден, А.С.Пушкиннен, Ғ.Тоқайдан, М.Ю.Лермантовтан жасаған аса көркем аудармаларды енгізген. М.Дулатұлының, Ш.Уәлиханов, А.Құнанбаев, А.Байтұрсынов туралы мақалалары, «Қазақтар мен қырғыздардың шығу тарихы» деп аталатын көлемді еңбегі, екі бөліктен тұратын «Қазақ кітаптарының библиографиялық көрсеткіші» т.б. туындылары нәзік эстетикалық тағылымымен ерекшеленеді. «Қазақ» газетінде А.Байтұрсыновпен бірге белсенді еңбек етті. М.Дулатұлы «Алаш» партиясының бағдарламасын

түзетушілердің бірі болды. 1918 жылдың аяғынан 1918 жылдың сәуіріне дейін М.Дулатұлы «Қазақ» газетін басқарды, «Алашорда» үкіметі жетекшілерінің бірі және оның Әскери кеңесінің мүшесі болды.

Зерттеушілер Міржақыптың «Қазақ қырғыздың ататегі» атты мақаласын жоғары бағалайды. Бұл зерттеуде қазақ тарихына қатысты өзге жұрттар жазбаларындағы ХҮІІІ-ХІХ ғасырлардағы ұшқыр, дәйексіз болжамдарды сынай отырып, «Д.Фердоусидің «Шахнамасындағы» қазақтар туралы мәліметтерге, қазақтар жайында Х ғасырдағы Вамбери пікіріне сүйене отырып, қазақ атауының тарихы ежелгі дәуірмен астасады деген пікірлерге тоқталады» [27].

20-жылдардың екінші жартысынан қазақ зиялыларын қуғындау басталады. М.Дулатұлы да тұтқындалып, 1930 жылы ату жазасына кесіледі. Бірақ бұл жаза 10 жыл түрмеге отырғызумен ауыстырылады. М.Дулатұлы Соловецк лагерінде 1935 жылы 5 қазанда көз жұмады. М.Дулатұлы «соқтықпалы, соқпақсыз» шығармашылық және ғұмырлық жолдан өтті. Соңына асыл мұра қалдырды. Оның шығармалары азаттық пароспен қатар, көркемдік шеберлігінің қуатымен ерекшеленді.

Мағжан Жұмабаев қазақтың ұлы ақыны, әдебиет зерттеушісі, ағартушы және аудармашы. Солтүстік Қазақстан облысының Булаев ауданында дүниеге келген. 1908-1909 жылдары ол Уфадағы Ғалия медресесінде оқиды, сосын 1917 жылы Омбы мұғалімдер гимназиясын тәмамдайды. Омбыда жүріп М.Жұмабаев «Бірлік» қоғамын құрушылардың бірі болады және осы қоғамның қолжазба журналы «Балапанға» редакторлық қызмет етеді. Осы кезеңде Мағжан «Алаш» партиясының облыстық комитетіне кіреді, бірақ тез арада оның қатарынан шығып кетеді.

Мағжан Қазақ-қырғыз білім комиссиясына мүшелікке сайланады. Мұхтар екеуі мәдени-ағарту бағытында «Талап» қоғамын құрды.

1913 жылы жарық көрген «Шолпан» атты жыр жинағы оның есімін көпшілікке кеңінен мәлім етті. Ақын көптеген өлеңдерінде халықтың ауыр тағдырын, қазақ әйелінің жіңішке жолын, патша шенеуніктерінің озбырлығын жырлайды. Ақынның бірқатар шығармалары тарихи тақырыпқа арналған. Ақын жаңа достар да іздеп тапты. Ш.Уалиханов, Г.Н.Потанин, В.В.Радлов тәрізді қазақ рухани қорын жинауға ат салысқан ғалым Әбубәкір Даевпен жүздесті. Ол Ә.Диваевтің «Тарту» атты фольклорлық жинағын басып шығаруға ат салысады.

1923 жылы күзде Мағжанның Мәскеу қаласындағы Жоғарғы әдеби-көркем институтқа оқуға түсуі сол кездегі Түркістан партия және мемлекет қайраткерлерінің, жалпы жұртшылығының ақынға деген ілтифатын көрсетсе керек. Мәскеуде Мағжан Жұмабаев төл туындыларынан жарияланғандардың бірі «Мажан. «Жүсіпхан» Кеңес Одағындағы елдердің кіндік баспасы. Мәскеу. 1928 жыл» деп аталды. Мағжан Совет өкіметінің қазақ ауылдарында жүргізген аса маңызды шараларын жүзеге асыруға білек сыбанып кірісті. Мұғалімдік курстарда сабақ беріп қана қойған жоқ Олар үшін әдістемелік құралар шығарды. Оқулықтар жазды. «Педагогика» кітабының екінші тақырыбы «Баланы тәрбие қылу жолдары» деп аталған.

Мағжан «Педагогика» кітабын мұғалімдер курсына оқыған дәрістерден құраған. Кітап негізінен он бес бөлімнен тұрды. Онда дене тәрбиесі мен рухани тәрбиенің мәселелері жан жақты терең қамтылады.

Кітапты ақын жазғандықтан, ол педагогика пәні шарасына сыймауға тиіс еді, солай болған да. Кітаптан кейде тіпті оқулық емес, көркем шығарма я публицистикалық шешен сөз оқып отырғандай әсер аласың. «Ұлтқа тілінен басқа қымбат нәрсе болмасқа тиісті», -деп жазды ол «Педагогика» оқулығында[28].

1925 жылдың аяқ шенінде Қазақстанда сауатсыздықты жою науқаны жаңа серпін алды. Хат таныматын бірде-бір коммунист, комсомол, кәсіподақ, қосшы мүшесі болмасын! – деп күнделікті баспасөз усті-үстіне дабыл ұрғылайды. «Бәріңіз де сауатсыздықты жою қоғамына көмекке келіңіздер» деген ұран ақын жүрегін әсем күйдей тербетті. Ол алдымен өз нысанасын белгілеп алды. Сонау «Шолпан» жинағындағы «Қарағым, оқу оқы, босқа жүрме» деп жар салғанын есіне түсірді. Ол Күншығыс кінді баспасы басшыларына барып, ұсыныс білдірді. Оқулықсыз ешқандай сауат аша алмайсың. Үлкендерге арнап оқулық жазу керек. Осы жауапты істі мойныма алып, жазуға отырсам қарсы болмасыңдар ма? – деді. Баспа басшылары бұл ұсынысты қуана қарсы алды.

Мағжан алдымен кітаптың құрылымын, жоспарын ойластырды. Оқулық қандай болу керек? Әуелі әріпті таныстыру жолымен одан соң, сөйлем құруға үйретуден бастау керектігі түсінікті. Кітаптың мұқабасына «Сауатты бол!» деген ұран іспетті тақырып қоймақшы.

Кітап үш тараудан тұратын болды. Әріп тану, сөз құрау – бірінші тарау. Екіншісі – саяси білім негіздерін таныстыру. Үшінші тарауда тұрмыс, шаруашылық саласынан бүгінгі заман деңгейін шолып өтуге арналса... Қала берді, протокол, өтініш, почтамен ақша жіберу тәртібін үйрету артық емес. Қазақ шаруасы сондай ұсақ-түйекке дейін білуге зәру. Қысқасы, қара дүрсін десең де, жан-жақты білім беретін кішігірім әмбебапқа ұқсас, миға тез тоқып алатын құрал жасалуы қажет болды.

Ол әріп танытқанда қазақтың өз өміріне тән түсініктерге жүгінді. Сонымен қатар ағартушылық мақсаттарды да ұмыт қалдырған жоқ. Сөз құрудың өзінде: барлық халық хат танып, сауатты болса, саналы болар, бұқара халық оқып өнерленсе, тұрмысы түзеледі деген сияқты пікірлерді оқушы құлағына алдымен құюды жөн көрді. Мағжан оқулығы Қазақстанда кең тарады. Әшейінде бір өлеңі баспа жүзін көрсе, бас салып етегінен жармаса түсетіндер бұл жолы үн шығармады. Мағжан түрмеге қамалатын 1929 жылға дейін оқулығы төрт рет, бұған дейін қазақта болып көрмеген тиражбен басылды. Соңғы рет «Сауатты бол!» оқулығы 1929 жылы «түзетіліп, төртінші басылуы» деген ескертумен шықты. Редакторы: Тоқтабайұлы Кәрім.

Мағжан оқулыққа жаңа тарау енгізді. Қазақтың жаңа грамматикасы енгізілуіне байланысты кітаптың аты латын және араб тілдерінде қайталанды. Оқулықтың соңғы бөлімінде латын әріпімен жазылған Қожанасыр әңгімелері мен мақал мәтелдер берілді, жаңа графиканың оқылуы араб жазуымен түсіндірілді, методикалық нұсқау берілді [29].

3. Қазақ зиялыларының ғылымдағы ролі.

Халқымыздың өз еркіндігі үшін күрес жолында мәңгі өлмейтін із қалдырған қайраткерлердің бірі - Әлихан Нұрмахамедұлы Бөкейханов.

Әлихан Нұрмахамедұлы 1866 жылы бұрынғы Семей облысы Қарқаралы уезі Тоқырауын болысының жетінші ауылында қазақ хандарының тікелей ұрпағы Нұрмахамедтің отбасында дүниеге келген.

Халықтың бай ауыз әдебиеті мен Шығыстың қисса-дастандарын жақсы білетін, ұлы Абайдың асқақ ойлы шығармалары мен оның талантты шәкірттерінің дастандарын жаттап өскен ортада бой түзеген Әлихан үш кластық бастауыш мектепті, уезд орталығындағы үш жылдық училищені, Омбы қаласындағы төрт жылдық техникалық училищені де ойдағыдай бітіреді. Өте жақсы оқуы және ерекше тәрбиелігі арқасында ол 1890 жылы Дала генерал губернаторы кеңесінің ұсыныс хатымен Санкт-Петербург Императорлық орман институтына түседі.

Оқуын ойдағыдай бітіріп, ормантанушы ғалым, эконоамист мамандығын алған Әлихан Бөкейханов Омбыға оралып, осында 14 жыл тұрады, қаланың қоғамдық өміріне қызу араласып, осындағы прогресшіл, демократиялық ұстанымдағы зиялы қауыммен қауышады. Қазақ халқының аса бір маңызды тарихи кезеңінде саяси сахнаға шыққан Әлихан Бөкейханов ұлтының санасын оятуға айрықша әсер етті, оның әлеуметтік саяси өміріндегі бұрын соңды болмаған ерекше жаңалықтардың, тағдырлы оқиғалардың басы қасында болды, оны ұйымдастырды, оған жетекшілік жасады.

Алаш қозғалысы өзінің саяси топ басшылары, қозғаушы күші мен алдына қойған мақсаты жағынан қазақ тарихындағы қозғалыстардың ең маңыздысы әрі жоғары деңгейде ұйымдасқаны еді. Ол отарлық саясаттың езгісіне, оның садарынан туындаған қоғамдағы өктемдік пен әділетсіздікке қарсы шыққан қазақ халқының жаңаша түрдегі ұйымдасқан іс-әрекеті, кезеңге сай ұлттық сананың оянуының қоғамдық көрінісі болатын.

Алаш қозғалысының бұрын-соңды болған басқа ұлт азаттық қозғалыстардан басты артықшылығы, жер жіне билік мәселесімен қатар, ұлттық болмыс пен құндылықтарды сақтау және оларды заман талабына сәйкес етіп бейімдеу мәселесін көздеуінде болды. Ол күрес жолында саяси демократиялық партия мен ұлттық дербес мемлекет ұру деңгейіне дейін көтерілді [30]. Әлихан Бөкейханов – қазақтың жаңа тұрпатты ұлт – азаттық қозғалысының көсемі. Алаш атына ие болған ақыл айтар көсемі де, оны тікелей ұйымдастырар жетекшісі де Әлихан Бөкейханов болды. Ол ұлтының азаттығын мақсат еткен жастарға: «Ұлтқа пайдалы адам болғыңыз келсе, бәрінен бұрын орыс өкіметінің атамекеніміздегі жер саясатын мұқият зерттеп үйренуге тырысыңыз. Сізге не істеу керектігін осы саясаттың өзі-ақ көрсетіп береді», - деп кеңес бергенді. Сол кездегі Әлихан Бөкейханов бастаған ұлт зиялылары патша үкіметінің отарлық саясатына ашықтан-ашық қарсы шығудың әзір ерте екенін түсінді. Сондықтан саяси ұстанымдылыққа барып, халықты алдымен қараңғылықтан шығарудың жолын іздеді. Ол қазақ халқының таяудағы жетістіктері – ана тіліне, дін мен сайлауға байланысты бостандық туралы мәселелерді көтрді.

Әлихан Нұрмұхамедұлы 1892 жылы Петербор Өркен шаруашылығы институтын бітірген соң Омбы қаласына қайта келіп, осы қаладаға Өркен шаруашылығы училищесіне математика пәнінен мұғалім болып, оқу-ағарту саласында қызмет жолын бастаған еді. Бұл кездерде болашақ қайраткердің ағартушылық саяси көзқарасының қалыптасу кезеңі болатын. Омбыда өткізген жылдарда Әлихан саяси сенімсіз деп жер аударылған ресейдің алдыңғы қатарлы зиялы интеллигенция өкілдерімен танысып, араласа бастайды. Әлихан институттың қабырғасында оқып жүргенде-ақ қазақ халқына отарлық езгінің ауыр тепкісіне түскен, туған халқының мұң-мұқтажын қорғап, отыршыл қайта әкімшілігінің іс-қаракетіне қарсы шыққан Омбы қаласындағы жасырын саяси ұйымдармен байланыс жасап, тәжірибе жинақтай бастады. Бұл кезеңдегі қазақ елінің саяси хал-ахуалы жан-жақты қатысудың титықтап, тегіне жеткен болатын Патша өкіметі ортарлау саяси елдің тек ішкі рухының, этикалық ерекшеліктері бірегейлен, басы-байлы, мүдделі аймаққа айналдыру жоспары алда тұрған болатын.

Осы арада Ә.Бөкейхановтың саяси қайраткер ретінде қалыптасуының рухани негіздеріне тоқталатын болсақ, біріншіден; Әлихан еркіндік пен бостандықты, теңдіктің жоғары бағалаған әулетте өсіп, тәрбиеленіп ержеткен еді. Оның арғы атасы Шыңғысханның ұрпағы әйгілігі Бірақ сұлтан Ақтабан шұбырынды заманында ешкімге де бас имей кеткен тұлға болатын. Ал ержеткен ортасы ұлы Абайдың шығармаларын, Мәди мен Нарманбет, Шортанбай, Шөже, Кемпірбай, Орынбай секілді күрескер әнші-композиторлардың (сазгерлердің) суырып салма ақын-жыраулардың азаттықты, бостандықты көздеген тамаша туындылармен сусындаған болатын.

Әлиханның сауатын ашып, қара тани бастағаннан кейінгі өскен жері Қоянды жәрмеңкесіне келген бүкіл Арқа қызықтыратын басын қосқан аты отызға айналған, аты шулы Қарқаралы өлкесі еді.

Әлихан Нұрмұхамедұлының осындай ортада тәрбиеленіп, өз дәуіріндегі қазақтың ұлы ойшылдары мен ақын-жырау, сал-серілерінің мұраларымен сусындап, нәр алып оның ағартушылық көзқарасының қалыптасуына әсер еткені сөзсіз еді. Қыр баласының (Әлиханның) Абай шығармалары мен қазақтың ауыз әдебиетінің алтын қорына жететін туындыларын «Қозы Көрпеш Баян Сұлу», Ертарғын, Алпамыс, Қобыланды, Ерсайын батыр жырларын өзі тәрбиелеген жастарға насихаттаулы кездейсоқ жағдай емес еді.

Әлихан Бөкейханов орман шаруашылығы училищесінде оқытушы болып жүрген кезде, қазақ жастарын ғылымның әр саласынан хабардар болып, өз халқының тарихына әдебиетіне ерекше назар аударып, ізденіп талаптанып білім алуды насихаттаған еді.

Әлихан Нұрмұхамедұлы Омбы қаласында өткізген жылдарында, патша өкіметі саяси сенімсіз деп қуғындап, жер аударған журналист Яков севастьяповтың әулетімен жиі араласып. Көздеген мақсат-мұраты мен пікірі бір Я.Севастьяповтың қызы Елизавета Яковлевнаға үйленеді.

Орыс, қазақ тіліне бірден жүйрік Әлихан Омбы қаласында шығатын «Иртыш», «Голос степи» сияқты шығатын газеттерде әр түрлі сол кездегі зәру

тақырыптарда өз мақалаларын жариялап, жастарға тәрбиелік мәні зор орыстың ақын-жазушыларының еңбектерін жариялаған болатын.

Әлихан Бөкейханов газетке жарияланған мақалаларында жастарды оқуға, білі алуға, ғылыммен айналысуға шақырады. Көшпелі мал шаруашылығымен қатар егін шаруашылығымен айналысуға, жерді пайдалануға насихаттады. Әлихан сонымен қатар орыстың мәдениеті мен әдебиеті, ғылым салаларындағы қол жеткізген табыстары мен жетістік-жаңалықтарын насихаттады.

Әлихан Бөкейханов сонымен бірге аудармашылық пен айналысып, Л.Н.Толстойдың «Война и мир», «Кавказский пленник», т.б. еңбектерін, ал қазақшадан орысшаға «Қажы-Мұхан», «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу», Абайдың шығармаларын аударып газет пен журналдарға бастырған еді.

Әлихан Нұрмұхамбетұлының ірі саяси, ағартушылық қайраткерлердің қалыптасуына озық ойлы Европа мен Ресей мәдениетінің ықпалынсыз мүмкін емес еді. Оның болашақ өмір жолын айқындауға, әсіресе ұлы Француз революциясы мен орыс азаттық қозғалысының орны ерекше болды. Әлихан газетке жазған мақаласында: «XVIII ғасырдан бері жарыққа шыққан таза пікір. Мұны майданға салған Францияның саяси қайраткерлері революционерлері болатын. Осы үш түрдің бәрі біздің шарйғаттан, інжелден, будда оқуымен Лев Николаевич Толстой философиясымен табылады, көзі ашық, көкірегі ояу, талаптанып ер азамат іздесе.»

Бұл үш ұрпақтан бөлек адам баласынан бақыт, махабатына жол жоқ, бұл жолдан шыға жатылған хайуандыққа қайтқан болады деп жазған еді.

Осы орайда Әлихан Бөкейхановтың революциялық, ағартушылық, гуманистік дәстүрлерді өз бойына сіңіртіп қана қоймай, бостандық, теңдік және туысқандық деген құдіретті сөздердің ұрығын өзі өскен ортаға, қазақ жастар арасына кеңінен тартқан еді.

Әлихан «Алыспаған, жолыспаған бостандық атынан мінбейді, бұғаудан босамайды. Ері құлдықтан, әйелі күндіктен шықпайды. Малына да, басына да ие болмайды» - деп ол туған халқын азаттық үшін күреске шақырды.

Патша өкіметінің отарлық езгісінде болған қазақ халқының ауыр халін түсіне бастауы ұлттық интелегенцияның нақты әрекетке көшуі 1905 жылғы орыс революциясымен тікелей байланысты болған еді.

Қазақ зиялылары революциялық, азаттық күреске шақырған манифестінен кейін қазақ халқының, жалпы ұлттық мүддені көздеген жұмыстарды ұйымдастырды, жалпы ұлттық мүддені көздеген жұмыстарды ұйымдастыруды, жалпы ұлттық газет шығару сол арқылы азаттық, ағартушылық идеяларды халыққа тарату, тіптен ел мүддесін қорғайтын саяси, Думанның мінбесін өз мақсаттарына пайдалану үшін жұмыстар жүргізген болатын.

Әлихан Нұрмұхамедұлының да ағартушылық жұмысының кең өріс алып, саяси өмірге белсене араласа бастауы осы кезеңге тұспа-тұс келген еді. Оның Семей облысы қазақтарының атына мемлекеттік Дума мүшесі болып сайлануы, қазақ кадеттері партиясын құруды көздеген жиналыстар өткізіп, Абай Құнанбаев шығармаларын Питерборда бастырып шығаруына күш салысуы, орыс тіліндегі басылымдарда «Товарищ», «Речь», «Слово» т.б. газет-

журналдарда патша билігін қазақ даласындағы әділетсіз отаршылдық саясатын әшкерлейтін мақалалардың жариялауы соның айғағы болатын. Әлиханның патша өкіметінің империялық саясатына қайшы келетін бұл қызметі жандармерия тарпынан ескерусіз қалған жоқ болатын. Әлиханды 1906 жылдары абақтыға отырып шыққан соң, заң орындарының ұйғарымы бойынша ішкі Самара қаласында жер аударып, сыртынан полицейлік бақылау қойған еді.

...Әлихан Бөкейханов Самара қаласында Мемлекеттік банкіде штаттан тыс қызметкер болып жүріп (1909-1916 жылы) көптеген «Слово Речь» газеттерінде өз мақалаларын жариялайды.

1905 жылы желтоқсанда Орал қаласында Қазақстанның бес облысының делегаттарының бас қосқан өзге де Қазақстандықтардың Конституциялық демократиялық партиясы құрылған болатын, Россияның кадеттер партиясын филиалы ретінде. Бұл партия өз программалық – бағдарламасын «Мысль» газетте жариялап бұл партияның көсемі Россиялық кадеттер партиясын Орталық Комитетінің мүшесі Әлихан Бөкейханов болып сайланған болатын.

Әлихан Нұрмұхамедұлы жаңа жағдайға байланысты күрестің жаңа түрлерін меңгеруге талпынған болатын. Әлихан 1910 жылы Орынбор қаласына саяси сенімсіз адам ретінде жер аударылған. Ахмет Байтұрсынов жалпы ұлттық газет шығару істі қолға алған еді.

1913 жылдан ақпан айында шыға бастаған «Қазақ» газеті өзінің биік өрісімен қараңғылықтан, надандықтың құрсауында жатқан қазақ елін, халқын ояту ісіне ағартушылық, саяси бағытта қызмет етумен бірге, өз кезегінде шығарушыларында ағартушылық, саяси кемелденуіне игі ықпалын тигізгендігі даусыз еді. Бүгінгі біз кезінде газет беттерінде жарық көрген Әлихан Бөкейхановтың түрлі зәру тақырыптарға арналған публицистикалық, ағартушылық және ғылыми мақалаларының тек қазақ тарихында ғана емес, Ресей империясы көлеміндегі ұлт-азаттық орын алатындығын мақтанышпен айта аламыз.

Әлихан Бөкейхановтың («Қыр баласы») жалпыұлттық «Қазақ» газет арқылы көрінген белсенді ағартушылық және публицистикалық қызметі орасан зор болатын. 1916 жылғы 25 маусымдағы патша өкіметінің «Майданға қара жұмысқа қазақ жастарын алу» туралы шығарған жарлығының кейінгі уақытта Әлихан мен оның серіктеріне жаңа міндеттер жүктеген еді.

Әлихан Бөкейханов бір топ қазақ интеллигенттері мен өз еріктерімен майдандағы тыл жұмыстарына жіберілген қазақ жігіттерінің артынан аттанған болатын. Олардың құрамында Әлиханның басқа Мыржақып Дулатов, мұғалім Мырзағазы Есболов, дәрігер Әубәкір Алдияров, студент Жамен Мұрынов және басқада қазақ зиягерлері бар еді. Олар Петерборға барып, әкімшілік-билік орындарымен жүргізілген келесі сөздерден кейін олар қазақ жұмыстарының ең көп шоғырланған жері Батыс майданға аттанып оның штабы орналасқан Минск қаласына келіп, қалалық одақтың «Буратино» бөлімін ұйымдастырды да, оны басқаруды Әлихан Нұрмұхамедұлы өз мойнына алған еді. Осы тұста қазақ интеллигенттерінің майдандағы жұмысшыларға көрсеткен ағартушылық, дәрігерлік және басқа да қызметі қазақтың ұлттық интеллигенция тарихының жарқын беттеріне жатады. Сондықтан да қазақ жастарына, жұмысшыларға

көрсеткен қызметтің басы - -қасында Әлиханның өзі ұйымдастырып өзі жүрген болатын, сол үшін де ол «Алаштың Әлиханы» деген құрметті атаққа ие болған еді.

Әлихан Бөкейхан басқа да қазақ интеллигенттері сияқты Ресейдегі ақпан революциясын үлкен құлшыныспен қарсалып, қазақ халқын ғасырлар бойы армандаған ұлттық теңдігіне қол жеткізеді, мүмкіндік туды деп түсінді.

Міне, ақпан революциясынан кейін Әлихан Бөкейханов уақытша өкіметтің саяси өміріне белсене араласқан еді. Уақытша өкімет патша өкіметі қол астындағы ұлттардың өзін-өзі билеу құқын мойындайтындығын ыңғай танып, жергілікті билікке сол халықтардың өз өкілдерінен адамдар алған болатын, 1917 жылы сәуірде Түркістан комитетінің мүшелігіне Қазақстаннан Әлихан Бөкейханов пен М.Тынышбаевтың енуі соның дәлелі еді. Әлихан Бөкейханов жаңа биліктің Торғай облысының комиссары болса, ал М.Тынышбаев Жетісу облысының комиссары болып, уақытша өкімет құлағанға дейінгі аралықта атқарған болатын.

Әлихан Бөкейханов Қазақстандағы негізгі мәселелердің бірі жер мәселесі деп есептеді. Ол бұл мәселеде достары да және жаулары да толық мойындаған ірі, білікті маман болды. Өкінішке орай, оның Қазақстандағы жер мәселесін шешуге байланысты дәлелді ұсыныстары уақытша өкімет түгілі, кеңес билігі тұсында да ескерусіз қалды.

Әлихан Бөкейхановтың «Қазақ» газетіне Алаш автономиясы байланысты мақаласында: «Былай деп көрсетті:» елдің тұрмысын, тілін, міндетін білмеген кісі көш басын алып жүре алмайды. Олай болса Ресейді бір орыстың билеймін дегенінде мағына жоқ. Ресейдің тілі өзге, тұрмысы, қаны басқа жұртқа автономия беру керек.

Оның пікірінше мемлекеттік дербестік ұлттық өркендеудің алғы шарты. Сондықтан да қазақты автономия қылсақ – деп жазды ол – Қараөткел Алаштын ортасы, сонда университет салып, қазақтың ұлын, қыздарын оқытсақ, «Қозы Көрпеш – Баян Сұлуды» шығарған Шоқан, Ыбырай, Абай, Ахмет, Міржақып, Мағжанды тапқан қазақтың кім екенін европа сонда білер еді-ау. Қазақ жұрты шындықты жырлап, махабатты құрметтеген. Мұндай жұрттың қатына келе шекте ұл туып тұр, сәйгүлігі байгіден келіп тұр! Қазақ халқы келе шекте кіммен болсада қатар отыруға ұялмады деп көрсеткен болатын. өмірді күрес деп түсінген Ә.Бөкейханов Алаш партиясын құруда осы мақсаттарды іске асыруды көздеген болатын.

Кеңес билігі тұсында Әлихан Бөкейханов туған елі үшін белсенді қызметтен бас тартқан емес. Өкінішке орай, Сталин басқарған жоғарғы билік революцияға дейінгі қазақ интеллигенциясына, оның белгілі лидері Ә.Бөкейханоқа сенімділік танытты, қоғамдық қызметін белгілі бір қалыпқа салып, шектеп отырды.

Әлихан Нұрмұхамедұлы соған қарамастан 1922 – 1927 жылдары Москва қаласындағы КСРО халықтарының орталық баспасында әдеби қызметкер болып жүріп, өз елінің, қазақ халқының рухани, қоғамдық ой - өрісінің өсуіне елеулі үлес қосқан еді. Осы жылдары Әлиханның қаламынан туған көптеген

кітаптар, аудармалары, түрлі тақырыптарға жазылған мақалалар соның айғағы еді.

Әлихан Бөкейханов КСРО халықтары орталық баспасында жүргізілген өзінің ғылыми және әдеби қызметі кезінде қазақтардың тілін, шаруашылығын және тұрмысын, әдет – ғұрпын өте терең білетіндігін көрсете білген.

Қазақтардың ас беру дәстүрі де Әлиханның назарынан тыс қалмаған. «Қазақ мерекелері ішінде ас беруді ерекше атауға болады. Ол кезде қазақтар маңайдағы танитын, танымайтын ауылдарға ат шаптырып шақырту жібереді. Ас беру кезінде бәйге, тағы басқа толып жатқан көңіл көрсететін ойындар мен жарыстар ұйымдастырылады. Қазақтар жыл санауды мүшеге бөліп есептейді. әр мүшел 12 жылдан тұрады, әр жыл белгісі бір жануардың, жәндіктің атымен аталады» - деп қазақша жыл қайыру жайынан да хабар беріп өтеді. Сонымен бірге Әлихан «Қазақтар көшпелі мал шаруашылығымен қатар отырықшы егіншілікке дейінгі әр түрлі шаруашылық түрін меңгерген» - дей келе отырықшы халық санының күннен-күнге өсіп келе жатқанын атап көрсетті. Әлихан көшпелілердің тұрмыс – тіршілігіне де тоқталып өтеді: «Мәңгі көшпенділердің тұрақты баспанасы, егістік жері, жем шөп қоры жоқ; тамақтары мал өнімдерінен жасалады: жазда қымыз бен сүт (ашыған, ұйыған т.б.) ішіп, сирекірек ет жейді: қыста негізінен ет, аздап сүт және жазда дайындалған ірімшік, құрт сияқты тағамдарды пайдаланады».

Әлихан Бөкейханов 1926 жылы Ленинград қаласында бастырған «Қазақтар» атты кітабында қазақ халқының антропологиялық типіне талдау жасаған. Әлихан: «Қазақтарды монғол және кавказ нәсілінің аралығындағы нәсілдей келіп:» бойы орташа, кең кеуделі, саусақтары қысқалау, денесі берік, семіруге бейімдеу (көбінесе қартайғанда), терісінің түсі аққұбаша – сарғыш, аяғы қисық (аттан түспей тірлік кешуден), басының формасы брахитцефалды, шашы қара, тікірек және қайратты, өте кеш ағарады, бет пішіні: ат жақты, қоңырқай түсті, жалпақ мұрынды, кешірек шығатын сұйық сақалды, қой көзді болып келеді. Даладағы тірлік қазақтарды өте шымыр, ыстық – суыққа бірдей төзімді етіп шынықтырған. Бұлшық еттері бұла күш, денеге түскен жараның тез жазылуы, шымырлық, мықты асқорту жүйесі, күшті есту қабілеті, қырандай көргіштік қасиет қазақтардың физикалық сипаттамасын осындай – деп көшпелі тірлікке әбден пісіп – қатқан халықтың мықтылығына нақты бағасын берген еді.

Қазақтардың бүкіл тірлігі көшіп – қонуға бейімденген. Өмір бойы тұрады, бірақ жұт кезінде барлық малдарынан айырылып қалу қаупі туады деп көшпелі қазақтардың тұрмысы ғана емес, ас –суына дейін назарынан тыс қалдырмаған.

Әлихан отырықшы қазақтардың шаруашылықты жүргізу тәсіліне тоқталып өткен: «отырықшы егіншілер өз егістіктерінің жанындағы үйлерде тұрады, ал жаз шыққанда ғана қолдарындағы малды тым алысқа ұзатпай, жайылымға шығарады. Олардың тағамдарында өсімдік ағы басым шелпек пен таба нан пісіріп, ұнға пайдаланып көже жасайды. Қияр, қарбыз, қауын, асқабақ сияқты көкөністерді тағанға жаратып, қымыз орнына бидай көже ішеді. Олардың тұрмысы көшпелі қазақтардан мүлде бөлек және орыс шаруасына көбірек келіңкірейді...» деп жазған болатын.

Әлихан Бөкейханов – революцияға дейінгі энциклопедияларда: «Ефрон», «Бронгауз-Ефрон», «Гранат», «Россия энциклопедия» т.б. «Киргизы» деп аталатын мақалалары жарияланған. әр энциклопедияда деректерді жаңартып, жаңалықтармен толықтырып отырған.

Әлихан Бөкейханов мақаласында негізінен қазақ хандығының құрылуы, қазақтардың шаруашылығы, мәдениеті, орыс-қазақ саяси дипломатиялық, сауда байланыстарына баяндаған еді.

Энциклопедияда қазақтарды Е.Пугачев бастаған шаруалар соғысына қатысу, Сырым Датов, кейін Есет Кәжібиров бастаған Кіші жүз қазақтарының көтерілісі туралы да деректер берілген. Сонымен бірге қазақ даласының әкімшілік-территориялық бөлінуі туралы дәл мәліметтер келтірілген болатын.

Әлихан Бөкейханов өз мақаласында қазақ тіліне, тіпті оның төркініне де назар аударды. «Қазақ тілі аглютинавті типтегі батыс-түрік тілдер тобына қарайды. Қазақтардың ата-бабалары ұйғыр алфавитімен жазған. Мұсылмандықтың таралуымен (XV ғас.) оны араб әліппесі ығыстырды» деп ақиқат төрелігін айтады. Әлихан қазақтың әдебиетіне де үлкен орын берген еді. Революцияға дейінгі жарық көрген көп томдық Әмбебап энциклопедиялардың соңғысы – «Үлкен энциклопедия». Бұл энциклопедияда 9 томында Әлиханның жарияланған «Кенесары Қасымов» атты мақалада оған «қазақтарда біріктіру мен азат ету мақсатындағы 1840 жылғы көтерілістің туын көтерген қазақ сұлтаны» - деп көрсетілген болатын. Осы энциклопедияның 745-749 беттерінде қазақтар туралы, қазақ халқының шығу тегі мен көне тарихы туралы көптеген тың деректер мен сол дәуір үшін жаңаша пайымдаулар келтірілген болатын. Мақалада қазақ, қырғыз, хақастар тарихы жөнінен сыр шертетін қызғылықты фактілер келтірілген еді.

Мақалада осы энциклопедияның шығыстану бөлімін басқарған Әлихан Бөкейхановтың – қазақтарға берілген анықтама, халқының саны, территориясы, рулық-тайпалық құрылымы туралы жаңалығы бар деректерді жариялаған.

Сонымен бірге энциклопедиядағы мақалаларда Әлихан «қазақтардың ұлттық киімі туралы: қазақтар кең шапан, бұтына кең-балақ шалбар, аяғына – қисық өкше етік, ал бастарына – тұмақ киеді» - деп, ал әйелдер үстеріне жұқа матадан тігілген кең көлек, ал оның сыртынан камзол киеді, жазды күні жиегіне біз кестелі өрнек түскен жаулық, қысқа бөрік киеді.

Әсіресе, «қалыңдықтың киімі әдемі-ақ: қалыңдық киген шошық бөріктің ұшынан (сәукеле) иыққа дейін жұқа мата төгіліп тұрады. мұндай бас киім көне ғасырлардан жеткен тас мүсіндерде жиі кездеседі.» - деп қалыңдық киетін сәукеле туралы тамсанып жазған ед. Әлихан «қазақтардың кәсіпшілігі шаруашылығы жайлы шешіле сыр шерте келіп:» қазақтардың киізі өзінің беріктігі жөнінен өз өңдеулі жағынан қалмақтар мен монғолдардан әлдеқайда шын түседі. Олар тоқитын жүн маталар орыс базарларында үлкен сұранысқа ие» деп қазақтар арасындағы мата тоқу ісін жақсы жолда екенін дәлелдей түседі.

Әлихан Бөкейханов қазақ халқының мінез құлын, өзін-өзі ұстау қасиеттерінде назарынан тыс қалдырған жоқ: «қазақтар тәкаппар, тапқыр, сауықшыл, шапшаң халық; тілі-шешен, оралымды, бейнелі, көңілді жүргенді

ұнатады, әңгіме – дүкен құрғанды ұнатады, сәуегелік айтып, өңбейтін іске араласуға онша құмар емес»- деп халықтың мінез-құлқын кәнігі тамыршыдай дәл айта білген. «Әйелдердің, қыздарының арасында Европалық талғам дәрежесінен шығатын сұлуларыда және кездеседі» - деп те жазған еді.

Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханов библиографияда Харузин, Левитин, Зеланд, Аристов, Ильминский, Радлов сияқты қазақ тарихы, әдебиеті мен өнерін зерттеуде соңына тамаша мұра қалдырған прогрессивті пікірдегі озық ойлы орыс ғалымдарының еңбектерін көрсеткен болатын.

Қорыта айтқанда, төңкеріске дейінгі жарық көрген орыс энциклопедияларында қазақтардың тарихы мәдениеті, әдебиеті мен өнерін ғана емес, олардың күнделікті тыныс-тіршілігіне, шаруашылығына, тұрмысына да назар аударып, оған ғылыми тұрғыдан баға берді. Бұл қазақтарды әлем халықтарына таныстыруда үлкен роль атқарды. Сол арқылы қазақтар туралы деректер шетел энциклопедияларында да жариялана бастаған еді. Әлихан Бөкейхановтың ағартушылық, ғылыми мұраларының, әр саланы қамтып, жаналықтар байыта түсті, кейінгі өсер ұрпақтарға осы ғылыми, әдеби мұралардың сусындауына мүмкіндіктер туғызған болатын.

Әлихан Бөкейханов – саяси, қоғам қайраткері, ғалым ғана емес, қазақ халқының тарихын мәдениетін, әдебиетін, экономикасын зерттеуде өзінің зор үлесін қосқан қазақтың ұлы ғалымдарының бірі болатын.

Алаштың саяси тобының алғашқы ізденістері нәтижесінде жасаған тұжырымы – қазақ қоғамын орта ғасырлық әлеуметтік-экономикалық мешуліктен алып шығатын батыстың буржуазиялық қатынас жолы еді. Олар халқының ұлттық ерекшеліктері мен дәстүрлі мәдениетін сақтай отырып, қазақ халқын Ресей мен Европаның озық мәдениетіне жеткізуді мақсат етті.

Әлихан Бөкейханов бұл бағытта рухани мәдениетке ерекше көңіл бөле отырып, оның басты белгісі жұртты жалпы оқытуға тарту, газет пен кітап шығару, ғылым арқылы ұлтқ жақсылық жол ашу деп жазды.

Әлихан Бөкейханов Шоқанның досы, қазақ халқының қамын әр кез есінде ұстаған атақты этнограф ғалым Григорий Потанин туралы мақаласында да қазақ өнер біліммен ғана басқа жұртпен тең болатынын айта келіп, Потаниннің мына ойын тегінен-тегін қайталаған жоқ еді: «Қазақты автономия қылсақ, Қараөткел Алаштың ортасы, сонда университет салып, қазақ ұлын, қызын оқытсақ, «Қозы-Көрпеш - Баянды» шығарған, Шоқан, Абай, Ахмет, Міржақыпты тапқан қазақтың кім екенін Европа нақты білер еді ...Қазақ жұрты келешекте кіммен болса да қатар отыруға ұялмайды».

1918 жылға дейінгі қазақ қоғамының саяси және рухани өмірінде аса үлкен рөл атқарған «Қазақ» газетінің ұйымдастырылуында және оның жалпы ұлттық деңгейге көтерілуінде Ә.Бөкейхановтың атқарған еңбегі аса зор. 1918 жылы шығуын тоқтатқанша «Қазақ» газеті Каспий теңізі мен Қытайға дейінгі ұлан-ғайыр аумақта орналасқан қазақтар арасында кең тараған және ел сүйіп оқитын басылым болды. Оның алғашында 3000-нан астам жаздырып алса, кейін, жабылар алдында оның таралымы 8000 жетті. 1913 жылдың ақпанынан шыға бастаған «Қазаққа» дейін жалпы ұлттық газет шығару әрекеті ілгері баспаған. Оның газет шығару ісіндегі мол тәжірибесі 1896-1907 жылдары «Степной

край», «Иртыш», «Омичь», «Голос степи» сияқты газеттерде істеуі, Мемлекеттік дума депутаты ретінде сол кезеңдегі Ресей жоғары билік орындарына жақын адамдармен тікелей таныс болуы «Қазақты» ұйымдастыруда аса зор роль атқарған жоқ. Газеттің алғашқы сандарынан бастап ол «қыр баласы» атты жамылғы есіммен мақалалар жазып, ең күрделі және өзекті мәселелер бойынша негізгі авторға айналды. Кеңес билігі тұсында да Ә.Бөкейханов туған елі үшін белсенді қызметтен бас тартқан жоқ [31].

Әлихан Бөкейханов Алаш қозғалысының көсемі ғана емес, осы қозғалыстың шығу тарихын да алғаш зерттеген, терең білген ірі ғалым болды. Ол өзінің «Қазақ өлкесінің тарихи тағдыры және оның мәдени жетістіктері» және «Қазақтар» сияқты монографиялық, т.б. еңбектерінде ұлтының этногенезін, жүздік, рулық құрылымын жан-жақты көрсете отырып, халқының Ресейге қарағаннан кейінгі саяси-әлеуметтік, мәдени-рухани жағдайларын егжей тегжейлі зерттеп, отарлау саясатының тууы, дамуы мен зардаптарын барынша терең аша білді.

Әлихан Бөкейханов қазақтың аса көрнекті энциклопедист ғалым еді, ол қазақ өлкетануының негізін қалаушы, бірқатар фундаменталды ғылыми еңбектің, очерктің және Қазақстан тарихы, антропология, жер өңдеу, мал шаруашылығы, әдебиет және басқа да білім салалары бойынша ондаған мақалалар мен жазбалардың авторы. Ол императорлық орыс географиялық қоғамының Батыс-Сібір бөлімінің нағыз мүшесі, 1902 жылдан ИГРО-ның реттеу комитетінің мүшесі, Мәскеу ауыл шаруашылығы қоғамы Омбы бөлімінің мүшесі, Ленинград мемлекеттік университетінің профессоры, ССРО Ғылым академиясы Айрықша комитетінің Қазақстан бойынша сарапшысы болған адам.

1894-1926 жылдар аралығында ол төрт түрлі ғылыми зерттеу жұмысына қатысқан: «Тобыл» экспедициясы, В.А. Щербинаның жетекшілігімен жасалған экспедициялар; С.П. Швецов басқарған статистика-экономикалық экспедиция; сондай-ақ ССРО Ғылым академиясының антропологиялық экспедициясы. Әлихан Бөкейханов академиктер С. П. Швецовпен, С. Ф. Ольденбургпен, А. С. Ферсман, С. И. Руденко секілді көптеген ғалымдармен достық қарым-қатынаста болған. «Жаңа энциклопедиялық сөздік» бойынша айтатын болсақ, басылымдардың тағдыры шын мәніндегі шығарушы редакторы болған Әлихан Бөкейхановтың тағдырына ұқсас болды.

Брокгауз бен Ефронның «Энциклопедиялық сөздігі» әлемдегі ең озық әмбебап энциклопедиялардың бірі деп саналатын. Ол сөздіктің өз заманында немістің «Брокгаузынан», француздың «Ларуссасынан» және ағылшынның «Британникасынан» кем түспегені былай тұрсын, тақырыптық ауқымының кеңдігімен және соңғы ғылыми мәліметтерді пайдалану тереңдігімен айрықшаланып, кей тұстарында озық тұрған [32]. 1908 жылдан және дәл сол 8-інші томына дейін бастап, 22-інші томына дейін Әлихан Бөкейхановтың өзі аталған энциклопедиясының редакциялық алқасының мүшесі болды.

Қазақ өлкесінің тікелей тағдырлы әлеуметтік-саяси мәселесіне айналған жер қазақтың алдыңғы қатарлы зиялы қауымына не істеу керектігін күн тәртібіне қойды. Бұл қазақ халқының әлеуметтік тағдырына қатысты күрделі де

өткір тақырыпқа Әлихан Бөкейханов үлкен дайындықпен келді. Ол Ресей империясының жер қатынастары мәселесіне теориялық және тәжірибелік жағынан терең меңгерген болатын. Бұған оның Мәскеуде алған терең білімі мен патшалық Ресейдің жер жөніндегі министрлігі 1896-1901 жылдары Ақмола, Семей және Торғай облыстарына қатысты 12 уезін қамтитын Ф. А. Шербина бастаған экспедиция жұмысына қатысып, көшпелі шаруашылықтың жер пайдалану әдіс-тәсілдері, аймақты этностық жағынан, географиялық ерекшеліктері мен тарихи даму тұрғысынан зертегені көп көмектесті.

Экспедиция қазақ даласының шаруашылығын жан-жақты зертеуге, тиісті жерлерді картаға түсіріп, орыс шаруашылығының қоныс аударуына байланысты ғылыми негіздемелер дайындап, нақты практикалық ұсыныстар әзірлеуге мүмкіндік берді. Әлихан Бөкейханов «Қазақ» газеті беттерінде жарияланған ғылыми негізі терең, дәлелі тиянақты публицистикалық мақалаларында қазақ оқырманына патшалық Ресейдің отаршыл аппаратының зорлығын, жасап жатқан айласын жан-жақты сынап, әшкерелеп, сол арқылы халықтың көзін ашып, әлеуметтік шындыққа жетеледі.

Патшалық әкімшілік тарапынан болып отырған әділетсіздікті көріп-біліп отырған ол: «Өстіп жұртты билеген патшалық бар ма екен? Біздің патшалық конституциялық емес пе, біздің патша қол астындағы адамның бәріне бірдейәділ емес пе? Біздің қазақ жерінен күнде көшіретіндей не жазып еді?», деп ашына жазады. Әр заманның өзіндік көкейтесті мәселелері болған. Әлихан Нұрмағанбетұлы мен оның серіктері өмір сүрген дәуірде қазақ қоғамы алдында тұрған ең өзекті мәселе – ұлттық теңдік, саяси бостандық еді [33].

Жақып Ақбаев 1876 жылы Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданында туған. Азаттық қозғалысына қатысушы, Қазақстанның қоғам қайраткері, құқық магистрі. 1886 жылы Жақып Қарқаралыдағы қазақ интернатына оқуға түседі. 1889 жылы Омбы гимназиясына алынады, сол жылы ол Томск гимназиясына ауыстырылады, оны 1898 жылы бітіріп шығады. Гимназияны бітіргеннен кейін Санкт-Петербург университетінің заң факультетіне түседі, оны 1903 жылы алтын медальмен бітіріп шығады. Үшінші курста Жақып Ақбаев онымен қатар Санкт-Петербург археология институтына түседі. Патша жағынан жасалған әділетсіздікті сынайды, отаршылдық саясатты айыптайды.

1903 жылы Жақып Ақбаев Омбы сот ведомствасындағы қызметін бастайды, 1904 жылы осы ведомствоның хатшысы болады, 1905 жылы бейбітшіл соттың қызметіне тағайындалады. Ресейдегі 1905-01907 жылдардағы революция Ақбаевтің саяси белсенділігінің оянуына жағдай жасады. Осы жылдары ол митттингілерде және жиналыстарда жиі шығып сөйлейді, Омбыдағы, Петропавлдағы, Семейдегі, Павлодардағы, Баянауыл мен Қарқаралыдағы демонстрацияларға қатысты. «Степной край» (Омбы) газетінде мақалаларымен көріне жүріп, самодержавиені, полицейлік күш көрсетуді, ченовниктердің алымшылдығын сынады, халықты патшалық отаршылдық саясатқа қарсы белсенді күреске шақырды.

1907 жыл ол ғылыми шығармашылығы жолындағы маңызды кезеңнің бірі болды. Осы жылы оның диссертациялық «Наброски по обычному, в частности, брачному праву киргизов» атты ғылыми еңбегі шығады. 1906-1918 жылдары

Ақбаев Семей округтік сотында қызмет етті. 1906 жылы мемлекеттік қылмысы – императордың арына тигені, сол кездегі құрылымға қарсы үгіт насихат жүргізгені үшін қамауға алынады. 1908 жылы Омбыға, онан әрі Якутияға жер аударылады. 1910 жылы патшаға қарсы үгіт жалғастырғаны үшін енді Тобылға жер аударылады. 1917 жылғы наурызда саяси ұрандар таратқаны үшін Уақытша үкімет оны қамауға алады. 1917 жылы Жақып Ақбаевты «Алашорда» үкіметіне мүше етіп сайлайды. 1917 жылы шілдеде Орынбор қаласындағы Бүкілқазақтық съезге қатыса жүріп, ол тұрақты әскер құру идеясын ұсынады. «Алашорда» үкіметіндегі қызметін тоқтатқанан кейін, 1918 жылы Жақып Ақбаев Қарқаралыдағы қазақ комитетін басқарады.

1919 жылғы 7 шілдеде Колчактың далалық әскери соты Ж.Ақбаевті әскери-казактық диктатурасымен атамандардың жауы ретінде, елді өздерін құлатуға дайындап, Кеңес өкіметін қайта орнатуға дайындаған деген кінәмен ату жазасына бұйырады. Онан аман қалғаннан кейін, 1919-1927 жылдары Семей облысындағы сот мекемелерін ұйымдастыруға белсенді қатысады, сонымен қатар, ол Семей губревкомының заң бөлімін басқарады.

Семей халық соты губерниялық кеңесінің мүшесі, адвокаттардың Сырдария округтік коллегиясының мүшесі болады. 1921-1924 жылдары Қарқаралы уездік халық ағарту бөлімінің инспекторы және халық фольклорын жинау жөніндегі комиссияның хатшысы болды. 1929 жылдың аяғында Жақып Ақбаев заңсыз репрессияның тізіміне ілікті, Воронежге жер аударылды, 1934 жылы денсаулығына байланысты мерзімінен бұрын босатылды.

Жақып Ақбаев қазақтардың әдеттегі құқығын, соның ішінде отбасы-неке құқығын зерттеді, мерзімді баспасөзде публицистикалық материалдарын жариялады [34].

Қазақ ойшылы, оқымысты, мемлекет және қоғам қайраткері Мұхамеджан Тынышбаев – 1879 жылы Талдықорған облысы, Қапал ауданында туылған. Қазақ педогогы, тарихшы және қоғам қайраткері.

Ол 1900 жылы Верный гимназиясын алтын медальмен тәмамдады, 1906 жылы Петербург транспорт инженерлі институтын бітірді. 1906 жылдан бастап Орта Азиядағы темір жол құрылысында инженер болып жұмыс істейді.

Россияда бой көрсеткен 1905-1907 жылдар қандыоқиғалары М.Тынышбаевтің дүниетанымына орасан әсер етті. Ол революциялық азаттық қозғалыстарына араласа бастады. 1905 жылдың аяғында Мұхамеджан Оралда өткен Қазақстанның бес облысының делегаттық съезінің жұмысына қатысады. Осы съезде болашақ «Алаш» партиясының сұлбасын құруға ниетжасалған болатын. 1907 жылы Мұхамеджан Тынышбайұлы Жетісу облысынан II Мемлекеттік Думаға депутат болып сайланды. Думада Мұхамеджан Тынышбайұлы патшаның отаршыл саясатына қарсы бағыт ұстанды. 1901-1918 жылдары М.Тынышбайұлы темір жолдың Урсатьев-Әндіжан бөлімшесіндебастық, бас инженер болып жұмыс істейді. Одан кейін ол Жетісу темір жол бөлімшесінің Арыс-Әулиеата құрылысын басқарады.

1916 жылы ол Жетісудағы ұлт-азаттық қозғалысқа қатысқаны үшін тұтқындалады. 1917 жылы Ақпан төңкерісінен кейін Мұхамеджан Тынышбаев Уақытша үкіметтің Түркістан комитетінің құрамына енеді, сөйтіп, Семей

облыстық комиссары дәрежесіне ие болады. Кейін ол Түркістандағы Қоқан автономиясының тізгінін ұстайды. 1917 жылдың желтоқсанында Мұхамеджан Тынышбайұлы «Алашорда» үкіметінің құрамына енеді. 1919 жылы Бүкілодақтық Атқару комитеті бұрынғы Алашордалықтарға кешірім жариялағаннан кейін, ол Түркістан өлкесінің Семей халық ағарту комиссариатында жауапты қызметтер атқарады. 1924 жылдан бастап Мұхамеджан Тынышбаев Қазақ педогогика институтында (қазіргі Абай атындағыАлМУ) оқытушы болып еңбек етті. 1926 жылы ол Тұрар Рысқұловтың ұсынуымен Түркісіб темір жол жобасы мен құрылымына қатысты.

1926-1927 жылдары Мұхамеджан Тынышбаев қазақ халқының тарихы мен шежірелері жөнінде бірқатар еңбектер жариялады. 1932 жылы ол Воронежге жер аударылады. 1933-1937 жылдар ол айдауда жүріп Москва-Донбас темір жол құрлысында жұмыс істейді. 1937 жылы елге оралады, бірақ көп уақыт өтпей-ақ қайтадан тұтқындалып, репрессия тұзағына түседі. Өлгеннен кейін ақталады. Мұхамеджан Тынышбайұлы – жоғары білімді қазақ зиялыларының жарқын жұлдыздарының бірі. Ол өз халқының дәуірлеуі үшін бар күш жігерін сарп етті. Осы жолда құрбан болды [35].

Мұстафа Шоқай Ақмешіт (қазіргі Қызылорда) қаласында 1890 жылы дүниеге келген. Ол бастауыш білімді ата-анасынан алады. Осыдан соң Ташкенттегі орыс гимназиясын және Петербург университетінің заң факультетін бітіреді. М.Шоқай Мемлекеттік Думаның Мұсылман фракциясы Саяси бюросында Түркістан халықтарының бірден-бір өкілі болады.

Мұстафа Шоқай - өз кезіндегі жалғыз азат Түрік елі туралы да бірнеше мақала жазған. «Түркістан Кеңес баспасөзі және Түркия республикасының 10 жылдығы», «Түркия және Ұлттар ұйымы», «Мәскеу және Түрік Коммунистік партиясы», «Большевиктердің Түркиямен «адал достығына » куә боларлық бір тарихи құжат», «Мен патриотпын» газеті «Түркия саясаты хақында» т.б. мақалаларында автордың түрік халқының азаттығына деген шынайы көзқарасын, Түркияның батыстың мәдениетімен демократиясы жолына түскеніне қуаныш көңілін аңғармау мүмкін емес. Түркия Республикасының Ұлттар Ұйымына мүше болуы – оның халықаралық жағдайын нығайтатын айрықша оқиға болды. Ал «Большевиктердің «Түрік достығы» атты мақаласында Кеңестік Ресейдің Түркияға байланысты саясаты, большевиктердің түрік ұлттық қозғалысын іштен іріту жолындағы іс-әрекеттері, Түркияның әлсіз жақтарын қапысыз пайдаланып қалу мақсаттан туындап отырған сөз болады.

Алайда Түркия халқының, ең алдымен, түрік қоғамының салауатты ұлттық негізге құрылуы, түрік халқының асқан ерлігі, жол бастаушыларының парасаты мен көрегендігі арқасында алған бағытынан таймай отырғандығы атап көрсетілді. Сондай-ақ «Түркия туралы большевиктердің екі басылымы» деген мақалада Мәскеу большевиктерінің Түркияға байланысты ұстанып отырған екі жақты саясатын әшкерелейді. Оның бірі – Кеңес үкіметі Түркияны өзінің саяси мақсатына пайдаланбақшы деген пікір келтірсе, екінші – түрік төңкерісін бұрмалап, оның мән мағынасын жоюға қызмет етеді дейді [34].

«Шығыс Түркістан мәселесі төңірегінде» «Қытайлар мен Кеңес үкіметінің Шығыс Түркістандағы достығы», «Шығыс Түркістан, сыртқы дүние және біз міндеттіміз» атты мақаласында ол Шығыс Түркістандағы ұлт азаттық күрестің барысы және оның сыртқы дүниемен байланысы, қарым-қатынасына арнайы тоқтам, Шығыс Түркістан халқының да, әлемнің басқа еркін, азат халықтары сияқты, өз тағдырын өзі айқындауын қалайды. Осы бір әділетті күресте көрсетіліп жатқан және көрсетілуі тиіс кез-келген көмекке ризашылығын танытады.

Ал «Қытайлар мен Кеңес үкіметінің Шығыс Түркістандағы достығы» атты мақаласында ол Шығыс Түркістан жөніндегі Қытай, Мәскеу саясатына тоқтала отырып, Мәскеудің бұл өлкенің ешқашан көргісі келмейтінін, қайта «кеңестендіруге» ұмтылып отырғаны туралы жазады.

Саяси күрестің от-жалынында шыныққан, өмір жолында сан түрлі, сан мінезді қайраткерлермен жолығып, кейде олардың кейбірулерімен айтысқа да түскен Мұстафа Шоқайдың саяси тұлғалар туралы айтқан ойлары да маңызды. Өзінің қайтыс болуына бес жыл қалғанда жазған «1936 жыл» деген мақаласындағы: «Жалпы ұлттың мүддесін жеке қожалықтар мен жеке топтардың мүддесінен жоғары қоя білген, өзінің белгілі бір түзімге белгілі бір себептермен қалыптасқан қатынасын, оған тәуелсіздігін жалпы ұлт мүддесі тұрғысына сәйкес, ұлттың жалпы жағдайына үйлесетін түзім жолында құрбан ете білген адамдар ғана нағыз нағыз ұлттық патриот және ұлтқа пайдалы қызметші бола алады», - деген-ді.

Бұл сөзді Мұстафа Шоқайдың өзіне арнауға да әбден болады. Сондай-ақ оның ойынша, саяси тұлғаға аса қажет қасиет – үміт, сенім, иман тәрізді рухани-моральдық факторлармен бірге, білімнің өзара тығыз бірлігі. Жәніске жету үшін осы аталған қасиеттермен қатар білім қуаты қажет. Осыларды игеріп қана ұлт азаттығы жолында жұдырықтай жұмылуға болады.

Сонымен қатар Мұстафа ұлт азаттығының басы-қасында жүрген саяси жетекшілерді қорғап қана қоймай, олардың беделін арттыруға күш салудың қажеттігін айтатын. Өйткені ұлттың тәуелсіздігі жолындағы күрескелерге отаршыл мемлекеттердің сан түрлі арандатушылық әрекеттеі болуы мүмкін.

Сөйтіп Мұстафа Шоқайдың : «Ұлтшылдық идеясы – халқымыздың жаны мен жүрегі. Ұлтымыз өмір сүрсе, ол да өмір сүреді», - деген асыл сөзі кешегі кеңестік кезеңде ұмыт болды. Соның нәтижесінде ұлтымыз үшін бүгін де, ертең де аса бір зиянды нәрсе – ол халқымыздың белгілі бөлігіндегі орнығып қалған ұлтсыздық санасы [36].

1929 жылдың желтоқсан айында Берлинде Мұстафа Шоқайдың ұйымдастырушылық және идеялық басшылығымен «Яш Түркістан» ай сайын шығатын журналдың алғашқы саны жарық көреді. Оны Польша президенті Ю. Пилсудский бастамасымен құрылған «Прометей» қоры қаржыландырады.

Түрік-шағатай тілінде араб қарпімен шығарылуы журналдың негізінен түрік-мұсылман халықтарына арналғанын аңғартады.

Алғашындағы көлемі 40 бет шамасындағы бұл басылым екі-үш айдардан ғана тұрды. Оның алғашқы санының «Саясат» бөлімінде «Біздің жолымыз», «Яш Түркістанның» редакциялық алқасы, М. Шоқайдың «Түркістандағы мақта

шаруашылығы төңірегіндегі күресі», «Әдебиет» бөлімінде қазақ ақыны Мағжан Жұмабаев пен өзбек ақыны Шолпанның өлеңдері, «Жаңалықтар» айдарымен Түркістаннан алынған хабарлар жарияланды.

«Яш Түркістанның» материалдары әлі күнге дейін әдіснамалық, фактологиялық тұрғыдан маңызын жоғалтпаған. Олардың ішінен Тимур ұғлының «Отырықшыландыру атырафында», «Алаш Орда», «Түркістанда аштық», А. Оқтайдың «Түркістандағы түрікшілдік», «Түркістанда сауатсыздықты жою жолдары қандай бағытта», Т. Шағатайдың «Түркістандағы қырғыннан соңғы көрініс», «Түркістанның жер байлықтары» деген, т.б. авторлардың терең мазмұндағы мақалаларын оқуға болады. «Яш Түркістан», Мұстафа Шоқайдың өзі бас болып, Орта Азия мен Қазақстандағы большевиктердің тіл саясаты туралы мәселені көтерді.

Журналдың беттеріне Мұстафа Шоқайдың жалпы қоғам дамуына, дүние жүзінде болып жатқан оқиғаларға және ұлт-азаттық қозғалысының формалары мен күрес тілдеріне, түрік халықтарының тарихы мен мәдениетіне арналған жүздеген мақалалары жарық көрді. Ол Түркістандықтардың елі мен жерін шексіз сүйеге, мақтан тұтуға шақырды, себебі атажұртын жанындай көретіндер ғана оның тәуелсіздігі үшін кресе алады деп түйді. Алғашқы күндерден бастап Мұстафа Шоқай журналда басылатын материалдардың шындыққа жанасатын толық сәйкестілігіне, мазмұны мен идеялық бағытына ерекше көңіл бөлді.

Мұстафа Шоқайдың «Яш Түркістанында» жарық көрген еңбектерінің өзегін Түркістанның Кеңес Одағынан бөлініп шығып, өз алдына дербес мемлекет құру мәселесі құрайды. Тәуелсіздік алғаннан кейін ел егемендігін көздің қарашығындай сақтауды, «отарлық ауруына шалдыққан» халықтың ана тілін, мәдениеті мен тарихын қалпына келтіруді, сыртқы саясатта барлық елдермен тең құқылы қарым-қатынас орнатуды, өзгемен «шексіз достықтың» опа бермейтіндігін өсиет етіп қалдырды.

Журнал Польшаның Шығыс институттарына, Лондондағы Мемлекеттік кітапханаға, кейбір араб елдеріне жіберіліп отырды.

«Яш Түркістан» Америка Құрама Штаттарының кітапханаларынан да орын алды. Мұстафа Шоқайдың «Түркістанда» деген мақаласында журналдың Орта Азия республикаларына да енгендігін көрсетеді. Мұны 1932 жылдың 13 қаңтарында «Правда Востока» (Ташкент) газетінде жарияланған мақала да дәлелдейді [37].

Мұстафа Шоқай - өз халқына деген шексіз сүйіспеншілігі мен айрықша адалдығын өз өмірінде, күрес үстінде сан рет дәлелдеген аяулы тұлға. Ол тар шеңбердегі ұлтжандылыққа еш уақытта бой алдырмаған, «ру, ұлыстарға бөлініп», халықтың ішіне ірткі салатын психологиядан өзі әркез алшақ ұстаған. Ел ішіндегі бірлігіміз бен ынтымағымызды арттыра тұсу бүгінгі Қазақстан жағдайында да айрықша мәнді болып отыр. Содай-ақ үлкенді –кіші көршімізбен тату-тәтті өмір сүріп, екі жаққа тиімді қарым-қатынас жасау да сыртқы саясатымыздағы маңызды сала. Мұны Орта Азия аймағында тұратын халықтардың барлығы тереңірек түсініп жатса, келешегіміз бұдан да жарқырай түсер еді.

Алайда Мұстафа Шоқайдың мол мұрасын әлі де жинақтап, жүйелі зерттей отырып, оны ұлт игілігіне айналдыру, жаңа қоғам құрып жатқан белсенді іс-әрекетімізде ұтымды пайдалана білу – біздің парызымыз әрі қарызымыз. Өйткені Мұстафа Шоқайдың есімі қоғамымыз демократиялық ұстанымда ілгері жылжыған сайын шамшырақтай жарқырап, халқына қызмет етіп, оның жер бетінде қазақ барда мәңгі өлмейтін саяси идеялары мен ой-пікірлері бүгінгімізді байытып, келешегімізді кемелдендіре түсері сөзсіз.

Бүкіл түркі әлемінің ұлы перзенті Мұстафа Шоқайдың еліміздің бүгінгі болашағына сіңірген теңдесіз жанқиярлық еңбегі, жалынды публицист, тамаша тарихшы, заңгер ғалым, халықаралық саяси күрескер ретіндегі қаламынан туған асыл мұралары әлі талай еңбектер жазылатынына сенім мол. Тарих қойнауына кеткен, әлі сырын аша қоймаған жаңа мұралар ортамызға оралар. [38]

Халел Досмұхамедұлы 1883 жылы сәуірдің соңғы күндері қазіргі Атырау облысы, Қызылқоға ауданындағы Тайсойған құмында дүниеге келген. 1894 жылы, он бір жасында Халел Орал қаласындағы әскери реальді училищенің дайындық класына қабылданып, онда орыс тілін тез меңгергенімен, зеректігімен танылады. 1902 жылы оны үздік бітіріп, тағы бір жыл дайындық класында оқып, 1903 жылы алыс астана – Петербордағы Императорлық Әскери-медициналық академияға латын тілінен қосымша емтихан тапсырып түседі. Халел Досмұхамедов Қазақстанда, Орта Азияда биология мен медицина ғылымдарының дамуына 1918-1920 жылдардан бастап үлкен үлес қосқан ғалым, маман дәрігер, ұстаз-педогог.

Ол 1909 жылы Санкт-Петербург Әскери-медицина академиясын бітіргеннен кейін, бес жылдай Орал казактары әскери бөлімшесінде әскери дәрігер, содан кейін сегіз жылдай Темір аймағында бөлімше дәрігері болып қызмет етеді. 1918 жылдан бастап өзінің алған білімін, іс тәжірибесін халықтың денсаулығын сақтау, ел арасындағы жұқпалы аурулардың алдын алу мәселесіне және мәдени ағарту жұмысына бағыштайды. Ол қазақ, қырғыз және өзбек елдерінде обаға қарсы күрес комиссиясын басқарып жүріп «Как бороться с чумой среди населения Киргизского края» деген еңбегін басып орыс тілінде жазып, 1918 (1-басылымы) және 1922 жылы (2-басылымы) Ташкенттен басылып шығады. Содан кейін «Оқушылардың саулығын сақтау» деген мектепке дейінгі балаларға арналған ғылыми-насихат кітапшасы 1923 жылы қазақ тілінде жарық көреді.

1918 жылы Жымпиты қаласында өткен Орал өңірі қазақтарының 4-съезінде Қазақстанның бүкіл батыс өңіріне ықпал етерлік ұлттық-территориялық құрылым – “Ойыл уәлаяты уақытша үкіметін” жариялауға қатысты. Сол жылы қыркүйек айының ортасында Кеңес өкіметіне қарсы күштердің Уфа директориясын жариялау мәжілісіне жиналған Алашорда қайраткерлері бұл құрылымды қолдап, оған “Алашорданың батыс бөлімшесі” деген ат берді. Осы кезеңде Халел Алашорданың атты әскерін ұйымдастырып, Самарадағы Комуч үкіметінен қару-жарақ алуға, Ұлттық банк ашуға, баспахана, “Еркін қазақ” газетін шығаруға көп еңбек сіңірді. 1920 жылы 21 тамызда Түркістан республикасы халық ағарту комиссариаты жанынан Түркістан халықтарының оқу-ағарту, мәдени һәм ғылыми мұқтаждарын өтеу

үшін арнайы ұйымдастырылған Білім комиссиясының мүшелігіне, кейін төрағалығына сайланды. Орта Азия (Түркістан) университеті медицина факультетінің хирургиялық емханасында ординатор, Түркістан денсаулық сақтау халық комиссариаты алқасының мүшесі және емдеу-санитарлық бөлімінің меңгерушісі болды. Орта Азия мемлекеттік баспа коллегиясының, кейін Қазақ мемлекеттік баспасы Шығыс бөлімінің меңгерушісі, Қазақ мемлекеттік баспа басқармасы меңгерушісінің орынбасары қызметтерін атқара жүріп, отандық ғылымның дамуына да мол үлес қосты. “Табиғаттану”, “Жануарлар”, “Адамның тін тірлігі”, “Оқушылардың саулығын сақтау”, “Дене бітімі және оның жұмысы туралы әңгімелер”, т.б. оқулықтар мен ғылыми еңбектер жазды. Ол қазақ халқының тілі мен әдебиетіне, тарихына қатысты материалдар жинақтап, тілдің дыбыс жүйесінің өзекті мәселесі – сингармонизм заңын зерттеді, “Қазақ-қырғыз тілдеріндегі сингармонизм заңы”, “Шернияз шешен”, “Алаш не сөз”, “Бұқарадағы Көгілташ медресесін салу туралы әпсана”, “Тіллә-Қары мен Ширдор медреселерін салғызған Жалаңтөс батыр шежіресі”, “Диуани лұғат ат-түрік”, “Кенесарының соңғы күндері”, “Қазақ әдебиетінің тарихы” сияқты, т.б. ғылыми-теориялық еңбектер жазып қалдырды. “Мұрат ақын сөзі”, “Исатай — Махамбет”, “Аламан” жинақтарын шығарды. 1924 жылы Ресей ҒА-ның Орталық өлкетану бюросының корреспондент-мүшесі болып сайланды, осы жылы Түркістан халық ағарту комиссариаты атынан Орынборда өткен қазақ білімпаздарының, Мәскеудегі Бүкілресейлік денсаулық сақтау қызметкерлерінің съездеріне қатысты. Қазақ педагогика институтының доценті, Қазақ мемлекеттік университетінің (қазіргі АлМУ) ұйымдастыру жөніндегі комиссияның төрағасы, Қазақ мемлекеттік университетінің әкімшілік-шаруашылық бөлімінің басшысы, осы оқу орнының профессоры болды. Халел Досмұхамедұлы 1920-1925 жылдары Ташкент халалық ағарту институтында оқытушы, Орта Азия университетінің медицина факультетінде ординатор, Түркістан республикалық ғылыми комиссиясының төрағасы қызметін атқарып жүріп, орыс ғылымдары қатарында қазақ студенттеріне арналған оқулықтар жазуға және биология медицина саласынан алғашқы қазақтың ғылыми аталымдарын (терминологиясын) жасауға кіріседі.

Орта Азия мемлекеттік университетінің медицина факультетінде адам анатомиясы мен физиологиясы пәндерінен оқыған дәрістері негізінде осы саладағы тұңғыш қазақша оқулық – «Тән тірлігі» деген кітабын жарыққа шығарады.

Кітаптың адам тәнін, оның тірлігі мен тазалықты үйретуде атқарар маңызы зор. Автордың пәннің мазмұнын баяндауда тіл шеберлігі, ойды төте, түсінікті етіп, өмірде күнделікті көріп жүрген заттарға теңеп айту тәсілдері өнеге аларлық.

Егер бұл кітап иесімен бірге ұзақ жылдар «абақтыда» болмағанда биология-медицина ғылымындағы төл анатомия мен физиология аталымдары осы кезге дейін бір жүйеге түсуге үлкен септігін тигізген болар еді.[39]

Халел Досмұхамедұлы сонымен бірге биология саласына да қазақтың тұңғыш ғылыми аталымдарын қалыптастырған, табиғаттану мен жануартанудан алғашқы оқулы жазған автор. 1922 жылы Ташкенттен басылып

шыққан «Табиғаттану» атты еңбегінде «Бұйым», «Ауа», «Су», «Жер», «Кен» және «Жер жүзінің өзгеруі» деген тақырыптар қарастырылған. Кітаптың екінші жартысында таразының түрлері, оның тең тастары, өлшегіштер, зертхана бұйымдары, кен қазу, мұнай шығару т.б. 47 сурет-бейне жеке жинақталып берілген.

Өмірінің соңғы кездерінде қудалауға түсіп, Воронеж қаласына жер аударылғаннан кейін де ол қаламын қолынан түсірмеді. «Қазақ оқушыларының өсіп дамуы» (1930), «Жаратылыстану терминологиясының орысша-қазақша сөздігі» (1931), «Жас пионерлер мен оқушылардың жазғы лагері» (1933) т.б. еңбектері автордың көзі тірісінде жарық көріп үлгерді.

Халел Досмұхамедұлының биология мен медицина саласында жазған ізашар еңбектері өз маңызын күні бүгінге дейін жойған жоқ. Жиырмамыншы жылдарда оқу-ағарту, мәдениет, техника саласында өзгеше бір серпіліс болған дәуірде, әсіресе жаппай ашылып жатқан мектептерге арнап түрлі пәндер бойынша оқулық жазу, пән атауларын ретке келтіру сияқты ауыр да абыройлы міндет сол кездегі әзиз ағалардың үлесіне тиген болатын. Олар кадрлардың тапшылығынан өз мамандықтары болмаса да психология, математика, педагогика, химия т.б. ғылым салаларына қатысты еңбектер жазып, ғылым мен оқу-ағарту ісін кең өріске алып шықты.

Міне, осылайша халықтың қамын ойлап, оның болашақ тағдыры туралы көп толғанған, әмбебаптығымен көзге түскен адамдардың қатарында қазақ ғылымының бастау қайнарында тұрып, ғылымға өзіндік соқпақ салған тұлға – Халел Досмұхамедов те бар еді [40].

Мамандығы дәрігер болса да оны тіл мәселесінің зерттеу проблемалары бей-жай қалдырмады. Өз ана тілін сүйіп, оған қамқоршы болам деп талпынған ұлтжанды ғалым тілдің қоғам өмірінде, оның ішінде ғылым-білім саласында атқарар рөлін жоғары бағалады. Қазақ тіліне қатысты туындыларының ішінде аса бір білімдарлықпен жазған еңбегі – «Қазақ қырғыз тіліндегі сингормонизм заңы» деген атпен 1924 жылы Ташкентте басылып шыққан кітапша.

Ғалым бұл еңбегінде қазақ тілінің ғасырлар бойы сақталып келе жатқан тіл заңы – сингормонизм мәселелерін сөз етеді. Түрік тілдерінің оның ішінде қазақ тілі тарихына қатысты материалдарды назардан тыс қалдырмай, қадағалап отырған ғалым атақты шығыстанушы М. Қашғаридың әйгілі «Диуани лұғат ат-түрік» атты еңбегінің тұңғыш зерттеушісі болғанын мақтанышпен айта аламыз.

Ғалымның осы тарихи ескерткішке арналған мақаласы 1923 жылы «Шолпан» журналында (№6-7-8) жарияланған. Осынау құнды кітаптың түрік халықтары үшін маңызын және аса қажетті екенін алғаш рет халқымызға таныстырған осы Халел Досмұхамедов болатын.

Сондай-ақ ғалымның «Самарқанд шаһарындағы Тілләқари және Ширдор медреселерін салғызушы Жалаңтөс батырдың шежіресі» атты және «Бұқардағы Көгілташ медресесін салу туралы әпсасы» атты көлемді зерттеулері біздің тарих ғылымында ерекше орын алады. Әсіресе, оның қолбасшы Жалаңтөс батырдың қазақ халқы тарихындағы ұмтылмастай орнын және оның ұрпақтарын түгелдей жіктеп көрсеткен еңбегі құнды.

Оның тарихымызды сөз еткен қыруар еңбегінің бір үлкен саласы халқымыздың ұлт-азаттық көтерілістеріне арналған. Қазақ халқы өзі сайлаған соңғы ханы Кенесары туралы ол жан-жақты зерттеу жүргізеді. 1923 жылы көптеген түсініктерді қоса отырып, «Кенесары Наурызбай» атты кітапты жарыққа шығарады.

Қазақстандағы ұлт-азаттық көтерілістерін Халел Досмұхамедұлы жан-жақты зерттейді. Ондай көтерілістің бәрі (тек Кенесарыдан басқасы) Кіші жүз жерінде болғанын көрсетеді [41].

Профессор Халел Досмұхамедұлының артында қалған мол мұраның бір тармағы – ауыз әдебиеті, фольклортану ғылымымен байланысты. Жиырманшы жылдардың басында Түркістан Кеңес Республикасының құрылуымен байланысты ұлтымыздың бір шоғыр зиялылары Ташкент қаласына келіп тұрақ табады. Бұлардың қатарында Т. Жүргенов, М. Әуезов, М. Тынышбаев, т.б. бар еді.

«Қазақ-қырғыз мәдениетін көркейту ниетіндегі» зиялылардың күш біріктіруімен Ташкентте дүниеге келген, төрағасы болып Халел Досмұхамедұлы сайланған «Талап» қоғамы мойнына алған көп міндеткерліктердің бірі – ауыз әдебиеті мұраларын жинау әрі бастыру болды.

Халелдің фольклортануға қосқан үлесін жаңалық, баспагерлік және зерттеушілік деген үш арнада қарастырған жөн. Оның жинақтаушылық жұмыстарының ішінде, әсіресе, «Мұрат ақын сөздері», «Аламан», «Исатай Махамбет» атты үш кітабы ерекше атап айтар еңбектер.

XIX ғасырдағы поэзиямыздың беделді өкілі – Мұрат Мөңкеұлының отты да көркем жыр жаухарлары Халелдің жинақтаушылық қызметі арқасында бізге жетіп отыр. Ғалым халқымыздың көшпелі салтты тұтынған дәуірде жазба әдебиетке қарағанда ауыз әдебиетінің мәнділігінің күштілігін баса айтады. Сондықтан халқымыздың ежелгі тарихын тереңірек танып, оның мінез-құлқын, ой-санасын жақсылап түсіндіру үшін ауыз әдебиетіне үңілу дұрыс деп пайымдайды.

Ғалым хатқа түсірген мол қазынаның ішінде көлемі жағынан шағын болса да тоқталып өтуді қажет ететіні – «Аруақтармен айтыс» атты тақырыппен 1923 жылы «Сана» журналының 2-ші санында жарияланған айтыс үлгісі [42].

Халел Досмұхамедұлы – қазақ фольклорын жинау және бастырып шығарумен шектеліп қалмай, оны жанрлық жағынан топтап, жүйелеуге үлес қосты. Ол халықтың ауыз әдебиеті мұраларын мазмұнына, атқаратын қызметіне қарап, 46 түрге топтастырады.

Ғалымның айтылмыш жүйеленуінде күні бүгінге дейін мәнін жоймаған, қазақ фольклор танушыларының басшылыққа алатын тұстары да аз емес. Ол фольклорлық қазынаны тек сөз өнері, өлең-жыр деп қана қарамай, кең аядағы тұрмыс-салт, діни наным-сеніммен астасып жатқан алуан сырлы жәдігерлік деп ұққан. Халел Досмұхамедұлы халық әдебиетіндегі авторлық мәселесіне де ден қояды.

Оның пайымдауынша, шығарма ауызша дүниеге келіп, ауызша сақталғандықтан, уақыт өте келе өзгеріске ұшырап, нұсқалары тарамдалып шығады. Халелдің авторы бар туындыларда дара сипаттан басқа, ұжымдық

шығармашылықты белгілі бір көрініс табады деген пікірі – ауыз әдебиетінің табиғатын дұрыс танудан туындаған ой.[43]

XX ғасырдың басында қазақ қоғамында өз халқының егеменді ел болуын көксеген Батыс Алашорда үкіметін құрушы азаматтың бірі – Жаһанша (кейбір деректеде Жаһаншаһ деп келтіріледі) Досмұхамедов.

Ол 1886 жылы Жымпиты (қазіргі Сырым) ауданының Бұлдырты елді мекенінде дүниеге келген.

Жаһанша Досмұхамедов 1896 жылы Орал қаласындағы реальдық әскери училищесіне түсіп, оны 1904 жылы үздік бітіреді. 1906 жылы белгілі қоғам қайраткері, заңгер Бақытжан Қаратаевтің ақылымен Санкт-Петербург университетінің заң факультетіне түсіп, бұл оқу орнында орыс және батыс ғалым-заңгерлерінің озық ойлы еңбектерімен танысып, қазақ тәрізді кереге биліктен азаттық-заңдық билік түріне көшудің аса қажет екендігін ұғынады.

1911 жылы Жаһанша Досмұхамедов Санкт-Петербург Императорлық университетінің заң факультетін үздік бітіргеннен кейін Оралға келіп, заңгерлік қызметке орналасады. Алайда, «Уральский листок» газетіне қазақ халқының бұрынан келе жатқан жер мәселесі туралы мақала жариялап, жерге қатысты ойын ашық айтқанынан сескенген Орал генерал-губернаторы оның қызметін ауыстырып, Том қаласына жібереді. Сөйтіп, Жаһанша 1911 жылдан 1917 жылдың ақпанына дейін Том қаласында әуелі адвокаттық қызмет, кейіннен Том округтік сот прокурорының орынбасары қызметін атқарады.

1917 жылғы Ресейдегі ақпан революциясынан кейін Жаһанша Досмұхамедов саяси белсенділік танытып, қоғамдық жұмыстарға араласа бастайды. Ол Уақытша Қазақ комитетінің арнайы шақыруымен Оралға келіп, 1917 жылдың 19-22 сәуірі аралығында өткен I Қазақ Орал облыстық съезіне қатысады. Ол осы съезде Мәскеуде өтетін I Бүкілресейлік мұсылман съезіне делегаттыққа сайланады.

1917 жылы 1-11 мамыр аралығында Мәскеуде өткен Бүкілресейлік мұсылман съезіне қазақ облыстарынан, Түркістан, Кавказ, Сібірден, Хиуа мен Бұқарадан және басқа да жерлерден 830 –ға тарта делегат қатысты. Батыстан Ж.Досмұхамедовпен бірге Х.Досмұхамедов, У.Ташанов, А.Теміров сияқты қазақ зиялылары қатысқан.

Бүкілресейлік мұсылман съезінде қаралған басты мәселе оқу-ағарту, жергілікті басқару, жер, дін, әйел, Ресейдің мемлекеттік құрлысы, Ресейлік мұсылмандар кеңесін құру болды.

13 мамырда Бүкілресейлік мұсылмандар Кеңесі жиналыс өткізіп, Жаһанша Досмұхамедовты Шура-и-Ислам комитеті төрағасының орынбасары етіп сайлады. Бүкілресейлік мұсылмандар Кеңесінің Атқару комитетінің құрамында Жаһаншамен бірге У.Танашев, К.Төгісов, Ғ.Ходжановтар болды.

1917 жылы 21-26 шілдеде Ж.Досмұхамедов Орынборда өткен I жалпықазақ съезіне Орал қазақтары атынан қатысты. Ж.Досмұхамедов басшылығымен өткен бұл съезге Ақмола, Семей, Торғай, Жетісу, Сырдария, Ферғана облыстары мен Ішкі Бөкей ордасынан өкілдер қатысты. Съезд Құрылтай жиналысына депутат сайлау мәселесін көтеріп, Орал мен Маңғышылақ облыстарынан сайланатын депутаттардың тізімін жариялады.

«Сарыарқа» газетінде жарияланған Орал облысы атынан Құрылтай жиналысына сайланған депутаттар тізімінде Ж.Досмұхамедов турасында: «Жаһанша Досмұхамедов - өзгеріске шейін Томск окружной сот товарищ прокурор еді. Өзгерістен кейін ол орнын тастап, халыққа қызмет етіп жүр. Бұл күнде, Петроградта Шура-и-Ислам ағзасы, социалист-революционер» делінсе, ал «Қазақ» газетінде: «Жаһанша Досмұхамедов – юрист, Петроградтағы Шура-и-Ислам ағзасы» деген мәліметтер келтіріледі [44].

Жаһанша Досмұхамедов Орынборда 5-13 желтоқсан аралығында өткен II жалпықазақ съезіне арнайы шақырылады. Бұл съезде «ұлттық автономия» мәселесі қарастырылып, осы мәселе төңірегінде екі топ құрылады. «Тез арада автономия жариялау» мәселесін көтерген 33 делегат арасында Ж.Досмұхамедов те бар. Ал бұл топқа «қарсы» топ арасында «Алаш» партиясын құрушы қазақ зиялылары Ә.Бөкейханов пен А.Байтұрсыновтар бар. М.Шоқай, А.Шегіровтар бұл мәселеге дауыс беруден қалыс қалды. Съезд шешімі бойынша Алашорданың халық кеңесінің мүшелігіне Жаһанша Досмұхамедовты сайлады.

Жаһанша Досмұхамедов 1918 жылы мамыр айында Жымпитыда өткен IV Орал облыстық съезінде төрағалық етіп, осы съезде «Ойыл уәлаяты» Уақытша үкіметінің төрағасы болып сайланады.

1918 жылы қыркүйекте Ж.Досмұхамедов Қазақ атқару комитеті атынан Колучке (Самарадағы Құрылтай жиналысы мүшелерінің комитеті) мүше болып кіреді. Сондай-ақ, 1918 жылдың 8-23 қыркүйек аралығында өткен Уфа кеңесіне қатысады. Жаһанша бастаған делегация «Ойыл уәлаятын» таратып, оның орнына Батыс Алашорда үкіметін құрады. Батыс Алашорда үкіметі Ойылға көшіріп, өзі Жымпитыда Қорғаныс комитетін құрады.

Батыс Алашорда жетекшілері Орал облысында орныққан Кеңес өкіметінің ықпалынан алыстап, дербес билікті сақтап қалуға тырысып, өздерінің большевиктерге беруін талап еткен шартына келіспей, тең құқылы қарым-қатынас орнатуға тырысты. Халел мен Жаһанша арасында кейбір істер жөнінде келіспеушіліктер болғанымен де, Алашорда үкіметінің Батыс бөлімшесін құруда екеуінің ойлары бір болып, ұлттық-аумақтық автономия құруда бірлесе күресті. Қызыл армияның революциялық комитеті дала жұртын Кеңес өкіметінің тәртібіне бағынуға шақырды. Алашорда Батыс бөлімінің төрағасы Жаһанша да қазақ халқын Кеңес өкіметін мойндау қажеттігін айтып, бір тәртіпке бағынуға шақырды.

1920 жылы 5 наурызда Алашорда үкіметінің Батыс бөлімі таратылып, оның мүшелеріне кешірім жасалып, олар қазақ даласынан оқшау жерлерге қызметке жіберілді. 1920 жылдың қыркүйегінде Жаһанша Бас тоқыма басқармасының жолдамасымен Түркістан Республикасы халық шаруашылығы Орталық кеңесінің жүн-жұртқа бөлімшесінің меңгерушісі қызметіне тағайындалып, Ташкент қаласына жіберіледі. Ол бұл қызметпен қоса Түркістан Республикасы Орталық атқару комитеті қазақ бөлімінің хатшысы міндетін де атқарады.

1922-1924 жылдар аралығында «Жаһанша Досмұхамедұлы Ташкенттегі мәдени ағарту «Талап» қоғамының тапсырмасымен қазақ тіліндегі алғашқы қылымыстық кодексті әзірлеп, қазақ халқының мәдениетін, тарихы мен салтын жастарға үйретуге қыруар жұмыстар жүргізеді. Ташкент қаласында құрылған

«Талап» қоғамының 103-ке тарта мүшесі болып, оны Халел Досмұхамедов басқарды. Қоғам мүшелері 1 жылға 120 сом көлемінде мүшелік жарна төлеуге, сондай-ақ, қазақ халқы мәдениетін дамытуда, жастарға ұлттық өнерді үйретуге, қазақ мектептеріндегі оқу-ісін қадағалап, қазақ тілінде арнайы оқулықтар шығаруға міндеттенді».

1927-1929 жылдар аралығында Ж.Досмұхамедов Қызылорда қаласындағы Қазақ ауылшаруашылық банкісіне заң кеңесшісі болып қызмет етті. Ал 1930 жылы Мәскеуге ауысып, «Скотовод» басқармасында аға эконоамист болып істеп жүрген кезінде тұтқындалып, «Кеңес үкіметіне қарсы әрекет жасады, астыртын ұйым құруға атсалысты» деген айыптармен Воронеж қаласына бес жыл мерзімге жер аударылады. Ақыры жоғарыда айтылған айыптармен ол 1938 жылы тағы да тұтқындалып, үштіктің шешімімен РСФКР ҚК 58-8, 58-10-баптары бойынша ату жазасына кесілді. Жаһанша 1989 жылы 16 мамырда Орал облыстық сотының шешімімен ақталады.

Жаһанша Досмұхамедовтың мемлекеттік және саяси қызметі ғасырлар бойы бодандық бұғауында күн кешкен қазақ жұртын дербес ел болуға, қазақ халқының әдебиетін, мәдениетін, ғылымын көтеруге арналғандықтан, оның өмір жолдарын саралап көрсету зор міндет [45].

Бақытжан Қаратаев- халқымыздың бостандығы мен ұлттық тәуелсіздігі, оның жарқын болашағы үшін аянбай күрескен ұлы даланың дарынды перзенті. Бар ғұмырын халқының мүддесі үшін сарп еткен ол өмірінің соңында болашақ ұрпақ үшін туған халқының басынан өткерген тарихын жазып, артына мол мұра қалдырды.

1931 жылы 16 тамызда Б. Қаратаев Орталық архив басқармасының ғылыми қызметкері болып тағайындалады. Басқарма Б.Қаратаевты, арнайы бағдарламасы бойынша, Қазақстанның 1916-1919 жылдар аралығындағы тарихын зерттеу мақсатында, Ақтөбе, Орал, Саратов, Орынбор қалаларына іссапарға жібереді. Ол іссапарда жүріп мұрағат, кітапхана қорларымен жұмыс жасап, халқымыздың тарихына қатысты құнды деректер жинайды.

Б. Қаратаевтың жан-жақты зерттеліп жазылған құнды еңбегі-«Обзор материалов из истории колонизации казахского края в связи с восстанием казахов Оренбургского края в 1869 году и в начале 1870-х годов». Патша өкіметінің саясатын әшкерелей жазған бұл еңбегін жазбас бұрын Халық ағарту комиссарының атына: «Восстание казахов в Уральской и Тургайской областях и адаевцев Мангишлакского полуострова в 1869 и в 1870 гг возникшее на почве недовольства введением тогда в действие царским правительством Временным положением 21 октября 1868г. В виде опыта сроком на 2 года, составляет в глубокой степени скорбные и печальные страницы истории казахского народа. Этим восстанием была охвачена почти вся Малая Орда, распространяясь на казахов даже Сыр-Дарьинской области и продолжаясь, как видно из данных Каз.Центрархива, вплоть до 1875 года. Поэтому оно представляет большой интерес для современного казахского поколения. Казахи поняли, что царское правительство, вводя Временное положение в степных областях, под лицемерной и лживой маской любви к казахскому народу, приступает к интенсивному угнетению их, к насильственному обезземлению их, к

нарушению всяких общественных отношений и общественной жизни, к подавлению самодеятельности и самостоятельности их. Поэтому, в процессе своей работы по собиранию материалов по истории казахского народа, я пришел к мысли, что я бы не прочь и даже желал бы составить попутно особую брошюру о восстании казахов в 1869 и 1870 годах.....и т.к некоторые моменты восстания известны мне, как очевидцу, а некоторые моменты его известны мне по моему знакомству с вождями мятежа и из беседы с ними»- деп, осы кезең тарихын жазу маңыздылығын баяндайды. Жалпы, патша өкіметінің ХІХ ғасыр соңы мен ХХ ғасыр басындағы озбырлық әрекеттері туралы сол замандағы көзі ашық, көкірегі ояу А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейханов, М.Сералин, М.Дулатов, М.Тышпаев, М.Шоқай, Ғ.Қарашев сияқты ұлт болашағы үшін, туған елінің, халқының азаттығы мен бостандығы үшін күрескен көптеген қазақ зиялылары империяның «солақай» саясатын ашық сынға ала баяндайтын өшпес мұралары көп.

Солардың қатарындағы есімі қазақ тарихында ерекше орын алатын, сөзі өткір, батыл мінезді Б. Қаратаев та еңбегінде «Уақытша ереженің» енгізілуін: «Вдруг Временное положение объявило казахам, что земли занимаемые казахскими кочевьями, признаются государственными и предоставляются в общественное пользование казахов. Это было для них ударом молнии в ясный день.....Сразу же почувствовалось, что они теперь как будто на чужой земле» - деп баға бере отырып, қазақ даласына әкелген зардаптары мен жерінен айырылған қазақтардың басына төнген ауыр жағдай мен шеккен қайғы-қасіретін ашық жазады [3, 186]. Бұл еңбегінде өзінің жастайында куә болған мына оқиғаны: «Қазақтар неліктен орыс шенеуніктері мен мекемелеріне келгенде жалған сөйлеуге және алдауға бейім деген сұраққа Арғын руындағы кішкене Шекті бөлімінің беделді қазағы, Шеген батырдың немересі Қорғанбек Бірімжанов 1886 жылы, менің Петербург университетінің студенті кезімде, Торғай облысының әскери губернаторы генерал-лейтенант Барабашқа менің көз алдымда былай деді: «Қазақ халқының даналығы айтады-егер сен орыс шенеунігіне шын көңілден, жүрегіңмен ақтарылып шындықты айтсаң-ол саған сенбейді, ал егер сен оған қиыстырып тұрып, шебер тілмен өтірік айтсаң-құлай сенеді»-деп есіне ала отырып, «Қорғанбек Бірімжановтың бұл сөздері ақиқат болғандықтан да, патша шенеунігінің бетіне түкірілген терең де ащы әжуаға толы қақырық еді»-деп империяға өшпенділігін білдіреді [4, 1776]. Ежелден қазақ халқының меншігінде болған жерлерді күштеп Ресей империясының мемлекеттік меншігіне айналдыру Қазақстандағы аграрлық қатынастардың шиеленісіп, халық көтерілісіне әкеп соқтырғандығын атап көрсетті.Бұл еңбегінде ХІХ ғасырдағы Қаратай ұрпақтарының тыныс-тіршілігі сөз болады.

Ал, Батыс Алаш зиялылары мен Алашорда үкіметін сынға ала жазған «Из истории Алаш-Орды» еңбегінен, кеңестік тұрғыда жазылса да, алаш қайраткерлерінің сол кезеңдегі қоғамдық-саяси қызметтері, іс-әрекеттері туралы танысуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, Б.Қаратаевтың артында қалған шығармашылық мұрасының біразын өзі көріп куә болған және өзі қатынасқан революциялық-саяси оқиғалар, яғни «К истории революционного движения в Уральской губернии», 1905-1907 жылғы бірінші орыс революциясы

тұсындағы Орал қаласындағы астыртын ұйымдардың қызметін баяндайтын бұл еңбекті зерттеуші М.Ысмағұлов Б.Қаратаевтың жазғандығын айтады.

1919 жылы Торғайдағы Ә.Жангельдиннің екінші жорығын бейнелейтін «Первый полководец казахских частей - А.Джангельдин», Орал қаласын орыс-казактардан азат етілуі туралы «Взятие города Уральска», «Гибель Чапаева» және т.б жөніндегі естелік жазбалар құрайды.

Б.Қаратаев ғылыми жұмыспен өмірінің соңында, яғни 70 жастан асқан шағында айналысты. Денесін ауру меңзеп, төсек тартып жатса да, «біздің ұзақ өмірден көргеніміз, естігеніміз, тарихи әдебиеттерден кейбір білгеніміз қағазға түсе берсе игі еді деген мақсат» санаған Б. Қаратаев өз естеліктерін, көзқарастарын парақтарға жазып қалдырған. Революциясы тұсындағы Орал қаласындағы астыртын ұйымдардың қызметін баяндайтын бұл еңбекті зерттеуші М.Ысмағұлов Б.Қаратаевтың жазғандығын айтады[2, 70б], 1919 жылы Торғайдағы Ә.Жангельдиннің екінші жорығын бейнелейтін «Первый полководец казахских частей - А.Джангельдин», Орал қаласын орыс-казактардан азат етілуі туралы «Взятие города Уральска», «Гибель Чапаева» және т.б жөніндегі естелік жазбалар құрайды. Б.Қаратаев ғылыми жұмыспен өмірінің соңында, яғни 70 жастан асқан шағында айналысты. Денесін ауру меңзеп, төсек тартып жатса да, «біздің ұзақ өмірден көргеніміз, естігеніміз, тарихи әдебиеттерден кейбір білгеніміз қағазға түсе берсе игі еді деген мақсат» санаған Б. Қаратаев өз естеліктерін, көзқарастарын парақтарға жазып қалдырған.

Мұхамбет-Салық Бабажанов (1834-1871) – туған халқы және оның ар-абыройы мен теңдігі үшін қайрат-жігерін аямаған, әділдік жолдан таймаған аяулы, білімді, зерделі азаматтардың бірі, публицист, ғалым-этнограф әрі экономист. Кеңес өкіметі кезінде мүлде атаусыз қалған М.Бабажанов есімі қазақ елі теңдік, азаттық алғаннан өз тұғырына қайта көтерілді.

М.Бабажанов – ХІХ ғасырдың орта кезінде Шоқанмен қатар шыққан белгілі ғалымдардың бірі. Ресей Географиялық қоғамына мүшелікке Шоқан мен Семенов-Тянь-Шанскийдің кепілдеме бергені оның ғалымдық дәрежесін айқындай түседі. Мұның сыртында ғылыми еңбектері үшін М.Бабажанов Ресей Географиялық қоғамының күміс медалімен Орта Азия және Қазақстан ғалымдары арасында тұңғыш алған қайраткер екенін де айтып өткен жөн. Ең алдымен айтар сөз сан қырлы саңлақ талант өз отанына, ел-жұртына деген ыстық та айнымас махаббатын ерекше қабілеті арқылы танытып та, дәлелдеп те берген ары биік, ойы терең, ақылы кемел азамат ретінде өмірден ерте өтті. Тағы бір ғажабы оның өмірі де, өнері де, өресі де, тіпті білім дәрежесі де Шоқанға өте ұқсас. Екеуі де текті атадан, екеуі де зиялы ортадан, екеуі де бір мектептен. Ең ақыры тағдыры да ұқсас болды, екеуі де өмірден ерте өтті.

Мұхамбет-Салықты ел-жұрты көбіне Салық деп қысқартып атаған. Ол 1834 жылы Бөкей ордасында қазіргі Орда ауданында туған. Әкесі Жәңгір ханның қайын атасы, Исатай, Махамбет көтерілісінде жиі атылатын Қарауылқожа Бабажанов. Салықтың анасының аты Жәмила, жұбайы Ғазиза атақты күйші Дәулеткерейдің қарындасы.

М.Бабажанов есімі белгілі Жәңгір ханның мектебін бітіріп және оның қамқорлығымен 1845 жылы М.Бекмұхамедов, Ж.Ниязов, М.Жантөриндермен бірге Орынбордағы Неплюев атындағы кадет корпусында оқыған 8 жастың бірі. Бұлардың бәрі де кейін ел алдында абыройлы қызмет атқарған алғашқы білімді қазақ азаматтарының қатарынан орын алды.

Салық жас кезінен-ақ өнер мен ғылымға өте құштар болып өсті де, кадет корпусының қабырғасында жүрген бала кезінен-ақ Орынбордағы белгілі шығыстанушы-ғалым В.Григорьевпен танысып алды. Талапты жастың талантын таныған үлкен ғалым оны үйіне шақырып, оған өзінің бай кітапханасының есігін ашып қойды. Сөйтіп Салық өз бетімен оқып әр салада жан-жақты білім алды. Орыс әдебиеті классиктерінің шығармаларымен танысты, оларды ден қоя оқыды. Орыс тілін де осы әдебиеттер арқылы жетік біліп алды. Ол Пушкин, Карамзин, Щербаков сияқты ақындар мен тарихшылардың еңбектерін оқыды.

Кадет корпусын аса зейінділігімен оқып, үлгілі-тәртібімен бітіріп көзге түскен ол 1851 жылы Орынбор қаласындағы Шекара комиссиясында жұмысқа орналасады. Бұл кезде ол небәрі 19 жастағы бала жігіт еді. Бірақ ол аталған жұмыста көп тұрақтай алмады. Оның себебі сол кездегі теңсіздік, әділетсіздік, патша әкімдерінің жергілікті халықтарға деген шектен тыс озбырлығы, Жайық бойын жайлаған казактардың мейрімсіздігі халықтың ашу-ызасын тудырған еді. Жас Салық халық жағына шықты, олардың сөзін сөйледі. Жәбірленушілердің арыз-шағымын жазып беріп, оның оң шешілуіне қолынан келгенінше жәрдем жасады. Оның бұл ісі әрине, патшаның астамшыл әкімдеріне ұнамады. Ақыры өтірік-шыны аралас дәлелдер тауып, Салықты жұмыстан қудырды, жер аударғаны, соңына аңдушы қойды. Дегенімен қайда жүрсе де өзінің білімімен, әділеттілігімен, азаматтық жолдан таймаған оның жақсы қасиеттерін таныған сол Орынбор Шекара комиссиясы оны Ішкі Бөкей ордасын басқару жөніндегі Уақытша Кеңестің кеңесшісі етіп тағайындайды.

Жоғарыда айтылғандай М.Бабажанов есімі оның Шекара комиссиясындағы қызметімен емес, түбегейлі ғылыми-шығармашылық еңбектерімен және халықшыл, әділ қасиеттерімен танылды. Белгілі этнограф ғалым В.Григорьев оны «...аса қабілетті және тамаша білімді адам» деп өте жоғары бағалаған.

М.Бабажановтың атын шығарған оның ғылыми-этнографиялық және публицистикалық шығармалары еді. Сегіз қырлы, бір сырлы ғалымның бұл еңбегі айрықша тоқталуды талап етеді. Қуғындағы кезінде де, бақытты кезінде де ол қаламын қолдан түсірмей, әділдік, шындық жолындағы өткір мақалаларын жариялап, күресін тоқтатқан жоқ. 1854 жылдан бастап Санкт-Петербурда, Орынборда және іргелес Астрахань губерниясында шығып тұратын «Северная пчела», «Санкт-Петербургские ведомости», «Деятельность», «Охота», «Волга», «Орыс географиялық қоғамының хабарлары мен жазбалары», «Этнографиялық жинақтар» сияқты газет-журналдарды жаздырып алып, оқыды және оларға мақалалар жазды.

М.Бабажанов заманы алғашқы қазақ зиялыларының туып, өсуі мен шетел және орыс саяхатшылары мен ғалымдарының қазақ өлкесін зерттей бастауымен тұтас келді. Орыстардың жергілікті халық өмірі мен тарихын, әдет-салтын

білмей жазған, көбінесе теріс пікірде құраған мағынасы тайыз мақалаларын оқыған ғалым қолына қалам алып, көптеген мәселелерді өзі жазды. Және білгірлікпен дәйекті түрде жазды. Оның бұл мақалалары жоғарыда аталған газет-журналдар кідіріссіз жариялап тұрды. Оның әсіресе «Қымыз туралы жаңалық», «Орал казак-орыстары мен Ішкі Орда қазақтарының айтысы», «Ішкі казак Ордасының жылқылары және оны бағу», «Нарын құмы жөніндегі мәліметтер», «Ішкі Бөкей ордасындағы аңшылық» деп аталатын мақалалары мен зерттеу еңбектері мән-маңызы өте жоғары еңбектер еді. Әсіресе, мұндағы жылқы, қымыз жөніндегі жазбалары күні бүгінге дейін құны жоғалмайтын дүниелер.

1860 жылы казак депутациясының құрамында Петерборға барды. Осы сапарында ол белгілі этнограф, шығыстанушы П.Небольсинмен, ұлы саяхатшы Семенов-Тянь-Шанскиймен жүздесіп, танысады. Атағы зор екі ғалым да жас казак ғалымын жақсы көріп, еңбегін бағалады. П.Небольсин «25 жаста. Келбетті. Ат жақты. Өңі қараторы, көзінің аясы үлкен, шашы қара, қалың. Бабажанов орыстың айшықты әдеби тілін жақсы меңгерген. Сөздері өткір, әрі көркем, әсіресе өзін толғандыратын мәселеге келгенде қызып кетіп, шешен сөйлейді... Әңгімелескен кезімде оны әсіресе екі мәселенің ерекше толғандыратынын байқадым. Оның бірі біздің бәрімізге ортақ кесел – біздің заңымыз және уездік сот қызметкерлерінің қылығы мен былығы болса, екіншісі надандыққа толы татар насихатының казак арасындағы зиянды кеселі және ешбір негізі жоқ соқыр сенімдер мен ескі аңыздарды құранға қосып халықты бұзып, аздыруы еді» деп жазды. Бұл үлкен ғалымның жас ғалымды тануы әрі берген бағасы еді.

Петербургқа барған казак депутациясы осы сапарында Эрмитажда, мұражайдарда, көркемсурет академиясында, Пулков обсерваториясында тағы басқа тарихи, мәдени орындарда болған. Шоқан Уәлиханов осы депутация құрамындағы Ғ.Есенбаев, А.Байғалин, М.Жантөрин, М.Бабажанов, Ә.Сейталиев, тағы басқаларды қонаққа шақырғанын депутация жетекшісі Л.Плотников «Русский вестник» журналында (1860 ж. №12, 263 бет) жазған. Қайтар жолында Мұхамбет-Салық Мәскеу шаһарына әдейі соғып Кремльде, Үлкен театрда, тағы басқа мәдени орындарда болған.

Тағы бір айтар сөз этнограф П.Небольсин аталған казак депутациясы туралы «Путешествующие киргизы» деген мақала жазып, казак даласынан келген адамдардың саналы істерін жоғары бағалайды. Осыны оқыған Орал казактарының мүшесі И.Железнов қарсы «Киргизомания» атты мақала жазып («Русский вестник» журналына 1860 ж) казактардың намысына тиетін сөздер айтады. Бұған назаланған М.Бабажанов аталған журналға И.Железновқа қарсы мақала жазып, қатты соққы береді. Оның шовинистік, пасық ойларын, надандық жазбасын айыптай отырып, кеудемсоқ казактардың ұрдажық, топастық келбеттерін айқын көрсетіп, бұлтартпас дәлелдермен әйгілеп береді.

Белгілі ғалым М.Бабажановтың жазған ғылыми еңбектері, табыстары айта берсек өте мол. Нарын құмынан табылған әйел мүсініндегі балбал тас үшін ол күміс медальға ие болды. «Заметки киргиза о киргизах» («Қазақтың казактар туралы жазбалары») 1861 жылы Санкт-Петербурда басылған. Сонымен бірге

ғалымның батыс қазақ жерінің кен байлығы, географиялық ерекшеліктері топономика, этнография, тарих саласындағы еңбектері де бар. Олардың көпшілігі М.Бабажановтың көзі тірісінде және дүниеден өткеннен кейін де жарияланған. Бір өкініштісі сол, оның баспасөздерге басылмаған еңбектері табылмай кеткен.

Артына көп мұра қалдырған М.Бабажанов туралы соңғы жылдары көптеген еңбектер жарық көрді.

ҚОРЫТЫНДЫ

XX ғасырдың 20-30 жылдары қазақ халқының тарихында аса бір азалы заман жылдар болғаны белгілі. Сонау зобалаң жылдары елдің ертеңін ойлаған ұлттық зиялылар «ұлтшыл», «жікшіл», «оңшыл» ретінде негізсіз айыпталды. Және осы жазықсыз жазаланған жандар ұлт зиялыларының алдыңғы қатарлы өкілдері еді.

Ұлт зиялылары деп кімдерді айтамыз. Бұл сауал жөнінде қазақ халқының ардақты азаматтарының бірі Мұстафа Шоқай: «Оқыған тәрбие көрген адамдардың бәрін зиялы деп атап, оны сол адам өзі тән болған ұлттың «ұлттық зиялысына» қоса беруге болады деп ойласақ, сөзсіз қателесеміз. Біздіңше, белгілі бір мұрат-мақсаттардың төңірегінде жиналған оқымыстыларды зиялылар зиялы деп айтуға болады. Ұлттық зиялылар қатарына тек өз халқының саяси, экономикалық және әлеуметтік дамуына қалтықсыз қызмет ете алатын адамдар ғана кіре алады» – деген болатын.

Сондықтан да, ұлттық зиялылардың міндеті ұлы да қасиетті болды. Олар мақсатқа жету жолының ауырлығына мойымай, туған халқының жарқын болашағы үшін еңбек етті.

Өз халқын оятуда зор рөл атқарған қазақ зиялыларының тамаша шоқ жұлдызы XX ғасырдың басына қарай нақ сол буыннан қалыптасты. Олар өз халқының отаршылдық буынынан азат, өркениетті, дербес және тәуелсіз жағдайда көруді армандады. Қазақ зиялыларының өкілдері патша өкіметін дала өңірінде білім беру ісін неғұрлым жедел жүргізгісі келмегендігі үшін сынады, ал өздері отандық ғылымды қалыптастырудың алғышарттарын жасауға ұмтылды. Қазақ зиялыларының көшбасшылары халықтың саяси жағынан көзін ашу үшін оның бойында білімге деген құлшынысын ояту, сауатсыздықты жою қажет екенін түсінді. Қазақ зиялыларының бүкіл қызметі осы мақсатқа арналды деуге болады.

Ұлттық «Қазақ», «Қазақстан» газеттерінің «Айқап», «Сарыарқа», «Абай» журналдары мен басқаларының беттерінде олар тек білім ғана өркениетті дүниеге жол ашады, қазақтардың ұлт ретінде сақталуына көмектеседі деп, қазақ халқын білім алуға шақырды. Тіл мен әдебиетті дамыту ерекше бөлініп көрсетілді. Қазақ зиялыларының көшбасшылары халықтың саяси жағынан көзін ашу үшін оның бойында білімге деген құлшынысын ояту, сауатсыздықты жою қажет екенін түсінді.

Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық және саяси өмірінде қарастырылып отырған кезеңде орын алған осы құбылыстар қазақ қоғамының қоғамдық санасындағы елеулі өзгерістерге әкеп соқтырды.

Мұндай елеулі өзгерістер ұлттық сана-сезімді оятуға жағдай жасады, қазақ қоғамында жаңа идеялардың, ой-пікірлер мен көзқарастардың қалыптасуын анықтап берді. Мәдениет тұрысынан алғанда, дәуірдің жаңалықтары ең алдымен еуропалық өркениетті, жаңа құндылықтарды бастапқыда әлеуметтік үстем тап өкілдерінің, адамдардың шағын тобының меңгеуі орын алғанынан көрінді.

XX ғасырдың басында, әсіресе бірінші орыс революциясы кезінде мерзімді баспасөз едәуір дамыды. Қазақ тілінде бірнеше бірнеше газеттер мен журналдар шығып тұрды, олардың көбі 3-4 нөмірі шыққаннан кейін саяси көзқарастарға байланысты жабылып қалып отырды, тек «Қазақ» газеті 1913 жылдың ақпанынан 1918 жылға дейін шығып тұрды. 1911-1915 жылдары шығып тұрған «Айқап» журналының қазақ мәдениетін қалыптастыру үшін маңызы зор болды. Журналдың бағыты айқын емес еді, көптеген мәселелерде ол ұсақ буржуазиялық айқындама ұстанды. Солай болғанымен оның қазақ әдебиеті мен қазақ әдеби тілінің дамуында атқарған ролі зор болды.

А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейханов, М.Дулатов, М.Жұмабаев және тағы басқалар кеңес мектебінің алғашқы оқулықтарын жазды. 20-жылдардың соңы мен 30-жылдарда жоғары білім беру ісінде едәуір табыстарға қол жеткізді.

Қазан төңкерісіне дейін бірде-бір жоғары кәсіптік білім беретін оқу орны болмаған өлкеде 1918-1920 жылдары Орынбор және Семейде халық ағарту институттары, және мерзімді үш жылдық жоғары үлгідегі техникумдар ашылды. 20 жылдардың бас кезінде Ресей географиялық қоғамының Орынбор, Түркістан, Семей және Ақтөбе бөлімдері жұмыс істеді.

1920 жылы құрылған Қазақстанды зерттеу қоғамы өлкенің экономикалық тарихын зерттеудің және жаратылыс ғылымының сол кездегі ірі орталықтарына айналды. А.Рязановтың, М.Тынышбаевтің, М.Дулатовтың ғылыми еңбектері жарық көрді.

Қоғамның жаратылыстану-география, этнография және тарих секцияларының жұмысына А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, А.Затаевич және т.б белсене қатысып өз еңбектерін жариялады. Қазақстанды зерттеу қоғамының Оралда, Петропавлда және Көкшетау қалаларында филиалдары жұмыс жасады.

Қазан төңкерісіне дейін қазақ әдебиетінің талантты өкілдері Ахмет Байтұрсыновтың, Мағжан Жұмабаевтің, Міржақып Дулатовтың және басқалардың шығармаларында жалпы адамзаттық құндылықтар мен гуманизм қағидалары көбірек жиналды.

20-жылдардың екінші жартысынан бастап қазақ әдебиеті қуғынға ұшырай бастайды. Қазақ поэзиясын тақырып пен пішін, мазмұн мен түр жағынан байытқан, сыршыл лирик ақын Мағжан Жұмабаев, қазақ әліпбиінің негізін салушы, белгілі тіл ғалымы Ахмет Байтұрсынов, алғаш қазақ романының авторы Міржақып Дулатов, қазақ әдебиетінде өзіндік қолтаңбасы бар Жүсіпбек Аймауытов, Абай мектебінің түлегі Шәкәрім Құдайбердіұлы және басқалар ескіні аңсаушылар мен ұлшылдар ретінде айыпталды. Сотсыз тергеусіз атылған Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов, Ахмет Байтұрсыновтар жалған айыппен қамауға алынып түрмелерде қаза тапты.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Мұстафа Шоқай. Таңдамалы шығармалар. 1 том. Алматы
2. «Қайнар» 2007ж
3. Чокаев.М. Туркестан под властью советов. Алма-Ата, 1993г
4. Ахмет Байтұрсынов. Шығармалары. 1том. Алматы «Жібек жолы» 2002ж
5. Шериаздан Елеукенов. Мағжан өмірі мен шығармашылығы. Алматы «Санат» 1995ж
6. Әлихан Бөкейханов. Шығармалар. Алматы «Қазақстан» 1994ж
7. Тайыр Мансұров. Нәзір Төреқұлов. Алматы «Қазақстан» 2007ж
8. Қазақстан тарихы 3 том. Алматы
9. Қазақ ССР энциклопедиясы. I том
10. Ағартушы Халел. Алматы «Арыс» 2004ж
11. Халел Досмұхамедұлы. Таңдамалы. Алматы, 2003ж
12. Қазақстан даму институты. Қазақтар. Тарихи тұлғалар 2том. Алматы, 1998ж
13. М. Жолдасбекұлы, Қ. Салғараұлы, А. Сейдімбек. Елтұтқа. Астана, 2001
14. Данагүл Махат. Қазақ зиялыларының қасіреті. Алматы, 2001ж
15. Бурабаев.М.С. Общественная мысль в Казахстане в 1917-1940 гг. Алма-Ата,1991
16. Зиманов.С, Идрисов.К.З. Общественно-политические взгляды Мухамеджана Сералина. Алма-Ата, 1983
17. Қойгелдиев.М.К. Тұтас Түркістан идеясы және Мұстафа Шоқайұлы. Алматы, 1997
18. Қозыбаев.М.К. Ақтаңдақтар ақиқаты. Алматы, 1992 ж
19. Асылбеков.М. Х, Сейтов.Э.Т. А.Букейхан – общественно-политический деятель и ученый. Алматы «Өркениет» 2003ж
20. Н.Ә.Назарбаев. Тарих толқынында. Алматы Атамұра 2003ж
21. Зарқын Тайшыбай. Мағжанның қызылжары.Астана, 2008 ж

Формат 60x84 1\12
Объем 63 стр., 5,25 печатных листа
Тираж 20 экз.
Отпечатано
В Редакционно- издательском отделе
КГУТиИ им.Ш.Есенова
г.Актау, 32мкр.